

З. Күзекова, Г. Масақова

# Қазақ тілі

ОРТА ДЕҢГЕЙ (B1)

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Астана, 2018

ӘОЖ 811.512.122  
КБЖ 81.2 Қаз-3  
Қ 92

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырмасы бойынша  
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға  
арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды

**Сарапшылар:**

**Ә. Оразалиева** - Назарбаев Университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы;

**М. Жолшаева** - Сүлейман Демирель атындағы университеттің профессоры, филология ғылымдарының докторы;

**С. Әлісжан** - Назарбаев Университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы.

**З. Күзекова, Г. Масақова**

**Қазақ тілі:** Орта деңгей (B1): Оқу құралы. – Астана: 2018. – 120 бет.

ISBN 978-601-7820-31-2

Қ 92 Ұсынылып отырған оқу құралы тілді оқып, үйренудің орта деңгейіне арналған. Оқу құралында грамматика қолданбалы сипатқа құрылды, функционалдық коммуникативтік бағытта жүйеленді. Оқу құралының негізгі мақсаты – тұрмыстық, әлеуметтік тақырыптардағы мәтіндер негізінде тіл үйренушілердің сөйлеу біліктілігін жаттығулар арқылы жетілдіру, лексикалық қорын, грамматикалық білік-дағдыларын қалыптастыру. Практикалық грамматика арқылы тілдік бірліктердің семантикалық, құрылымдық, функционалдық ерекшеліктерін меңгерту – оқу құралының негізгі ұстанымы болып табылады.

ӘОЖ 811.512.122

КБЖ 81.2 Қаз-3

# МАЗМҰНЫ

## Бірінші сабақ

6

<b>Мен тұратын қала</b>	Оқимыз, ойланамыз, талдаймыз. Сұхбаттар. Мәтінді оқимыз, талдаймыз. Сөз тіркестерінің мәтінде қолданысы.	1. Қозғалыс бағытының берілуі; 2. Анықтауыштық қатынастың берілуі; 3. Кеңістіктік қатынастың берілуі.
-------------------------	--	---

## Екінші сабақ

15

<b>Қай қаладан келдіңіз?</b>	Оқимыз, ойланамыз, талдаймыз. Жаттығулар, сұхбаттар. Өз бетімізше оқимыз. Лексикалық-грамматикалық тапсырмалар.	1. Мезгілдік мағынаның жай сөйлемде және құрмалас сөйлемде берілуі; 2. Іс-әрекет мекенінің, қозғалыс бағытының берілуі.
------------------------------	---	--

## Үшінші сабақ

29

<b>Менің қымбаттыларым, жақындарым...</b>	Оқимыз, ойланамыз, талдаймыз. Грамматиканы оқимыз, қайталаймыз. Әңгімелесейік. Өз бетімізше оқимыз.	Сандық сипаттаманың берілуі; Бар-жоқтың берілуі; Сапалық сипаттаманың берілуі; Модальдық қатынастың берілуі; (Мүмкіндік, тыйым салу, қажеттіліктің және адамның ішкі қалып күйінің берілуі).
---	---	---

## Төртінші сабақ

45

<b>Барлық мамандық маңызды</b>	Оқимыз, ойланамыз, талдаймыз. Мәтінді оқимыз, талдаймыз. Өзбетімізше оқимыз. Лексикалық-грамматикалық тапсырмалар.	Әрекет кезеңдерінің берілуі; Модальдық қатынастың берілуі (жалғасы); Қалау мағыналы етістіктің (барғым келеді...) қолданысы; Мақсат мәнді құрылымның берілуі; Шарт мәнді құрылымның берілуі; Себеп пен салдардың берілуі.
--------------------------------	--	--

## Бесінші сабақ

57

### Мерекеніз құтты болсын!

Оқимыз, ойланамыз, талдаймыз.  
Ұнау – ұнап қалу – ұнату етістіктері. Кездесу, кездестіру етістіктерінің мағынасы. Күнделікті іс-әрекет; көңіл-күй мен ішкі сезімдер.

Төл сөз бен төлеу сөздің берілуі. Хабарлау, сұрақ, өтініш, шақыру кеңес, тілек, т.б. мәнді құрылымдарды салыстыру. Эмоциялық қалып-күйдің берілуі.

## Алтыншы сабақ

71

### Сіз әдемісіз

Адам бойына қатысты сөздер. Адамның бет-әлпетіне қатысты сөздер. Адам көзін сипаттауға арналған сөздер. Адамның көзқарасын, көз тастауын сипаттайтын сөздер.

Анықтауыштық қатынастың сын есім арқылы берілуі.

## Жетінші сабақ

73

### Сіздің мінезіңіз жақсы

Адам мінезін сипаттайтын сөздер. Жағымды мінездеме. Жағымсыз мінездеме. Досыңыз туралы әңгімелеңіз.

Дерексіз мағыналы зат есімдердің жасалуы; Сын есімдердің қолданысы; Салыстырулардың берілуі.

## Сегізінші сабақ

77

### Бір-бірімізге жылы лебіз айтайық...

Жылы лебіздер. Адамдардың жағымды сипатын бағалау. Мінездің жеке сипаттарын бағалау. Адамның кәсіби сапасын бағалау. Сыртқы келбетін бағалау; киімін бағалау; сыртқы келбетін бағалау.

Қандай, қалай сөзінің қолданысы.

## Тоғызыншы сабақ

80

### Айналамыздағы қызықтар

Оқимыз, ойланамыз, талдаймыз. Сіздің пікіріңіз. Әуестік туралы әңгімелесейік. Жүз рет естігеннен бір рет көрген жақсырақ.

Сапалық сипаттаманың берілуі: Анықтауыштық қатынастың есімдік арқылы берілуі; Белгісіздіктің берілуі; Модальдық мағынаның берілуі.

## Оныншы сабақ

85

**Қызығушылықтың  
ең маңызды  
жақтары**

Мәтінді оқимыз, талдаймыз.  
Үлкен қалаларға саяхат. Париж  
туралы. Өз бетімізше оқимыз.

Анықтауыштық  
қатынастың берілуі  
(есімшелі анықтауыш).

## Он бірінші сабақ

98

**Денсаулық**

Халықаралық көмек  
ұйымының дәрігерлері.

Кеңес беру құрылымы.

# БІРІНШІ САБАҚ

## Алматы - жасыл қала

### МАЗМҰНЫ:

- 1) Қозғалыс бағытының берілуі
  - Қозғалыс етістіктері: жүру, бару, келу, кету;
  - Қозғалыс бағытын және мекен конструкцияларын салыстыру (барыс септігі, шығыс септігі, көмектес септігі);
  - Көлік құралдарын пайдаланудағы конструкциялардың берілуі;
  - Немен келу (құрылымы) (көмектес септігі), қалай келу (құрылымы);
- 2) Анықтауыштық қатынастың берілуі
- 3) Кеңістіктік қатынастың берілуі

### ОҚИМЫЗ, ОЙЛАНАМЫЗ, ТАЛДАЙМЫЗ...

Мәтінді оқыңыз. Таныс емес сөздерді сөздіктен қараңыз, аударыңыз. Асты сызылған етістіктерге назар аударыңыз.

Гүлжан, Маржан, Ерсайын Қазақстанға Қырғызстаннан келді. Олар қазір Қазақстанда тұрады және оқиды. Гүлжан мен Ерсайын Астанада оқиды, ал Маржан Қарағандыда оқиды. Олар бос уақыттарында Астанада кездеседі, бірге қыдырады, сөйлеседі, жаңалықтарды бір-біріне айтады. Міне, бүгін таңертең Гүлжан мен Ерсайын Маржанды қарсы алуға вокзалға кетті. Сағат 10-да олар вокзалда болды. Осы кезде Қарағандыдан пойыз келді.

Кеше достар не істеу керектігін шешіп қойған. Бірінші олар Орталықтағы суретшілер көрмесіне барады, содан кейін кафеден түскі тамақты ішеді, қаланы аралайды, ал кешке «Кешкі Астана» деп аталатын экскурсияға барады.

### Сұрақтарға жауап беріңіз:

- 1) Гүлжан, Маржан, Ерсайын кімдер?
- 2) Олар қайдан келді?
- 3) Олар қайда келді?
- 4) Қазір Маржан қайда тұрады?
- 5) Гүлжан мен Ерсайын қайда тұрады?
- 6) Гүлжан мен Ерсайын таңертең қайда барды?
- 7) Достар кімді қарсы алды?
- 8) Олар қайда бірге барады?

## ГРАММАТИКАНЫ ОҚИМЫЗ, ҚАЙТАЛАЙМЫЗ.

---

### Қозғалыс бағытының берілуі

Қозғалыс сипатына қарай етістіктерді салыстырыңыз.

Келу (*қайда? қайдан?*) Ол мектепке келе жатыр. Ол театрдан келе жатыр.

Бару (*қайда? қайдан?*) Ол университетке бара жатыр. Ол жұмыстан келе жатыр.

---

### 1. Тапсырманы үлгіге қарап орындаңыз. Сұрақтарға «жүру», «бару» етістігінің тиістісін қолданыңыз.

*Үлгі: Дастан қазір университетте. Ол асханадан шай ішкісі келді. Ол асханадан келе жатыр ма немесе асханаға бара жатыр ма?*

1) Гүлжан қазір автобуста. Оның балетті көргісі келеді. Ол театрға бара жатыр ма немесе театрдан келе жатыр ма?

2) Оқытушы университетте. Оның деканмен кездескісі келеді. Ол деканатқа бара жатыр ма немесе деканаттан келе жатыр ма?

3) Асхана университеттің жанында. Түскі үзіліс. Олардың тамақ ішкісі келді. Олар асханаға бара жатыр ма немесе олар асханадан келе жатыр ма?

4) Мен қазір таксидемін. Менің сөздік сатып алғым келді. Мен кітаптар дүкеніне бара жатырмын ба немесе кітаптар дүкенінен келе жатырмын ба?

5) Туристер қазір пойызда. Олар Көкшетауды көргісі келеді. Олар Көкшетауға бара жатыр ма немесе Көкшетаудан келе жатыр ма?

### Қозғалыс етістіктерінің шақтарда қолданылуы

---

#### Қозғалыс сипатына қарай етістіктерді салыстырыңыз

Бару (*қайда?*). Ол үйінен университетке жаяу барады.

Ол жұмысқа автобуспен барады, автобуспен қайтады.

Мен жұмысқа автобуспен барып жүрмін. Үйге автобуспен қайтып жүрмін. Мен жұмысқа жаяу барып жүрмін, жаяу қайтып жүрмін.

Біздің таныстарымыз саябаққа жиі барады.

Мен жаяу жүрдім, жаяу бардым. Мен жаяу келдім. Мен автобуспен келдім. Біз театрға бардық.

---

### 2. Сұхбаттарды оқыңыз, асты сызылған етістіктердің тұлғаларына назар аударыңыз.

а)

– Сәлем, Мақсат! Қайда барасың?

– Дүкенге. Сен де сонда барасың ба?

– Жоқ, мен дүкенге барып келдім. Мен онда таңертең болғанмын. Қазір поштаға барамын, содан соң үйге қайтамын.

– Бүгін кешке театрға бармайсың ба?

– Жоқ, бармаймын. Кешке бос емеспін.

б)

- Балалар, қайда бара жатырсыңдар?
- Экскурсияға. Ботаника бағына. Сендер онда болдыңдар ма?
- Иә, біз онда барғанбыз. Біз онда екі рет болдық.
- Ал тарихи мұражайда болдыңдар ма? Жексенбі күні экскурсия болады. Бізбен бірге барғыларың келе ме?
- Рақмет, қуана-қуана барамыз.

### 3. Етістіктердің қолданысын талдаңыздар.

- Қазір ол қайда барады?
- Қазір ол театрға бара жатыр.
- Ол кеше қайда барды?
- Ол кеше театрға барды (ол кеше театрда болды).
- Ол театрға жиі бара ма?
- Иә, жиі барады (жоқ, сирек барады).

### 4. Сұхбатты оқыңыз, асты сызылған етістіктердің қолданысына назар аударыңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

а)

- Сәлем, Виктор, қайда барасың?
- Спорт залға.
- Сен онда жиі барасың ба?
- Иә, сенбі сайын барамын.

Сұрақтар: 1) Виктор қазір қайда барады?

2) Ол қайда жиі барады?

б)

- Илияс, қайда барасың?
- Стадионға. Бүгін біздің тобымыз футбол ойнайды.
- Сен стадионға жиі барасың ба?
- Жоқ, сирек барамын, себебі менің бос уақытым аз.

Сұрақтар: 1) Қазір Илияс қайда барады?

2) Ол қайда сирек барады?

### 5. Көп нүктенің орнына қажетті етістіктерді қойыңыз (жүру, келу, бару, келе жатыр, бара жатыр)

а)

- Сәлем, Дастан! Қайда \_\_\_\_\_?
- Бассейнге.
- Мен сені бассейнге кеше \_\_\_\_\_ деп ойладым.
- Иә, кеше де \_\_\_\_\_. Мен бассейнге күнде кешке \_\_\_\_\_.

б)

- Сәлем, Алмас! Қайда \_\_\_\_\_?
- Дүкенге. Сен ше?
- Мен де дүкенге \_\_\_\_\_. Ал сен, әдетте, қай дүкенге \_\_\_\_\_?
- Мен біздің «азық-түліктер» деген дүкенге жиі \_\_\_\_\_.
- Маған базарға \_\_\_\_\_ ұнайды.



## 6. Бір-біріңізден сұраңыз. Сұрақтарға толық жауап беріңіздер.

- 1) Кеше қайда бардыңыздар, бүгін сабақтан кейін қайда барасыздар?
- 2) Қазір сіз қайда жиі барасыз, ауылда, елде тұрғаныңызда сіз қайда жиі бардыңыз?
- 3) Сіз ертең, арғы күні, сенбіде, жексенбіде қайда барасыз?

## 7. Төменде берілген етістіктердің қолданысына назар аударыңыз.

Қозғалыстың басталуы: Нұрлан түскі тамағын ішті де кітапханаға кетті.

Қозғалыстың аяқталуы: Нұрлан кітапханаға келді де, сөздік алды.

Жоқ екендігі: Нұрлан үйде жоқ, ол кітапханаға кетіп қалған.

Қозғалыс ішке қарай: Нұрлан залға кірді де, «Сәлеметсіздер ме?» деді.

Қозғалыс сыртқа қарай: Дастан кітапханадан сағат кешкі жетіде шықты.

Бір жақтан басқа жаққа, бір пункттен басқа пунктке қозғалыс: Дастан жолдан өтті. Дастанның отбасы Алматыдан Астанаға көшті.

## 8. Сұхбаттарды оқыңыздар, олардың мазмұнына түсініктеме беріңіз.

– Сіз бүгін университеттен Маржанды көрген жоқсыз ба?

– Иә, ол келген, менімен лекцияда болды.

– Қазір ол қайда?

– Мүмкін, асханаға кеткен шығар.

– Осында келе ме?

– Иә. Ол қазір келіп қалады. Күтіңіз.

– Жақсы, рақмет.

**Маржан университетте не істеді, түсіндіріңіз.**

– Кешіріңіз, Айжан үйде ме?

– Жоқ, ол кетіп қалған.

– Қайда?

– Театрға кетті.

– Қашан келеді?

– Кештеу келеді.

– Рақмет.

**Айжан кешке не істеді, түсіндіріңіз.**

## 9. Әңгімелесушінің репликасына үлгі бойынша жауап беріңіз.

**Үлгі:** – Айжан дәріханаға келді ме?

– Жоқ. Айжан дәріханадан кетіп қалған.

- 1) Сіздің әпкеңіз Астанаға келді ме?
- 2) Балалар мектепке кетті ме?
- 3) Менің досым жұмыстан келді ме?
- 4) Біз көрмеге келдік пе?
- 5) Менің достарым Көкшетауға келді ме?
- 6) Маржан Алматыға кетті ме?
- 7) Студент дәрісханаға кірді ме?

## Назар аударыңыз!



қалай? немен?	етістіктер	қалай?	етістіктер
Автобуспен	келу	жаяу	жүру
Көлікпен	бару		келу
Таксимен	жүру		бару
Метромен			қайту

### 10. Берілген сөздерден үлгі бойынша сөйлем құраңыз.

**Үлгі:** Ол, барғысы, келу, орталық, автобус. – *Ол орталыққа автобуспен барғысы келеді.*

- 1) Студенттер, бару, Алматы, пойыз. – \_\_\_\_\_.
- 2) Біз, бару, үйге, такси. – \_\_\_\_\_.
- 3) Оқытушы, келу, мұнда, такси. – \_\_\_\_\_.
- 4) Менің, әпкем, трамваймен, жүру, жақсы көру. – \_\_\_\_\_.
- 5) Қыста, менің, досым, жақсы көрмейді, машина. – \_\_\_\_\_.
- 6) Бекболат, Көкшетаудан, пойыз, келу. – \_\_\_\_\_.
- 7) Қыз, өту, мына, көше. – \_\_\_\_\_.
- 8) Ата-ана, көшу, басқа қала. – \_\_\_\_\_.

### 11. Сөйлемдерді аяқтаңыз. Мағынасы бойынша қажетті етістіктерді қолданыңыз. Мүмкін болса, бірнеше нұсқасын жазыңыз.

**Үлгі:** Айтыңызшы, біз онда қалай барамыз/жетеміз.

- 1) Айтыңызшы, біз онда қалай \_\_\_\_\_?
- 2) 20-шы автобус сол жағалауға \_\_\_\_\_ ма?
- 3) Сіздің келесі аялдамадан \_\_\_\_\_ керек.
- 4) Біз кешігіміз, сондықтан таксимен \_\_\_\_\_ жақсырақ.
- 5) Маған қала ішімен \_\_\_\_\_ ұнайды.
- 6) Пойыз кесте бойынша уақытында \_\_\_\_\_.
- 7) Көлік үй алдына тоқтады, көліктен түскен адамдар үйге \_\_\_\_\_.

### 12. Сұрақтарға жауап беріңіз, өз көзқарасыңызды түсіндіріңіз.


Қандай жағдайда сіз:

- жаяу жүргіңіз келеді?
- автобуспен жүргіңіз келеді?
- такси ұстағыңыз келеді ?
- велосипедпен жүргіңіз келеді?
- жеке көлігіңізге отырғыңыз келеді?

**13. Сұхбатты бастаңыз. Қозғалыс етістіктерін пайдалана отырып, сіз мына жағдаяттарда не айтар едіңіз?**

- 1) Сіз автобус аялдамасындасыз, оның жол бағдарын нақты білмейсіз, басқа біреуден сұраңыз.
- 2) Сіз автобустасыз, бірақ түсетін аялдамаңызды нақты білмейсіз, біреуден сұраңыз.
- 3) Сіз таксидесіз, жүргізушіге өзіңіздің жол бағдарыңызды түсіндіру керек.

**14. Қазақ мақал-мәтеліндегі қозғалыс етістіктерін пайдалана отырып, мазмұнын айтыңыз.**



**Назар аударыңыз!**



**Мекен мен қозғалыс бағытын білдірген құрылымды салыстырыңыз.**

<i>Барыс септігі</i>	<i>Жатыс септігі</i>	<i>Шығыс септігі</i>
Жаңа банкке. Қызықты лекцияға.	Жаңа банкте. Қызықты лекцияда.	Жаңа банктен. Қызықты лекциядан.

**15. Мәтінді оқыңыз. Жоғарыда берілген кестені пайдаланып, асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.**

Жексенбі күні Аймекен мен Мұрат Маржанға Астанаға қыдыруды ұйымдастырды. Таңертең олар ас үйде таңғы асты ішті де, үйден шықты. Олар Есіл өзенінің сол жағалауындағы Бәйтерекке автобуспен келді. Олар ол жерде бір сағаттай болды да, таксимен қаланың орталығына келді. Орталықтағы мұражайда қазақ тарихымен, өнерімен танысты. Содан кейін түскі тамақтарын ішіп, саябақта қыдырды. Олар үйге кешке қарай келді.

**16. Берілген сөздерді пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Қазір қайда барасыз?
2. Кеше қайда болдыңыз?
3. Сіз қайдан келдіңіз?

Тарихи мұражай, университет кітапханасы, жастар театры, физикалық зертхана, сәулет және құрылыс институты, қытай мейрамханасы, музыкалық академия, ұлттық кітапхана.

**17. Кестедегі мекенді, бағытты білдіретін үстеудің қолданысын талдаңыз, бұлармен сөз тіркесін, сөйлем құраңыз.**

<i>Қайда? Қай жерде?</i>	<i>Қайда?</i>	<i>Қайдан?</i>
осында, сонда, үйде	мына жаққа, сол жаққа, үйге, мұнда, сонда	сол жақтан, үйден, мына жақтан

**18. Сұхбатты оқыңыз. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз. Осыған ұқсас сұхбат құрыңыз.**

- Қайда барасың?
- Кітапханаға.
- Сен о жаққа (ол жаққа) бірінші рет бара жатсың ба?
- Иә.
- Кітапханадан не алғың келеді?
- Мен о жақтан (ол жерден) сөздік алғым келеді.
- Кітапханадан қайда барасың?
- Сол жақтан мен дүкенге барамын.
- Мен сол жерден азық-түлік аламын да үйге қайтамын.

**19. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сөйлемді толықтырыңыз.**

- 1) Мен інімді күтіп жүрмін. Ол \_\_\_\_\_ ертең келуі тиіс. Ол \_\_\_\_\_ бір күн болады да, \_\_\_\_\_ Көкшетауға кетеді. (*мұнда, осында, осы жерден*).
- 2) Кеше біз би кешінде болдық. Біз \_\_\_\_\_ кешке бардық. Біз биледік, ән тыңдадық. Біз \_\_\_\_\_ кеш қайттық. (*онда, ол жақтан, ол жаққа*).
- 3) Кеше Маржан \_\_\_\_\_ хат алды. Ол \_\_\_\_\_ жиі хат жазады. Ол ата-анасымен \_\_\_\_\_ бірге болғанды ұнатады. (*үйінде, үйінен, үйіне*).
- 4) Сіздер бұрын \_\_\_\_\_ тұрдыңыздар? Жазда \_\_\_\_\_ болдыңыздар? (*қайда, қай жерде*).

**МӘТІНДІ ОҚИМЫЗ, ТАЛДАЙМЫЗ...**

**I.**

Мәтінді оқуға дайындалыңыз, 1-6 дейінгі лексикалық тапсырмаларды орындаңыз.

- 1) Мына сөздердің мағынасын сөздіксіз анықтаңыз, сұрақ қойыңыз:  
*экскурсия, президент, парламент, символ, техника, телеграф, территория, мемориал.*
  - 2) Тақырыптық қатардағы басты сөздерді анықтаңыз, артық сөздерді көрсетіңіз.  
*Алаң, көше, мекеме, автобус, жаға, трамвай, мемлекет, даңғыл, ескерткіш, техника, театр, мұражай, гүлзар, соғыс, саябақ, қонақ үй, қала, үкімет.*
  - 3) Берілген сөздерден антонимдік қатар құраңыз.  
*Алыс, оң жақта, аз, жақын, қазіргі, сол жақта, қызық, көп, тар, аз, кең, көне, кіру, ерте, шығу, жиі, ешқашан, соңы.*
  - 4) Берілген сөздерге анықтауыш таңдаңыз.  
*Кешен, гүлзар, орталық, мемлекет, қала, құжат, алаң, техника, даңғыл.*
- Керекті анықтауыштар:** *әдемі, орталық, қазіргі, көне, тарихи, үлкен, астаналық, алматылық, кең, спорттық.*

5) Сөздерді, сөз тіркестерін оқыңыз. Олардың мағынасын мән мәтін бойынша түсінуге тырысыңыз. Түсінбеген жағдайда ғана сөздікті пайдаланыңыз. Осы сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуына тағы мысалдар келтіріңіз.

Сөз, сөз тіркестері	Мәтінде қолданылуы
Ең	Алматы – <b>ең</b> әдемі қала.
Ұлы	М.Әуезов – қазақтың <b>ұлы</b> жазушысы.
Олардың біреуі	Менің достарым көп. <b>Олардың біреуі</b> ғана жапон тілін жақсы біледі.
... деп санайды, деп айтады	Алматыны әлемдегі ең жасыл қаланың бірі <b>деп санайды</b> .
... негізі қаланған	Алматы қаласының негізі 1861 жылы қаланған.
... алып жату	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ орасан үлкен аумақты <b>алып жатыр</b> .
Нені білдіреді?	– Құрлысшы деген сөз нені білдіреді? – Құрлысшы – бұл мамандық атауы.
Қашан? Қай жылы?	– Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қалашығын қай жылы сала бастады? – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қалашығын 1971 жылы <b>сала бастады</b> .

**Мәтінді оқыңыз. Мәтінде кездескен Алматыдағы белгілі жерлерді жазып алыңыз. Олардың Сіз қайсысын білесіз? Қайсысын тек қана суреттен көрдіңіз, қайсысын әлі мүлде көрмедіңіз.**

Республика алаңы – қаланың орталығы. Абай ескерткіші – тарихи ескерткіш. Орталық саябақ – қала орталығындағы саябақ. Абай даңғылы – қаланың орталығындағы даңғыл. Әл-Фараби даңғылы – қаланың жоғарғы жағындағы даңғыл. Көк төбе – қаланың тау жағындағы демалатын орын. Қазақстан қонақ үйі – Абай ескерткішінің сол жағында. Республика сарайы – Абай даңғылында.

**II.**  
**Мәтінді оқыңыз, тапсырмаларды орындаңыз.**



**А**лматы – Қазақстанның ең ірі мегаполисі. Ғылыми, білім беру, мәдени, тарихи, экономикалық, қаржылық, банктік және елдің индустриялық орталығы болып табылады. Қаланың аты, Алматы, «алма қаласы» деп аударылады.

Алматы Іле Алатауының бөктерінде, Тянь-Шаньның солтүстік жотасының етегінде, Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысында, Еуразия құрлығының орталығында орналасқан. Алматы қалалық аумағында бақтар мен бақшалар, саябақтар мен бульварлар сегіз мыңнан астам гектар жерді алып

жатыр. Қаланың жалпы ауданы 340 км<sup>2</sup> құрайды. Қала тұрғындары шамамен 2 миллионнан астам. Көптеген діндер мен түрлі ұлт өкілдері бар.

Қазіргі таңда Алматы қаласында 18 театр, 45 мұражай мен сурет галереялары бар. Мұнда музыканың түрлі салаларындағы көптеген фестивальдар өтуде: Джаз, рок фестивальдар, ретро фестивальдар. Алматыда қаланың ерекше мәртебесін көтеретін Қазақстандағы ірі банктердің бөлімшелері, көп ұлтты қаржы институттар және еншілес компаниялар орналасқан. Қазақстан Ұлттық ғылым академиясы, Орталық Азия географиялық қоғамы, «Каменское плато» обсерваториясы, сондай-ақ көптеген жетекші университеттер мен ғылыми-зерттеу институттары бар.

Қаланың шетінде Медеу және Шымбұлақ тау шаңғысы орталығы секілді көптеген спорт кешендері, альпинист туристік лагерлер, шипажайлар, демалыс орталықтары және кемпингтер салынған.

Алматы «Азия ойындары 2011», бокстан әлем чемпионаты, дзюдодан әлем кубогы мен трамплиннен шаңғымен секіру, воллейболдан «Grand Prix-2013» және профессионалды веложарыс «Tour of Almaty» секілді беделді іс-шаралардың арқасында танымал болды. 2017 жылы Алматыда Бүкіл әлемдік Универсиада өтті.

## **ӘҢГІМЕЛЕСЕЙІК...**

### **Әңгімелесу үшін сұрақтармен танысыңыз.**

- 1) Қай қаладан келдіңіз?
- 2) Сіздің туған қалаңыз қалай аталады?
- 3) Сіздің қалаңыз елдің қай жағында орналасқан? (елдің солтүстігінде ме, оңтүстігінде ме, батысында ма, шығысында ма, орталығында ма?)
- 4) Сіздің қалаңызда қанша адам тұрады?
- 5) Бұл қала үлкен бе, кіші ме?
- 6) Қаланың жер көлемі қандай?
- 7) Сіздің қалаңызда өзен (көл) бар ма?
- 8) Ол өзен (көл) қалай аталады?
- 9) Сіздің қалаңыз көне қала ма?
- 10) Сіздің қалаңызда тарихи орталық бар ма?
- 11) Қаланың орталығында не бар?
- 12) Қалаңызда қандай транспорт бар, халық қай транспортты жақсы көреді?
- 13) Көлік көп пе, қай кезде тым көп болады?
- 14) Жол ақысы қанша?
- 15) Сіздің қалаңызда саябақтар көп пе?
- 16) Сіздің қалаңызда театрлар, мұражайлар, стадиондар көп пе?
- 17) Сіздің қалаңыздың тұрғындары қайда демалғанды ұнатады?
- 18) Сіздің қалаңызда сізге не ұнайды, қайда қыдырғанды жақсы көресіз?
- 19) Болашақта өз қалаңызда қаласыз ба, әлде басқа қалаға кетесіз бе? Неге?

*Берілген тақырып бойынша тағы қандай сұрақтар қалды деп ойлайсыз? Ұсыныстар айтыңыз.*

# ЕКІНШІ САБАҚ

## Қай қаладан келдіңіз?

### МАЗМҰНЫ:

#### 1) Мезгілдік мағынаның жай сөйлемде және құрмалас сөйлемде берілуі

- қашан? // қай уақытта? // қай уақыт? // қанша уақыт? сұрақтарын салыстыру.

#### 2) Іс-әрекет мекенінің, қозғалыс бағытының берілуі

- қай жерде? // қайда? // қайдан? // кімде? // кімге? // кімнен? сұрақтарын салыстыру.

### ОҚИМЫЗ, ОЙЛАНАМЫЗ, ТАЛДАЙМЫЗ...

1. Хатты оқыңыз. Ирек сызықпен берілген сөздер мен сөз тіркестеріне назар аударыңыз. Оларға сұрақтар қойыңыз.

Сәлем, Айнұр!

Қалайсың? Қандай жаңалықтарың бар? Өзім туралы жаңалықтарды айтсам, өткен сәрсенбиде, саған хат жазған күні, Алматыдан Астанаға құрбым Гүлназ келіп кетті. Сен оны көргенсің. Ол өткен жылы қыста, қазақ тілінен олимпиада болған кезде келген. Біз олимпиада болып жатқанда, Еуразия ұлттық университетінде танысқанбыз.

Біз Гүлназ екеуміз жаңа спектакльге бардық. Ал спектакльден кейін ұзақ қыдырдық, әңгімелестік, сені есімізге алдық.

Маған қонаққа қашан келесің? Мүмкін, маусымда, емтихандарды тапсырған соң, келерсің. Жауап күтемін.

Сәлеммен Маржан.

#### 2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Маржан кімге хат жазды?

Ол хатты қашан жазды?

Сол күні не болды?

Айнұр Гүлназды бұрын көрген бе еді? Қашан?

Маржан мен Гүлназ жақында қайда болды?

Қыздар Айнұрды қашан естеріне түсірді?

Маржан Айнұрды қонаққа қай кезге шақырды?

### ГРАММАТИКАНЫ ҚАЙТАЛАЙМЫЗ

#### Мезгілдің жай сөйлемде берілуі

Кестемен танысыңыз. Жай сөйлемде мезгілді білдіру үшін қолданылатын құрылымды талдаңыздар



**Жай сөйлем**  
**Сұрақ: қашан?**

<b>Үстеу</b>	– бүгін, ертең, бүрсізгүні, кеше, алдыңғы күні, бірде; – қазір, жақында, баяғыда, бұрын; – таңертең, күндіз, кешке, түнде; – қыста, көктемде, жазда, күзде.
<b>Жатыс септігі</b>	– он бесінші наурызда; – 1983 жылы 31 наурызда; – сабақ кезінде, сабақта; – осы аптада, осы айда, қарашада, өткен жылы, осы айда, келесі аптада, жылдың басында, апта соңында, сағат алтыларда.
<b>Шығыс септігі + септеуліктер</b>	– емтиханнан кейін, бір сағаттан соң; – бір айдан кейін, бір жылдан кейін, бір ғасырдан кейін, жұмыстан соң, конференциядан кейін.
<b>Көмектес септігі</b>	– таң атысымен, кеш түсісімен, таңғы салқынмен.
<b>Барыс септігі + септеуліктер</b>	– кешке дейін, түске дейін, беске дейін, таңға дейін, беске қарай, алтыға таман.

**Сұрақ: қанша уақыт? (ұзақтығы)**

<b>Үстеу</b>	– ұзақ, көп, аз (уақыт).
<b>Атау септігі</b>	– екі апта; – алты сағат; – бірнеше жыл; – күні бойы; – жыл бойы; – бір минут.

**Салыстырыңыз!**

<b>Қашан?</b> (сағат қаншада? )	<b>Қанша уақыт?</b> (ұзақтығы қанша? )
Олар <b>сағат бірде</b> кездескісі келді.	Ол оны <b>бір сағат</b> күтті.

**3. Бір-біріңізге сұрақ қойыңыз. Қорытынды жасаңыз: сіздің топта сабақ кестесін кім жақсы біледі, кім нашар біледі?**

**а)** Дүйсенбіде сіздерде қандай сабақ болады? Сейсенбіде ше? Сәрсенбіде ше? Бейсенбіде ше? Жұмада ше? Сенбіде ше?

**б)** Сіздерде

- спорт сабағы
- тарих сабағы
- математика сабағы
- физика сабағы
- химия сабағы **қашан болады?**

**в)** Сіздерде қазақ тілі қашан болады?

Сіздерде қашан сабақ болмайды?

Ең жеңіл күндеріңіз қай күн?

Қай күні сабақ өте көп?



#### 4. Үлгі бойынша тапсырманы орындаңыз. Қарсылығыңызды білдіріңіз.

##### Екеуара жұмыс

**Үлгі:** – *Сіз Астанаға маусымда келген сияқтысыз?*

– *Жоқ. Мен қыркүйекте келгенмін.*

- 1) Сіз қазақ тілін қарашада оқи бастадыңыз ба?
- 2) Сіз университетте өткен жылы оқи бастадыңыз ба?
- 3) Сіз осы жылы бірінші курсты оқисыз ба?
- 4) Өткен аптада сіздерде соңғы спорт сабағы болды ма?
- 5) Осы аптада студенттер мұражайға бара ма?
- 6) Дүйсенбіде сіз фонетика пәнінің оқытушысын көрдіңіз бе?
- 7) Сіз сәрсенбіде досыңызға келемін деп айттыңыз ба?
- 8) Жақында сіз сыныптас достарыңызды көрдіңіз бе?
- 9) Сіз кеше емханаға бардыңыз ба?
- 10) Сіз кешке жаттығулар жасайсыз ба?
- 11) Сіз жақында емтихан тапсырасыз ба?
- 12) Сіздер соңғы бақылау жұмысын өткен айда жаздыңыздар ма?

#### 5. Сөйлемдерді қарама-қарсы мағыналы сөйлемдерге өзгертіңіз.

- 1) Біз *түстен кейін* кездесеміз.
- 2) Бұл туралы *емтиханнан кейін* сөйлесейік.
- 3) Маржан ата-анасына *сессияға дейін* барып келеді.
- 4) Директор сізге *жиналысқа дейін* келіп кетуіңізді сұрады.
- 5) Маған *сабақтан кейін* анықтама қағаз алу керек.
- 6) Дәурен бұл жұмысты *жаңа жылға дейін* бітіре алады.

#### 6. Сөйлемдерді оқыңыз. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді жазыңыз. Сәйкес сұрақтарды қойыңыз. Қашан? Қаншада? Қанша уақыт?

- 1) Оқытушы бізге консультацияға \_\_\_\_\_ (сағат 4) келіңдер – деді.
- 2) Оқытушы біздің шығармамызды \_\_\_\_\_ (4 сағат) тексерді.
- 3) Біз қонаққа \_\_\_\_\_ (сағат 6) кеттік.
- 4 Біз қонақта \_\_\_\_\_ (6 сағат) болдық.
- 5) Жаңбыр \_\_\_\_\_ (1 сағат) жауды.
- 6) Жаңбыр \_\_\_\_\_ (сағат 1) басталды.
- 7) Досым маған \_\_\_\_\_ (сағат 2) хабарласты.
- 8) Мен досыммен \_\_\_\_\_ (2 сағат) әңгімелестім.

#### 7. Ақпаратты оқыңыз. Үлгі бойынша сөйлемді өзгертіңіз. Септеулік сөздерді пайдаланыңыз.

**Үлгі:** Қайрат үйге сағат үште келді. Сағат үш жарымда (3.30) оған Маржан хабарласты // Маржан Қайратқа *жарты сағаттан кейін (30 минуттан кейін)* хабарласты.

- 1) Емтихан 15 қаңтарда басталады. 29 қаңтарда қысқы демалыс басталады.
- 2) Қазір сағат бестен қырық минут кетті. Фильм тура сағат бесте басталды.
- 3) Бүгін дүйсенбі. Арман үйге өткен дүйсенбіде кеткен.
- 4) Бүгін сәрсенбі. Біз мұражайға келесі сәрсенбіде барамыз.
- 5) Қазір қараша. Менің досым Астанаға тамызда келген.
- 6) Қазір біз студент болдық. Біз дипломды бесінші курсты бітіргеннен кейін аламыз.

**8. Жай сөйлемдегі сізге белгілі мезгіл құрылымдарды (күні, ай, жыл, нақты уақыт) пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.**

- 1) Сіз Астанаға қашан барасыз?
- 2) Сіз осында қашан келдіңіз?
- 3) Сіз қазақ тілін қашан оқи бастадыңыз?
- 4) Сіз бірінші рет қалада қашан болдыңыз?
- 5) Сіздер грамматикадан соңғы бақылау жұмысын қашан жаздыңыздар?
- 6) Емтиханды қашан тапсырасыздар?
- 7) Демалыстарыңыз қашан?
- 8) Үйге соңғы рет қашан хабарластыңыз?
- 9) Сіздің туған күніңіз қашан?
- 10) Сіз осы курсты қашан бітіресіз?

**Құрмалас сөйлемдер**



**Назар аударыңыз!**

**Сұрақ: қашан?**

Іс-әрекет сызбасы, олардың атауы

1) Есімше + жатыс септігі Қатар жүретін әрекет	Асқар мақаланы аударған кезде жаңа сөздерді сөздіктен қарады.
2) Есімше + шығыс септігі + септеулік Іс-әрекеттің реттілігі	Асқар мақаланы аударғаннан кейін (аударып болған соң), ол өзінің аудармасын оқытушыға көрсетті.
3) Басқа (ұзақ) әрекет аясындағы нәтижелі әрекет	Асқар мақаланы аударғанда (аударған кезде) бір қате жіберді.

**9. Жақшада берілген сөздердің қажеттісін таңдаңыз.**

- 1) Маржан мына хабарды ( тыңдаған кезі,  тыңдағаннан кейін) бәрін түсініп отырды.
- 2) Мұрат мына романды ( оқып болу,  оқып болғаннан) соң осы жазушының басқа кітаптарын да сатып алғысы келді.
- 3) Спортшы журналистердің барлық сұрақтарына ( жауап беру,  жауап бергеннен кейін) олар оған интервью үшін рақмет айтты.
- 4) Мен Назыммен ( танысу кезі,  танысқан кезде) ол 18 жаста болатын.
- 5) Маржан өзінің мәселелері туралы ( айту,  айтып,  айтқан) соң біз оған көмектесуді шештік.
- 6) Туристер қаланы ( аралау кезі,  аралаған кезде) экскурсовод оларға көптеген қызықтарды айтты.
- 7) Сіздер емтиханға ( дайындалу,  дайындалғанда) міндетті түрде барлық мәтіндерді қайталаңыздар.
- 8) Біз ( кездесу кезі,  кездескенде) мен саған Астананың әдемі жерлерін көрсетемін.
- 9) Әпкеңе ( хабарласу,  хабарласқанда) менен сәлем айт.
- 10) Ол шетелге сапары туралы ( айту,  айтқанда), бізге неше түрлі суреттер көрсетті.

**10. Сөйлемдерді үлгі бойынша өзгертіңіз, «кезінде, кейін» сияқты мезгіл мәнді сөздерді пайдаланыңыз.**

**Үлгі:** *Сабақ болып жатыр. Студенттер тыныш отыр.*

- a) *Сабақ болғанда, студенттер тыныш отырады.*
- б) *Сабақ кезінде студенттер тыныш отырады.*
- в) *Сабақтан кейін / соң студенттер демалады.*

- 1) Лекция бітті. Біз асханаға бардық.
- 2) Емтихан жақында бітеді. Біз демаламыз.
- 3) Жиналыс болып жатыр. Залға кіруге болмайды.
- 4) Сабақ болып жатыр. Барлық дәрісханалар бос емес.
- 5) Жақында демалыс басталады. Достар Көкшетауға саяхатқа барады.
- 6) Дәрігер қабылдауды бастады. Медбике кабинетте болды.
- 7) Концерт бітті, бірақ ешкім кетпеді: бәрі әншіге ұзақ қол соқты.

**11. Құрмалас және жай сөйлемдегі мезгілдік құрылымды пайдалана отырып, үлгі бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

- Үлгі:** – Сенің туған күнің қашан еді?  
– Мен саған айтпап па едім? Мен көктемде туғанмын.  
– Нақтырақ?  
– Басында. Бесінші наурызда.  
– Міне, енді білетін боламын.

Сұхбаттың басталуына берілген сұрақтар. Сенің досың қашан келеді?

- 1) Сен Алматыға қашан барасың?
- 2) Сен маған кітабымды қашан қайтарасың?
- 3) Сендерде семинар қашан болады?
- 5) Ұшаққа билет алу қай кезде қиын болады?
- 6) Суретке қашан түсесің?
- 7) Сенің көңіл күйің қай кездерде жақсы болады?

**Іс-әрекет мекені мен қозғалыс бағытының берілуі**

---

Қайда?//қай жерде?// қайдан?// кімде?// кімге?// кімнен? құрылымдарын салыстыру

---

**12. Кестемен танысыңыз. Іс-әрекет мекенін, қозғалыс бағытын, адресатты білдіру үшін пайдаланылған тұлғаларды талдаңыз.**

	<b>Іс-әрекет мекені</b>	<b>Бағыты</b>	<b>Қозғалысы</b>
<b>Сұрақтар:</b>	<b>Қайда? қай жерде?</b> (Жатыс септігі)	<b>Қайда?</b> (Барыс септігі)	<b>Қайдан?</b> (Шығыс септігі)
	Университетте кездесуде болу	Университетке кездесуге бару	Университеттен кездесуден қайту, келу, шығу

Адресат

<b>Сұрақтар:</b>	<b>Кімде?</b>	<b>Кімге?</b>	<b>Кімнен?</b>
	Деканда болу	Ректорға бару	Анамнан сұрау

### 13. Кестеге сүйене отырып, төменде берілген сөздермен сөйлемдер құраңыз.

**Үлгі:** Қайсар, туған қала, ата-ана

- Қайсар туған қаласында, өзінің ата-анасында болды.
- Қайсар туған қаласына, өзінің ата-анасына барды.
- Қайсар туған қаласынан, өзінің ата-анасынан келді.

- 1) Мен, менің таныс суретшім, оның жаңа көрмесі.
- 2) Біз, біздің оқытушымыз, лекция.
- 3) Илияс, оның досы, туған күн.
- 4) Маржан, шетелдік досы, оның елі.
- 5) Назым, Алматы, оның анасы.
- 6) Студенттер, 312-дәрісхана, олардың математика оқытушысы.
- 7) Арман, Назарбаев Университеті, олардың таныс студенттері.

### 13-тапсырмада берілген хатты тағы оқыңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Маржан өткен сәрсенбіде қайдан қайда келді?
- 2) Өткен жылы қыста ол кімде, қайда болды?
- 3) Гүлназ бен Маржан қайда болды?
- 4) Айнұр кімге келеді?
- 5) Маржан өзінің хатына кімнен жауап күтеді?

### 14. Үлгі сұхбатты оқыңыз, төменде берілген сөздерді пайдалана отырып, жолдастарыңыздың сұхбаттарын тыңдап, өз қорытындыңызды беріңіз. Осыған ұқсас өз сұхбаттарыңызды құрыңыз.

**Үлгі:** Қайсар: Дастан, бүгін киноға барайық.

**Дастан:** Қуана барамын, бірінші мен сынақты тапсыруым керек.

**Қайсар:** Мен сені күтемін. Сағат қаншада кездесейік? Мүмкін, бесте кездесеміз бе?

**Дастан:** Нақты айта алмаймын. Емтиханды тапсырған соң, мүмкін, түскі тамақ ішуге барамын.

**Қайсар:** Жарайды, қанша уақыт түстенесің? Қырық минут па?

**Дастан:** Иә, мүмкін.

**Қорытынды:** Дастан мен Қайсар қырық минуттан кейін кездеседі. Содан кейін олар киноға барады. (Мен Дастан мен Қайсардың қырық минуттан кейін кездескенін білдім. Содан кейін олар киноға барды.)

### Сұхбат үшін берілген сөздер:

- 1) Спортзал – математикадан консультация;
- 2) Мұражай – сабақ;
- 3) Орталық – жерлестер жиыны;
- 4) Гүлдердің көрмесі – лекция;
- 5) Интернет клуб – бақылау жұмысы;
- 6) Саябақ – концерт репетициясы.

### 15. Берілген хабарландыруды оқыңыз. Не білдіңіз, қайда барғыңыз келеді айтыңыз.

**Үлгі:** – 28. 09. 10, деректі фильм, «Астана болашағы», Студенттер сарайы.

Мен Студенттер сарайында «Астана болашағы» туралы деректі фильм болатынын білдім. Мен осы фильмге барамын.

### **Хабарландыру:**

03.10.10 – Тележурналистермен кездесу, факультет.

10.10.10 – Сәкен Сефуллин мұражайына экскурсия, Астана.

12.12.10 – лекция, «Қазіргі қоғамдағы жастар мәселесі», Халықаралық семинар.

24.12.10 – Суретшілер көрмесі, Атакент.

26.12.10 – Жаңа жылдық концерт, Концерт залы.

## **16. а) Сұхбатты оқыңыз. Қозғалыс бағыты мен мекенді білдіретін сөздерге назар аударыңыз.**

**Айнұр:** Гүлназ, сәлем! Мен Айнұрмын ғой!

**Гүлназ:** Телефон шалғаның жақсы болды. *Қайдасың? Алматыдан хабарласып тұрсың ба?*

**Айнұр:** Әрине, мен үйден, ата-анамның үйінен телефон соғып тұрмын. Халың қалай? Атырауда не жаңалық бар?

**Гүлназ:** Менде бәрі дұрыс. Көптен бері *менің інім Бекболаттан* хабар жоқ. Сен оны білесің ғой. Ол қазір *Астанада Еуразия ұлттық университетінің математика факультетінде* оқиды. Мерекеде маған келемін деп уәде беріп еді, келмеді, тіпті хабарласпады.

**Айнұр:** Бекболат па? Иә, есімде. Мен Оны *Маржанның туған күнінде* көрген сияқтымын. Сен *Астанаға Бекболатқа* бармайсың ба?

**Гүлназ:** Менің қазір мүлдем уақытым жоқ. Бірінші курста оқу оңай емес. Мүмкін *оған* жеделхат жіберемін.

**Айнұр:** Неге жеделхат? Интернет арқылы хат жазғаның жақсырақ емес пе?

**Гүлназ:** Әрине, жақсырақ. Бекболат *жатақханада* ғой. Компьютер жоқ шығар. Жарайды. Өзің туралы айтшы.

**Айнұр:** Сен *менің хаттарымнан* жаңалықтарымның бәрін білесің ғой. Сабақ оқимын, *достарыма қонаққа* барамын. Сені, Маржанды жиі есіме аламын. Маржанға *менен* сәлем айт.

**Гүлназ:** Сен *маған Ақтауға қонаққа* кел.

**Айнұр:** Сен келсеңші. Солтүстік Астанада кездесейік.

**Гүлназ:** Ойланайын. Барып қалармын.

## **б) Сұрақтарға жауап беріңіз:**

1. Айнұр Гүлназға қайдан телефон шалды?
2. Қазір Гүлназ қайда?
3. Ол кім туралы уайымдады? Неге?
4. Бекболат қазір қайда?
5. Айнұр Бекболатты қайдан көрді?
6. Гүлназ қайда бара алмайды? Неге?
7. Ол не істегісі келеді? Айнұр оған қандай кеңес берді?
8. Неге Гүлназ інісіне интернет арқылы хат жаза алмайды?
9. Гүлназ Айнұр туралы жаңалықтарды қайдан біледі?
10. Достар қайда кездескісі келеді?

## **17. Сұхбатты оқыңыз, берілген жағдаятпен өз сұхбатыңызды құрыңыз.**

**а)**

**Үлгі: Дастан:** Дәурен сен кеше қайда болдың?

**Дәурен:** Кітапханада болдым.

**Дастан:** Ал бүгін боссың ба?

**Дәурен:** Өкінішке орай, бүгін де бос емеспін. Бүгін тағы да кітапханаға барамын, себебі кеше бір маңызды мақаланы соңына дейін оқи алмадым. Кітапханадан келген соң, баяндама жазамын.

**Дастан:** Өкінішті, әрине. Мен сені түсінемін. Кедергі жасамаймын. Сау бол.

### **Жағдаяттар:**

- Сіздің *тағы да* университетке баруыңыз керек, себебі зертханалық жұмысты аяқтамадыңыз.
- Сіздің *тағы да* кітап дүкеніне баруыңыз керек, себебі кеше географиялық картаны сатып алуды ұмытып кеттіңіз.
- Сіздің *тағы да* гүлдердің көрмесіне барғыңыз келеді. Сіз гүлдерді жақсы көресіз, сіздің құрбыңыз да гүлдерді жақсы көреді. Сіз оған осы көрмені көрсеткіңіз келеді.
- Сіздің *тағы да* вокзалға баруыңыз керек, себебі кеше кассада адам көп болды, сіз билет ала алмадыңыз.
- Сіздің Президент әкімшілігіне баруыңыз керек, себебі маңызды сұрақтарды шешіп алғыңыз келеді.
- Сіздің Парламентке баруыңыз керек, Заң жобасын талқылауға қатысуыңыз керек.

**б) Үлгі:** *Дастан:* Сенің ертеңге жоспарларың қандай?

*Дәурен:* Менің саяжайға, Назымға барғым келеді.

*Дастан:* Меніңше, сен онда жақында ғана болған сияқты едің ғой.

*Дәурен:* Болғанмын. Ол менің ертеңге тағы да келуімді өтінді.

*Дастан:* Ал қашан қайтасың?

*Дәурен:* Кешке, сағат 9-да қайтамын деп ойлаймын.

### **Жағдаяттар:**

- Сіз ауруханада жатқан өзіңіздің досыңыз Фархадқа барғыңыз келеді.
- Сіз Таразда тұратын өзіңіздің үлкен әпкеңізге барғыңыз келеді.
- Сіз Еуразия ұлттық университетінде тұратын достарыңызға барғыңыз келеді.
- Сіз «Хабар» телеарнасында істейтін таныс журналисіңізге барғыңыз келеді.

**18. Жағдаяттармен таныса отырып, сұрақтарға жауап беріңіз. Мына етістіктерді пайдаланыңыз: сұрау, алу, ұмыту, білу, күту, шақыру, жіберу, жиналу.**

**Үлгі:** Қайратқа бүгін қонақтар келеді. Ол әнді жақсы айтады, бірақ оның гитарасы жоқ. Гитараны бір кешке қайдан алуға болады?

1. Оны интерклубтан немесе Қайсардан сұрауға болады.

1) Маржанға мақаланы аудару керек, бірақ оның жақсы сөздігі жоқ. Сіз оған қандай кеңес бересіз?

2) Дастан үйде өзінің интернет-картасын ұзақ іздеді, бірақ таппады. Сіз білмейсіз бе, оның қайда болуы мүмкін?

3) Илияс Саматпен бірге оның бөлмесінде дайындалды. Илиястың портфелінде кітаптар көп. Ол үйге ауыр портфелін апарғысы келмеді. Самат оған не айтты?

4) Қалай ойлайсыз, Айжан поштадан неге өте көңілді оралды?

5) Маржан уайымдап отыр. Оның інісі Бекболат Астанадан Алматыға келуі керек еді. Ол әлі келген жоқ. Неге Маржан ешқайда шықпай отыр?

6) Егер Маржанның інісі келмесе, бүгін кешке ол поштаға барады. Неге?

7) Дастанның атасы оңтүстікте тұрады. Дастан оны көптен бері көрген жоқ. Айтпақшы, жақында жазғы демалыс. Қалай ойлайсыз, Дастанның жазға жоспарлары қандай болмақшы?

8) Сіздің жазғы жоспарларыңыз қандай?

**19. Әңгіменің бас жағын оқыңыз да оны жалғастырыңыз. Мына тірек сөздерді пайдаланыңыз: жіберу, шақыру, келу, кету, күту, жиналу.**

Тадеуш Қазақстанға жақында ғана келді. Қазір оның достары көп. Астанада ғана емес, басқа қалаларда да достары көп. Оның досы Дастан Алматыда тұрады. Ал Маржан ...



Сіздің танысыңыз сіз бұрын барған елге барғысы келеді. Одан сіз не туралы өтінер едіңіз? Не туралы сұрайсыз? Нені алуға, нені алмауға кеңес бересіз? Нені ұмытпауға, кімге міндетті түрде хабарласуға, нені сатып алуға кеңес бересіз?

## МӘТІНДІ ОҚИМЫЗ, ТАЛДАЙМЫЗ ...

### I. Мәтінді оқуға дайындалыңыз.

1. 1-7 дейінгі лексикалық тапсырмаларды орындаңыз.

2. Мына сөздердің мағынасын анықтаңыз, сөз тіркесін құрастырыңыз: *аспирантура, лифт, практика, дәстүр.*

---

---

---

3. Елдердің атын және олардың тұрғындарын оқыңыз, жазыңыз.

Картадан қараңыз, осы елдер қайда? Олар туралы не білесіз, айтыңыз.

*Қазақстан – қазақ, Белоруссия – белорус, Тәжікстан – тәжік, Өзбекстан – өзбек, Жапония – жапон, Германия – неміс, Ресей – орыс.*

Сіздің топтың студенттері қайдан келгенін айтыңыз.

1) Тақырыптық қатардағы басты сөзді анықтаңыз, артық сөздердің астын сызыңыз.

*Жапон, орыс, өзбек, ағылшын тілі, қала, көрме, тәжік, шетелдік.*

2) Сөздер мен сөз тіркестерін, мысалдарды оқыңыз. Олардың мағынасын контекст бойынша түсінуге тырысыңыз. Сөздікті тек қана түсінбеген жағдайда пайдаланыңыз. Осы сөздер мен сөз тіркестеріне тағы басқа мысалдар жазыңыз.

- **Жүз (бет)**

*Мына қыздың жүзі әдемі: қыр мұрынды, қара көзді, күлкісі әдемі*

- **Мүлдем олай емес / мүлдем ондай емес.**

*Мен бұрын Арманды өте салмақты адам деп ойлайтынмын. Онымен жақынырақ танысқан кезде мен оны жақсырақ білдім. Ол мүлдем ондай емес: ол әзілдеуді ұнатады, көңілді оқиғалар айтады.*

- **Ұқсас, ұқсайды – кімге? неге?**

*Мына суретте сен өте белгілі бір әртіске ұқсайсың.*

*Ағалы-інілер ылғи бір-біріне ұқсай бермейді.*

- **күлдіргі**

*Егер сенің көңіл күйің болмай тұрса, мына жаңа комедияны көруге кеңес беремін, шынымен де, өте күлдіргі фильм.*

• **Екеуі де**

*Сіздің қай балаңыз дәрігер болғысы келді? Айдос па, Ілияс па?*

*Біздің балаларымыздың **екеуі де** медицинаны өте жақсы көреді. Айдос та, Ілияс та.*

– Мына сөздерге анықтауыш табыңыз.

*Қала, күз, ағаш, күн, өмір, мәдениет, тарих.*

– Мына сөздерге антоним табыңыз.

*Үлкен, жақсырақ, үлкенірек, жылы, қатты.*

**Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін ана тіліңізге аударыңыз. Сөйлем құраңыз.**

1) Үйрену; айналаға қарау; күлу; тырысу; апару; жолы болу, ерекшелену кімнен? неден?

... сияқты; ... сияқты көріну.

2) таңданарлық.

3) әзіл.

## **II. Мәтінді оқыңыз, тапсырмаларды орындаңыз.**

**Мәтінді оқу кезінде асты сызылған сөздерге назар аударыңыз, олардың мағынасын сөздіктен нақтылаңыз. Мәтін тақырыбын атаңыз.**



Мені білмейсіз. Келіңіз танысайық. Менің атым – Мендерес. Мен Қазақстанға Түркиядан келдім. Мен бұрын Түркияның бұрынғы астанасы Стамбулдың орталығында тұрдым. Бұл – өте үлкен қала, елдің астанасы. Әрине, менің қаламда жоғары білім алуға болатын тамаша университеттер бар. Бірақ менің ылғи Қазақстанды көргім келді, Қазақстанда, Алматыда оқығым келді. Себебі тек қана жақсы маман емес, қазақ тілінде еркін сөйлегім келді. Көп жыл бұрын мектепте оқыған кезде маған қазақ әдебиеті ұнады. Абайдың өлеңдерімен, М.Әуезовтің шығармаларымен мен мектепте танысқанмын.

Мен мұнда қыркүйекте, «алтын күз» басталғанда келгенмін. Бұл – жылдың ең жақсы мезгілі: ерте күзде мұнда әлі жылы, күн шуақты ағаш жапырақтары сарғайған. Қала – әдемі.

Аэропорттан Орхан деген танысым қарсы алды. Орхан өткен жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды бітірген. Ал қазір бірнеше айдан бері аспирантурада оқиды. Мен ҚазҰУ-дің дайындық факультетінің студенті болдым. Қазақ тілін оқи бастадым, аздап қазақша түсіне бастадым.

Мен тек қана сабақта емес, сабақтан кейін де, қыдырғанда да, дүкенге барғанда да қазақша көбірек сөйлеуге тырысамын. Менің жолым болды деп ойлаймын. Себебі менің көршілерім Тадеуш – Польшаның студенті, Андрей – Ресейдің студенті. Олар қазақша жақсы біледі, сондықтан менің практикама жақсы. Біздер тез достасып кеттік.



### III. Лексикалық, грамматикалық тапсырмаларды орындаңыз.

#### 1. Сөйлемдерді оқыңыз. Мәтіннен мағынасы жақын сөйлемдерді табыңыз.

Стамбул – өте үлкен қала, елдің астанасы.

Менің Алматыда оқығым келді.

Алтын күз – ең жақсы жыл мезгілі.

Мен ҚазҰУ-дың дайындық факультетінде оқи бастадым.

Менің көршілерім қазақша өте жақсы біледі, сондықтан мен қазақша көбірек сөйлесе аламын.

Өзіңізге таныс мезгіл құрылымдарын пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Мендерес қазақ әдебиетін қашаннан бастап жақсы көре бастады?

Ол Алматыға қашан келді?

Орхан ҚазҰУ-ді қашан бітірді?

Орханның аспирантурада оқығанына қанша уақыт болды?

Мендерес қай кездерде қазақша сөйлеуге тырысады?

#### 2. Көп нүкте орнына қажетті мағынасы бойынша іс-әрекет мекенін, қозғалыс бағытын білдіретін сөздерді қойыңыз.

Мендерес \_\_\_\_\_ келді. Ол бұрын \_\_\_\_\_ тұрды.

Ол \_\_\_\_\_ оқығысы келді. Мендереске \_\_\_\_\_ қазақ әдебиеті ұнады.

Ол Алматыға \_\_\_\_\_ келді. Қала \_\_\_\_\_ танысым Орхан қарсы алды. \_\_\_\_\_ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды бітірген. Ол \_\_\_\_\_ аспирантурада оқиды. Мен \_\_\_\_\_ қазақша сөйлеуге тырысамын. Мендерестің екі көршісі бар. Олар \_\_\_\_\_ келген.

#### Сұрақтарға жауап беріңіз.

Мендерес туралы не білдіңіз? Оны қандай адам деп ойлайсыз?

Мендерес Алматыға келген бірінші күні туралы не айтты?

Орхан туралы не білдіңіз? Оны қандай адам деп ойлайсыз?

Мендерес жаңа достары туралы не айтты?

### IV. Сіздің пікіріңіз.

Келісіңіз немесе қарсыласыңыз. Иә немесе жоқ деп жауап беріңіз.

Мендерес Қазақстанға Ресейден келді.

Ол Алматыда оқуды армандады.


Мендерес бұрын қазақ мәдениеті туралы ештеңе білмеді.

Ол Алматыға келген кезде Алматыда күн өте суық еді.

Орхан да жаңа студент.

Мендерестің Алматыда жаңа достары көп.

Олардың бәрі кәрістер.



Мәтінді Мендерестің атынан әңгімелеңіз.

Өзіңіздің Алматыдағы немесе Астанадағы өміріңіз туралы әңгімелеңіз, өзіңіздің әсеріңіз туралы, жаңа достарыңыз туралы, қазақ тіліндегі практикаңыз туралы әңгімелеңіз. Әңгімеңізде мезгіл мәнді құрылымды пайдаланыңыз.

**Өз бетімізше оқимыз...**

Мәтінді оқыңыз. Мәтіннің жалпы мазмұнын түсінуіңіз керек.



## Айдан келген адам

**А**встралияға жақын жерде Жаңа Гвинея деген үлкен арал бар. 1871 жылы аралға «Витязь» кемесі жүзіп келді. Осы кемеден жағалауға тамаша ғалым әрі батыл адам Николай Николаевич Миклухо-Маклай келіп түсті. Ол аралда қалып, жергілікті тұрғындар – папуастармен бірге тұрды. Ол папуастардан қорыққан жоқ, оларға ешқандай қарусыз келіп-кетіп жүрді. Үйге қажетті заттарды сыйға беріп, олардың тілін үйрене бастады. Ал папуастар оған жеміс-жидектер, жаңғақтар әкелетін, бірақ жылдам қайтуға тырысты, себебі оған сеніңкіремеді.

Уақыт өтіп жатты. Папуастардың өзіне үйренгенін, өзінен қорықпайтынын Миклухо-Маклай шыдамдылықпен күтті. Ол барлығын зерттеуді жалғастырды, айналадағының бәрін зерттеді. Папуастар тілінің сөздігін құрастырды. Олардың дәстүрін түсінуге тырысты. Өсімдіктер коллечиясын жинады, ормандардың алыс түкпірін аралады. Ұзақ және қауіпті сапарлардан үйге аман-есен оралып жүргеніне өзі де кейде таңқалып жүрді.

Миклухо-Маклайдың жақсы адам екендігін ақыры папуастар да түсінді, оны өздерінің досы ретінде таныды. Ғалым олардың тілінде сөйлеуді үйренген кезде жердің үлкен екендігін, үлкен болып көрінген олардың аралының кішкентай екенін түсіндіре бастады. Ол өзінің алыс елден келгені туралы әңгімеледі. Олар Миклухо-Маклай елінің қайда екендігін сұрағанда, ол: «Алыс, өте алыс, мұнда» – деп, қолымен солтүстік жақты көрсетті. Ал папуастар Миклухо-Маклайды Айдан ұшып келді деп шешті. Олар оны «Айдан келген адам» – деп, атай бастады. Жыл өтті. Бірде аралға үлкен кеме жүзіп келді. Кемедегі адамдар Миклухо-Маклайды тірі деп ойламады. Ал оны көрген кезде, бәрі қуаныштан «Ура» – деп айғайлады.

Миклухо-Маклай да осы кездесуге қатты қуанды. Ол өзінің коллекцияларын, хаттарын Отанына беріп жіберіп, өзі осында қалуды шешті. Бірақ содан кейін қайтуға келісті. Ал папуастар оның аралда қалуын қалады, өтінді, оның ешқайда кетпеуін өтінді. Ол аралға тағы да келуге уәде берді. Өзінің уәдесін орындады, аралға, өзінің достарына үш рет келді.

Қазіргі кезде Жаңа Гвинея аралының бір жағалауын Маклай жағалауы деп атайды. Арал тұрғындары Миклухо-Маклайды ұмытқан жоқ, ол туралы аңыздар да әңгімелейді.

**Тапсырманы орындаңыз. Дұрыс жауаптың бірін таңдаңыз.**

1. Бұл әңгіме ...

- Жиһанкез ғалым Миклухо-Маклайдың ғылыми еңбектері туралы.
- Жаңа Гвинея аралының тұрғындары туралы.
- Жиһанкез ғалым Миклухо-Маклайдың Жаңа Гвинея аралындағы өмірі және оның жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасы туралы

2. Миклухо-Маклай аралда ...

- папуастардан алыс тұрды.
- папуастармен қатар тұрды.
- папуастармен бірге тұрды.

3. Миклухо-Маклай және жергілікті тұрғындар ...

- бірден дос болып кетті.
- ортақ тіл таба алмады.
- біраз уақыттан кейін дос болып кетті.

4. Басында папуастар одан тез кетіп қалып жүрді, себебі...

- олармен ешқашан сөйлеспеді.
- оған сенбеді.
- оны түсінбеді.

5. Ғалым папуастардың тілінде сөйлеуді үйренгеннен кейін оларға ... әңгімеледі.

- Отаны туралы
- өзінің коллекциялары туралы
- құрастырған сөздігі туралы

6. Папуастар Миклухо-Маклайды ... деп атай бастады.

- ақ досымыз
- жақын досымыз
- айдан келген адам

7. Кемемен келген адамдар ...

- Миклухо-Маклай туралы ештеңе білмеді.
- Миклухо-Маклайды аман-есен көрді.
- Миклухо-Маклайды таба алмады.

8. Папуастар Миклухо-Маклайдан Аралда қалуды өтінді, ...

- бірақ ол Отаннына мәңгіге оралды.
- ол аралда қалды.
- бірақ ол кетіп қалды, содан кейін аралға тағы үш рет келіп кетті.

9. Қазіргі кезде...

- Жаңа гвинеяда Миклухо-Маклай туралы ешкім ештеңе білмейді.
- Миклухо-Маклай Жаңа Гвинея тұрғындарының есінде, оны ұмытқан жоқ.
- Жаңа гвинеяда Миклухо-Маклай туралы түрлі әңгімелер жазылған.

*\*Оқыған мәтіндеріңізді қысқаша әңгімелеңіздер. Жиһанкез ғалым туралы тағы не білесіздер? Қосымша ақпарат айтыңыздар.*



**Сіздер жауап беретін және бір-біріңізден сұрауға болатын, әңгімелесуге қатысты сұрақтармен танысыңыз.**

Астанаға қашан келдіңіз?

Әуежайда немесе вокзалда сізді кім күтіп алды?

Әуежайдан келе жатқанда не көрдіңіз?

Астанада алғашқы күні кіммен таныстыңыз? Қашан, қайда таныстыңыз?

Сіз Астанаға келген күні ауа райы қандай болды?

Өзіңіздің жаңа достарыңыз туралы әңгімелеңіз.

Олардың аты кім?

Олар қайдан келген?

Сіздер қалай дос болдыңыздар? Мінездеріңіз ұқсай ма? Әлде мақсаттарыңыз ұқсай ма?

Достардың мінезі міндетті түрде ұқсас болуы керек деп ойлайсыз ба? Неге?

Бос уақытыңызды кімдермен бірге өткізгіңіз келеді? Неге? Қайда бірге барасыздар? Не туралы әңгімелесесіздер?

Қазақ елі туралы не айтар едіңіз? Не білдіңіз?

# ҮШІНШІ САБАҚ

## Менің қымбаттыларым, туыстарым, жақындарым...

### МАЗМҰНЫ:

- Сандық сипаттаманың берілуі
- Бар-жоқтың берілуі
- Сапалық сипаттаманың берілуі
- Модальдық қатынастың берілуі (Мүмкіндік, тыйым салу, қажеттіліктің және адамның ішкі қалып күйінің берілуі)

### ОҚИМЫЗ, ОЙЛАНАМЫЗ, ТАЛДАЙМЫЗ...

1. Хатты оқыңыз. Таныс емес сөздерді аударыңыз. Асты сызылған сөздерге назар аударыңыз. Қай септіктер қолданылған? Гүлназ қайдан хат алды? Қанша хат алды?

Сәлем Асқар!

Сенің тамаша үш хаттыңды алдым. Рақмет. Саған бірден жауап беруге уақытым болмады, айып етпе. Жұмыстарым көп болды: бақылау жұмыстары, семинарлар, сынақтар, жиналыстар. Маған көп қайыңдалу керек болды, бірақ, сені ұмытты деп ойлама. Сені сағынамын. Сенсіз маған мұнда көңілсіз. Көңілсіз, мұңлы кездерде біздің суреттерімізді, қостарымызды, жақындарымыз бен туыстарымыздың суреттерін қарап отырамын. Әсіресе, маған ұнайтыны екеуіміздің, Мақпал мен Достанның Абай ескерткіші жанында тұскен суреттері ұнайды. Ол суреттер есіңде ме? Сен Алматыға бірнеше күнге келіп едің ғой. Біз Алматы көшелерінде қыдырып, қараша айының суығын сезбедік те ғой. Жылы болды.

Хатта көп ештеңе айта алмайсың да, түсіндіре де алмайсың... Кел, сені көргім келеді. Сен демалыс күніңді Алматыда өткізгің келіп еді ғой.

Саған бірнеше жаңа суреттер жіберіп отырмын. Сен оларды әлі көрген жоқсың. Жауап күтемін.

Гүлназ



## 2. Сұрақтарға жауап беріңіз:

Гүлназ кімнен хат алды?  
Ол қанша хат алды?  
Ол неге ұзақ уақыт хат жазбады?  
Гүлназ кейде неге көңілсіз?  
Гүлназ кімді күтіп жүр?  
Гүлназ көңілсіз болған кезде не істейді?  
Асқар Алматыға қанша күнге келді?  
Асқар жақында қандай суреттер алады?

## ГРАММАТИКАНЫ ОҚИМЫЗ, ҚАЙТАЛАЙМЫЗ

### 3. Кестемен танысыңыз. Сан мәнін білдіретін өзіңізге таныс құрылымды талдаңыздар.

**Мысалдарды оқыңыз:** жақында мен достарымнан екі шағын хат алдым. Сондай-ақ, туыстарымнан үш құттықтау хат алдым. Менің аздаған ақшам бар. Менің бірнеше досым шет елде оқиды. Мен бүгін төрт тапсырма орындадым. Осы семестрде көптеген студент сабаққа кешігіп келді. Дәрісханада жаңадан келген үш студент отыр.



### Назар аударыңыз!

Қазақ тілінде сан есім зат есімнің алдынан келген жағдайда зат есімге көптік жалғауы жалғанбайды. Зат есім алдындағы сан есім, сын есім септелмейді.

### 4. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сөйлемді аяқтаңыз.

Мен қазақ тілін жақсы білемін, себебі мен оны төрт (жыл) оқыдым.  
Ол қазақ тілін үш (ай) оқиды.  
Туристер Алматыда екі (күн) болды.  
Шолпан мәтінді үш (рет) оқыды.  
Кеше Жеңіс кітапханадан екі (кітап), төрт (журнал), екі (сөздік) алды.  
Консультацияда төрт (адам) болды.  
Топта екі (қытай студенті), екі (жапон студенті) оқиды.  
Менің екі (інім), екі (сіңлім) бар.  
Жақында Моңғолиядан 24 (студент) келді.  
Осы оқулықта 162 (бет) бар.

### 5. Қазақша білеміз бе, жарысайық!

**Нұсқау:** Топ екіге бөлінеді. Сұрақтарды оқытушы береді. Бір сұраққа дайындық уақыты – 15 секунд. Әрбір дұрыс жауап үшін топ 5 балл алады. Қай топта балл көп болса, сол топ жеңеді.

#### Сұрақтар:

Сіз осы қалада қанша ай болдыңыз?  
Орталықта қанша рет болдыңыз?  
Қанша даңғыл, қанша көшелерді білесіз?  
Сіздің елден, сіздің аймақтан осы университетте қанша студент оқиды?  
Осы қалаға қанша сағат ұшып келдіңіз? Пойызбен қанша сағат жүріп келдіңіз?  
Осы жерде қанша уақыт боласыз?

Сіздің топта қанша оқытушы жұмыс істейді?

Достарыңыздан қанша хат алдыңыз?

Сіз университетте күнде қанша сағат боласыз?

Қашан және қанша сағат дем аласыз?

Ұялы телефон арқылы сізге күнде қанша рет хабар түседі?

Ұялы телефон арқылы 1 минут сөйлесу қанша тұрады?

Біздің елде қанша мемлекеттік мереке бар? Егер шетелден келсеңіз, сіздің еліңізде қанша мемлекеттік мереке бар?

Кітапханадан қанша кітап, қанша сөздік алдыңыз?

Отбасыңыз үлкен бе? Қанша ініңіз, қанша қарындасыңыз (сіңліңіз) бар?

Университет ғимаратында қанша қабат бар?

## 6. Қазақ тілінде туыстық атаулар қалай аталады, есіңізге сақтаңыз.

Отбасы		Туған-туысқан
ана	іні	туған-туысқан
әйелі	сіңлі	нағашы аға
балалары	қарындас	нағашы апа
ұл немере	ата	нағашы ата
қыз немере	әже	нағашы әже
көке	бала	
әке	ұл	
шеше	қыз	
әпке (апа)	күйеуі	
аға	ата-ана	
туған аға		

### Рөлдік ойын – «Танысайық»

**Жағдаят:** топтағы біреу сізде қонақта, ал қалғандары сіздің отбасыңыздың мүшелері. Оларды бір-бірімен таныстырыңыз.

---

## Іс-әрекет объектісінің бар / жоқ екенінің берілуі

### Салыстырыңыз:

#### Сұрақтар:

1. Сіздің үлкен әпкеңіз бар ма?
2. Кімнің әпкесі жоқ?
3. Жанардың кімі жоқ?

#### Жауаптар:

- Иә, менің үлкен әпкем бар.  
Менің әпкем жоқ.  
Жанардың әпкесі жоқ.

## Назар аударыңыз!



Меншіктілікті білдіру үшін ілік септігінің тұлғалары қолданылады. Егер сіз заттың, адамның бар екендігі туралы сұрағыңыз келсе, мынадай құрылымды пайдаланасыз: *Кімнің ... бар? Кімнің ағасы бар? Кімнің сөздігі бар?* Заттың, адамның жоқ екендігін сұрағыңыз келсе, предикат ретінде сіз жоқ сөзін пайдаланасыз. *Кімнің ... жоқ? Кімнің сөздігі жоқ? Кімнің әпкесі жоқ?*

**Кестемен танысыңыз. Бар/жоқ құрылымын талдаңыз.**

### Бар құрылымы:

*Менің ағам бар.*

*Менің сіңлім бар.*

*Менің інім де, сіңлім де бар.*

### Жоқ құрылымы:

*Менің ағам жоқ.*

*Менің сіңлім жоқ.*

*Менің інім де, сіңлім де жоқ.*

**7. Бір-біріңізден отбасыңыз туралы сұраңыз. Жоғарыда кестеде берілген ақпаратты пайдаланыңыз.**

#### Үлгі:

- Сенің отбасың үлкен бе?
- Жоқ. Ата-анам және бір ағам бар.
- Ал жақын туыстарыңыз бар ма?
- Иә, бар. Бір ағам екі және тәтем бар.
- Жиендерім бар.

**Кестемен танысыңыз. Предикаттың берілуіне назар аударыңыз.**

*осы шақ  
өткен шақ  
келер шақ*

*Менің бүгін бос уақытым жоқ.  
Кеше менің бос уақытым болмады.  
Ертең менің бос уақытым болмайды.*

**8. Төменде берілген сөздерді, сөз тіркестерін пайдаланып, сұхбат құрыңыз.**

**Үлгі 1:** – *Сені футболға барды деп айтты. Қалай болды?*  
– *Айтар сөзім жоқ! Керемет болды.*

**Үлгі 2:** – *Сен футболға бардың ба? Қалай болды?*  
– *Кеше ешқандай футбол болған жоқ.*

Пресс-конференция, классикалық музыка концерті, экскурсия, жас суретшілер көрмесі, жарыс, соңғы консультация, физика сабағы (математика, химия, тарих).

**Үлгі 3:** – *Қарлығаш, қайда барасың?*  
– *Жиналысқа.*  
– *Сен не, жиналыстың бүгін болмайтынын білмейсің бе?*

*Баскетбол, хоккей, емтихан, сынақ, университеттегі сабақ, би кеші, қазақ биі бойынша байқау, «Егемен Қазақстан» газетінің редакторымен кездесу, университет ректорымен кездесу.*



## 9. Төменде берілген сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

Менің әпкем суретке түсіруді жақсы көреді, бірақ оның ... жоқ. Сондықтан мен оған ... сыйлаймын.

Айжан мақала аударып отыр, бірақ оның ағылшынша-қазақша сөздігі жоқ. Сондықтан мен оған ... бердім.

Гүлназ Назымға телефонмен хабарласқысы келді, бірақ Гүлназда Назымның ұялы телефонының жаңа ... жоқ. Сондықтан Гүлназ оған ... жазды.

Менің көршім жүзуді жақсы көреді, бірақ ол бассейнге бара алмайды, себебі оның медициналық ... жоқ. Сондықтан мен оған дәрігерге барып, ... алуға кеңес бердім.

Гүлназдың құрбысы аэробиканы жақсы көреді, бірақ оның ... жоқ. Мен Гүлназға ... қайдан алуға болатынын түсіндірдім.

Мақсат жақсы музыкант, бірақ оның ... жоқ. Сондықтан оның достары оған ... сыйлауды ойластырды.

Жеңістің үлкен ағасы – бағдарламашы, бірақ оның ... жоқ. Сондықтан ол ... сатып алатын болды.

Менің жиендерім хоккейді өте жақсы көреді. Бірақ олардың ... жоқ. Сондықтан оның ата-аналары оларға ... сатып әпергісі келеді.

Біздің оқытушыда әрқашан жаңа газеттер болады, бірақ бүгін ол соңғы жаңалықтарды біле алмайды, себебі онда ... жоқ. Сондықтан Ермек оған ... берді.

*(Ұялы телефонның жаңа нөмірі, қазіргі немесе заманауи гитара, хоккей таяғы, шайба, жаңа газет, дәрігерлік анықтама, ағылшынша-қазақша сөздік, фотоаппарат, спорт костюмі).*

## 10. Сұрақтарға үлгі бойынша жауап беріңдер. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркесін пайдалана отырып, себебін түсіндіріңіз.

**Үлгі:** – *Көрмеге неге келмедіңіз?*

– *Мен көрмеге келе алмадым, себебі менің билетім болмады.*

Сіз неге мына оқулықты сатып алмадыңыз?

Кеше Жеңіс неге театрға бармады?

Неге Мақсат барлық есептерді шығара алмады?

Сіздің достарыңыз неге біздің университет туралы мақаланы оқымаған?

Сіз неге жаңа сөздерді жаттамағансыз?

Неге Асқар Қайратқа телефон соқпады?

Неге Айжан жаттығуға бармады?

Неге Сіз соңғы жаңалықтарды білмейсіз?

Сіз неге электронды хатты жібермегенсіз?

Сіз неге демалыста елге бармадыңыз?

*(Ақша, бос уақыт, билет, Ана тілі газеті, қазақша-ағылшынша сөздік, телефонның жаңа нөмірі, виза, электронды адрес, спорт костюмі, біздің журналдарымыз бен газетіміз).*

**Кестемен танысыңыз. Көмектес септігінің қолданысын талдаңыздар. Іс-әрекет сипатын білдіретін құрылымға назар аударыңыз.**

Мағынасы	Сұрақтары	Көмектес септігі
– бірлескен іс-әрекетті көрсетеді; – іс-әрекеттің сапалық сипаттамасын білдіреді.	Кіммен?	Айжан көрмеге құрбысымен барды.
	Немен?	Ол үйге қарай бір шоқ гүлмен келе жатты.
	Қалай?	Мақсат сабақты ынтамен оқиды. Ол ылғи қалжыңмен жауап береді.

Мағынасы	Сұрақтары	Болымсыздық мағынасын білдіретін туынды сын есім
– жоқ нәрсені, заттың, адамның жоқтығын білдіреді; – іс-әрекеттің сапалық сипаттамасын білдіреді.	Кімсіз?	Ол әкесіз өсті. Ол далаға бас киімсіз шығып кетті.
	Несіз?	Мен оны құлықсыз тыңдадым. Мен сізге мұны ешқандай қалжыңсыз айтып тұрмын. Ол жұмысын мүлтіксіз орындады.

### Назар аударыңыз!



Көмектес септігінің тұлғасы тек қана бірлескен іс-әрекетті ғана білдірмейді. Сонымен қатар іс-қимылдың сапалық сипаттамасын да білдіреді.

Бір нәрсенің жоқтығы, іс-әрекеттің сапалық сипаттамасы болымсыздық мағынасын білдіретін туынды сын есім арқылы беріледі. Қалай деген сұраққа жауап береді.

#### 11. Үлгі бойынша сипаттама құрыңыз. Екеуара жұмыс.

**Үлгі 1:** – Сен театрға Асқармен бардың ба, әлде жалғыз бардың ба?

– Әрине, Асқармен. Сен білесің ғой. Мен Асқарсыз ешқайда бармаймын. Біз ылғи барлық жерге бірге барамыз.

**Үлгі 2:** – Сенің компьютерің бар ма?

– Өкінішке орай, компьютерім жоқ.

– Түсінбеймін, қалай компьютерсіз күн көріп жүрсің?

Тоңазытқыш, шаңсорғыш, телефон, автокөлік, велосипед, шаңғы, коньки, шахмат, газет, журнал.

## 12. Сұрақтарға жауап беріңіз. Себебін түсіндіріңіз.

Сіз газетті қызығушылықпен оқисыз ба, әлде ешқандай ынтасыз оқисыз ба?

Сіздің досыңыз шет тілін ынтамен оқи ма? Әлде ынтасыз оқи ма?

Сіздің атаңыз көзілдірікпен оқи ма, әлде көзілдіріксіз оқи ма?

Сізді құрбыңыз ренішсіз қарсы алды ма, әлде қуанышпен қарсы алды ма?

Сіздің досыңыз қазақша қатемен сөйлей ме, әлде қатесіз сөйлей ме?

**а) Жеңіс пен Мақсаттың сұхбатын оқыңыз. Олар не туралы айтты, әңгімелеңіз. Сан мәнін білдіретін тұлғаларға назар аударыңыз.**

**Жеңіс:** – Мақсат мына суреттер кімдікі?

**Мақсат:** – Қай суреттер?

**Жеңіс:** – Мысалы, мына суреттер.

**Мақсат:** – Бұл суреттер – менің отбасымның суреттері. Міне, ортада менің ата-аналарым. Оң жақта мен және менің екі үлкен ағам, ал сол жақта екі кішкентай қарындасым.

**Жеңіс:** – Отбасыларың үлкен екен!

**Мақсат:** – Иә, біздің отбасымызда жеті адам бар. Атам да, әжем де бар. Атам жетпіс бес жаста, әжем жетпіс жаста. Құдайға шүкір, бәрі аман-сау. Сенің отбасың ше? Үлкен бе?

**Жеңіс:** – Үлкен деп ойлаймын. Менің отбасымда үлкені менмін. Менің екі інім, бір қарындасым бар.

**Мақсат:** – Балалардың үлкені болған жақсы шығар?

**Жеңіс:** – Қалай айтсам екен. Жауапкершілігің көбірек болады деп ойлаймын.

## **б) Сұрақтарға жауап беріп көріңіз.**

1. Сіздің отбасыңыз үлкен бе?

2. Сіз балалардың үлкенісіз бе, әлде кенже баласыз ба?

3. Сіздер үйде нені бірге істеуді қалайсыздар?

4. Ата-анаңыз, әдетте, сізге қандай жұмыстар тапсырады?

5. Ата-анаңыз неге рұқсат етпейді?

## 13. Модальдық қатынастың берілуі

*Рұқсат беру, тыйым салу, қажеттілік, адамның ішкі көңіл күйін білдіретін мағыналар*

Берілген үлгі бойынша ұқсас сұхбаттар құрыңыз.

**1. Үлгі:** – *Сәлеметсіз бе! Мен Мақсатпын ғой. Асқарды бола ма?*

– *Өкінішке орай, ол қазір үйде жоқ.*

– *Маған тағы да телефон соғуға бола ма?*

– *Әрине, болады.*

– *Рақмет.*

**2. Үлгі:** – *Айтыңызшы, Ертең сізбен кездесем бола ма?*

– *Жоқ, болмайды. Мен ертең болмаймын. Сейсенбіде болады.*

– *Рақмет.*

**3. Үлгі:** – *Халіңіз қалай?*

– *Рақмет. Қазір жаман емес десе болады.*

– *Онда саған сабаққа баруға болады ғой?*

– *Жоқ, маған әлі болмайды. Дәрігер рұқсат бермейді.*

**Кестемен танысыңыз. Қажеттілік пен қалауды білдіретін құрылымды салыстырыңыз. Айырмашылық пен ұқсастығы неде?**

Шақтар	Қалаудың берілуі	Қажеттіліктің берілуі
Осы шақ	Гүлназ Асқармен кездескісі келеді.	Гүлназдың Асқармен кездесуі керек.
Өткен шақ	Гүлназдың Асқармен кездескісі келген.	Гүлназдың Асқармен кездесуі тиіс еді.
Келер шақ	Дастанның ертең досына хабарласуына болады.	Дастанның досымен кездесуі қажет.

**14. Үлгі бойынша сұхбат құрыңыз. Барыс септігінің қолданысына назар аударыңыз.**

**Үлгі:** Сен/жаттығуға бару/дайындалу

– Сен жаттығуға барасың ба?

– Жоқ, бара алмаймын. Менің сабаққа дайындалуым керек.

Тірек сөздер: Салтанат/кітапхана/әуежайға бару; Маржан/жиналыс/емханаға бару; Мақсат/экскурсия/досымен кездесу; Рабиға Рахманбердіқызы/студенттік кеш/Ғылыми кеңесте болу; сіз/футбол/консультацияға бару.

Кестемен танысыңыз. Құрылымдарды салыстырыңыз. Олардың айырмашылығы неде?

Заттың анықтауышы	Адамның ішкі көңіл-күйінің анықтауышы
Бұл жақсы кездесу болды.	Достарыммен кездескенім жақсы болды. Кездесу көңілді болды. Кездесу қызық болды. Қоштасу қиын.

**Мына құрылымды еске сақтаңыз:**

Кімге?	Қалай?
(барыс септігі)	көңілді қиын қызық ауыр жеңіл
	болды

**15. Сұрақтарға үлгі бойынша жауап беріңіздер.**

**1.Үлгі:** – Мына фильм қызық болды ма?

– Иә, қызық болды.

1. Мына емтихан жеңіл ме? \_\_\_\_\_.
2. Онда ауа райы суық болды ма? \_\_\_\_\_.
3. Мына концерт көңілсіз бе? \_\_\_\_\_.
4. Бұл күндер көңілді болды ма? \_\_\_\_\_.
5. Бұл демалыс көңілді болды ма? \_\_\_\_\_.
6. Мына кездесу көңілсіз болды ма? \_\_\_\_\_.
7. Мына демалыс жақсы болды ма? \_\_\_\_\_.
8. Бұл жағымсыз әңгіме болды ма? \_\_\_\_\_.

**2. Үлгі:** – Сен мына есепті қиын деп ойлайсың ба? (нені шығару?)

– *Иә, маған мұны шығару қиын.*

– *Жоқ, маған мұны шығару сонша қиын емес.*

1. Сен мұны жеңіл ереже деп ойлайсың ба? (нені түсіну?)

---

2. Оны қызық адам деп айтады? Ләззат айтқан, бұл қиын жұмыс па? (нені істеу?)

---

3. Сен мұны оңай шешім деп ойлайсың ба? (нені табу?)

---

4. Мыналар ұқыпты, тәртіпті балалар ма? (дем алу кіммен бірге?)

---

5. Мынау жағымды жаңалық па? (нені білу?)

---

6. Бұл маңызды әңгімелесу болды ма? (кіммен? не туралы?)

---

## **16. Сұрақтарға жауап беріңіз, себебін түсіндіріңіз.**

1. *Сіз білесіз,*

– бөтен адамға не туралы айтуға болады, не туралы айтпауға болады?

– университетте, жатақханада, қонақта не істеуге болады, не істеуге болмайды?

– адам ауырып қалғанда не істеуге болады?

– көңіл-күйіңіз болмаған кезде сізге не істеу керек?

– басқа қалаға барғысы келсе, сіздің достарыңыз не істеуі керек?

– егер қыз сізбен сөйлескісі келмесе, қызға не айту керек?

– туыстарыңызға не сыйлау керек?

2. *Сіз айта аласыз,*

– көңілді, көңілсіз болғанда, сіздің досыңыз немесе құрбыңыз көңілсіз болғанда;

– сізге қиын немесе оңай болғанда, ағаңызға немесе әпкеңізге қиын болғанда;

– кіммен және не туралы айту сізге жағымды немесе жағымсыз?

## **МӘТІНДІ ОҚИМЫЗ, ТАЛДАЙМЫЗ...**

### **I. Мәтінді оқуға дайындалыңыз, 1-7 тапсырманы орындаңыз.**

**1. Интернационал сөздердің мағынасын сөздіксіз анықтаңыз. Оларға сұрақ қойыңыз, сөз тіркесін жазыңыз.**

*биология, аспирант, дәстүр, құпия, фармацевт, мінез, парламент.*

**2. Тақырыптық қатардағы басты сөзді анықтаңыз, артық сөзді алып тастаңыз.**

*Балалар, аға, дос, әпке, шеше, әке, көке, тәте, көрші, отбасы, ата-ана, ата, әже, бойжеткен, жиен, немере, адамдар.*

**3. Сөздерге антоним табыңыз.**

*Көп, көңілді, шулы, жақсы, әдемі, жиі, қиын.*

**5. Мына сөздерге анықтауыш табыңыз.**

*Адам, балалар, қызым, әпке, отбасы, аға, дос, дәрігер, нәресте.*

## 6. Сөздер мен сөз тіркесін оқыңыз.

Олардың мағынасын контекст бойынша түсінуге тырысыңыз. Түсінбеген кезде ғана сөздікті пайдаланыңыз. Осы сөздердің қолданысына өзіңіздің мысалыңызды жазыңыз.

### 1) атау-аталады

Менің атым – Рахман. Менің атамның аты да Рахманберді, менің атым сияқты. Менің атымды осылайша атаған, себебі атамды көбінесе Рахман деп атайды екен.

2) ұқсау кімге? Мақсаттың көзі қап-қара. Оның үлкен ағасының көзі де қара. Олар бір-біріне өте ұқсайды деп айтады.

Айтыңыз. Сіз кімге ұқсайсыз? Ініңіз кімге ұқсайды?

### 3) үлкен / кіші кімнен? қанша?

Асқар жиырма бесте. Дастан жиырма үште.

Асқар кімнен үлкен? Қанша жас үлкен? Дастан кімнен кіші? қанша жас кіші?

### 4) олардың екі баласы бар: ұлы және қызы.

Айтыңыз, сіздің отбасыңызда қанша бала бар?

Мына мақалдарды есіңізге сақтаңыз: Мың сөзді бір сөзбен тоқтатар. Жеті жұрттың тілін біл.

### 5) мамандығы, мінезі жағынан

Оның мамандығы – инженер. Мамандығы бойынша ол – инженер.

Серік – өте көңілді адам. Мінезі жағынан Серік өте ашық, ақ көңіл, ұқыпты адам.

Сіздің ата-анаңыз мамандықтары бойынша кім?

Мінезі жағынан олардың қайсысы ақ көңіл және мейірімді?

### 6) жолы болу қалай? кімнің?

Оның ылғи жолы болады.

Ол не істесе де нәтижесі жақсы болады.

Айтыңыз, сіздің ылғи жолыңыз бола ма? Түсіндіріңіз, неге?

### 7) өзін ұстау қалай?

Айшат дәрісханаға келгенде, ешқашан амандаспайды.

Бұл дұрыс емес. Ол өзін дұрыс ұстамайды.

### 8) артық

– Сенде би кешіне артық билет бар ма?

– Иә, бар. Оны мен саған бере аламын. Мен Жанатқа алғанмын. Ол бармайтын болды.

– Рақмет.

Қазақ тілінде кісі есімдері бірде толық айтылса, бірде толық айтылмайды. Адамды қалай атау жағдайға байланысты. Сөйлемдерді оқыңыз. Жағдаяттарды салыстырыңыз, қорытынды жасаңыз.

Әкемді жұмысында Төрегелді Рахманұлы деп атайды, Төке деп те атайды. Жақын достары да Төке немесе Төре деп те атайды. Үйде әжем Төреш деп атайды, ал інісінің балалары көке деп атайды.

## Кісі аттарының берілген нұсқаларына назар аударыңыз.

Салтанат	Салтанай	Салта	Салтан
Айнұр	Аймекен	Айнаш	Айнөк
Айдана	Айдан	Айжан	
Жұлдыз	Жұлдызай	Жұлдызжан	
Ерсайын	Ереке		
Нұрлан	Нүреке	Нұрлантай	



## II. Мәтінді оқыңыз. Тапсырмаларды орындаңыз.

1. Мәтінді оқыған кезде, асты сызылған сөздерге назар аударыңыз. Олардың мағынасын сөздік арқылы анықтаңыз.



Біздің үйде сүйкімді қарт кісі тұрады. Оның есімі – **Балғабекұлы Мақажан**. Оның пәтерінде ылғи көңілді. Күнде оған әртүрлі адамдар келеді: қарттар, орта жастағы адамдар, жастар, жасөпірімдер, тіпті кішкентай сәбилер де келеді. Бұлар Мақажан Балғабекұлының туыстары: балалары, немерелері, шөберелері. Барлық Байдәулет әулеттері бір-біріне өте ұқсайды, мінездері де түрлері де ұқсайды.

Отбасының үлкені Мақажан Балғабекұлы 86 жаста, бірақ ол өз жасынан жас көрінеді. Қазір, әрине, Мақажан Балғабекұлы зейнеткер. Бұрын автокөлік зауытында инженер болып жұмыс істеген. Ол кісі өте ұстамды, сабырлы адам. Шахмат ойнағанды жақсы көреді, саясат туралы әңгімелейді, теледидардан жаңалықтарды көреді. Таңертең және кешке оны үйге жақын саябақтан кездестіре аласыз. Онда Мақажан Балғабекұлы қыдырып жүреді.

Мақажан Балғабекұлының екі қызы, бір ұлы бар. **Зере** – үлкен қызы. Ол 56 жаста, ал оның күйеуі Төлеген Рақымұлы да 56 жаста, бірақ ол әлі университетте әдебиеттен сабақ береді. Зере Мақажанқызы үй шаруасына да шебер. Оның он саусағынан өнер тамған. Ол тоқи да, тіге де алады. Тамақты да жақсы дайындайды. Зере Мақажанқызының дайындаған пирогтары, торттары үнемі дәмді болады. Оны Мақажан Балғабекұлы жақсы көреді. Сондықтан Зере әкесіне келгенде, пирогсыз келмейді. Зере мен Төлегеннің балалары ержетіп, бойжетіп кеткен Аружан Төлегенқызы және Дәурен Төлегенұлы және Салтанат Төлегенқызы.

**Аружан Төлегенқызы** – 32 жаста. Ол тұрмыста. Оның күйеуінің аты – Болат. Мамандықтары бойынша олар биологтар, саяхаттауды жақсы көреді. Олардың екі баласы бар. Аймекен және Нұрмекен – егіз, екеуі бір күнде туылған. Келер жылы олар 7 жасқа толады, мектепке барады.

Аймекен мен Нұрмекен үлкен аталарын жақсы көреді, оған қуана келеді. Сондықтан барлық көршілер оларды жиі бірге көреді.

**Салтанат Төлегенқызы** – Зеренің екінші қызы. Ол – 30 жаста. Мамандығы бойынша бағдарламашы. Ұлттық ақпараттық орталықта жұмыс істейді. Оның екі баласы бар. Айболат – 4 жаста, Айжанат – 2 жаста. Салтанатты бәрі әдемі, сүйкімді дейді. Салтанат әдемі, ұқыпты киінеді. Киген киімдері өзіне жарасады.

**Дәурен Төлегенұлы** – Зеренің ең кіші баласы. Жасы 28-де. Қазір ол – Басқару Академиясының магистранты. Ағылшын тілін жақсы оқып, көп дайындалып жүр. Шет елдерде де оқығысы келеді.

Ол да үйленген. Екі баласы бар. Үлкен баласының аты – Рақымжан. Ол қазір төрт жаста. Кіші баласының аты – Санжар, ол бір жаста.

Мақажан Балғабекұлының кіші қызының есімі – **Кәмилә**. Ол өзінің туған әпкесінен 3 жас кіші. Ол да тұрмыста. Мінезі жұмсақ, мейірімді. Оның үйінде гүлдер көп. Ол гүлдерді жақсы көреді. Мамандығы бойынша Кәмилә – дәрігер. Орталық балалар ауруханасында жұмыс істейді. Оның да күйеуі бар, балалары үлкен. Күйеуінің аты – Асылбек. Ол – 52 жаста. Заң фирмасында жұмыс істейді.

Олардың қыздары (Әсима, Әсем) университетте оқиды. Олар – әдемі, ақылды қыздар. Әсем Әсимадан екі жас үлкен. Ол 21-де. Олар әлі тұрмысқа шыққысы келмейді. Қыздар бірінші білім алғысы келеді. Бірнеше тілді үйренгісі келеді. Олар ағылшын тілін, түрік тілін оқып жүр. Меніңше, осындай қыздардың жолы болады деп ойлаймын.

Мен Мақажан Балғабекұлының отбасында өз дәстүрлері бар екенін білемін. Мысалы, жаңа жылда, туған күндерде сыйлық сыйлау, құттықтау дәстүрге айналған. Қиындау сәттерде де бір-біріне көмектеседі.

Мақажан Балғабекұлының отбасы – осындай тату-тәтті, берекелі үлкен отбасы.

### III. Лексика-грамматикалық тапсырмаларды орындаңыз.

#### 1. Берілген ақпаратты пайдалана отырып, модель бойынша сөйлем құрастырыңыз.

*1-модель: Кімнің кімі бар?*

- 1) Мақажан Балғабекұлы – екі қызы. 2) Зере Мақажанқызы – күйеуі, балалары, немерелері. 3) Зере Мақажанқызы – күйеуі, баласы, қызы. 4) Кәмилә – күйеуі, баласы, қызы. 5) Рахманның – үлкен атасы.

*2-модель: Кімнің кімі жоқ?*

- 1) Мақажан Балғабекұлының әпкесі және әйелі. 2) Зере Мақажанқызы – үлкен ағасы. 3) Кәмилә Мақажанқызының – ұлы. 4) Әсия, Әсем – күйеуі. 5) Дастан Төлегенұлы – інісі, ағасы.

#### 2. Мәтін мен Балғабекұлы әулетінің отбасы картасын пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1) кім 1 жаста, 7 жаста, 19 жаста, 21 жаста, 30 жаста, 32 жаста, 28 жаста, 35 жаста, 25 жаста, 51 жаста, 54 жаста, 56 жаста, 86 жаста?

2) Балғабековтар отбасында кім кімнен бір жасқа, екі жасқа, бес жасқа, төрт жасқа, алты жасқа, жеті жасқа, он бір жасқа үлкен? Ал кімнен кім кіші?

3) Кім кімге ұқсайды?

4) Мақажан Балғабекұлы қайда, кім болып жұмыс істеген? Оның үлкен қызы, кіші қызы қайда, кім болып жұмыс істейді? Оның немерелері Аружан, Салтанат, Дастан қайда, кім болып жұмыс істейді?



- 5) Балғабекұлының әулетінде кімге кім қонаққа жиі барады? Кім кімге қашан сыйлықтар береді? Кім кімге көмектеседі?
- 6) Балғабекұлының әулетінде кім кімге көмектеседі? Кім кіммен бірге саяхат жасайды?
- 7) Кім кіммен бірге жақында мектепке барады?

### **3. Мына сөйлемдердегі етістікке назар аударыңыз:**

#### ***көріну***

Ол – 50 жаста, бірақ жас көрінеді. Ол 18 жаста, бірақ үлкен көрінеді. Менің досым соңғы кезде ауырып жүр, реңі болмай жүр. Балалар спортпен айналысып жүр, денелері ширақ көрінеді. Сенің неге реңің болмай тұр?

#### ***өзін ұстау***

1) Мақсат өзін дұрыс ұстамайды, сабақта үнемі сөйлесіп отырады. 2) Көршілер сыпайы адамдар, өздерін, әдетте, қарапайым ұстайды. 3) Сен өзіңді дұрыс ұстамайсың, менің сенімен сөйлескім келмейді. 4) Сабақта өздеріңді қалай ұстайсыңдар? 5) Оқытушы бізге риза, бізді сабақта өздеріңді жақсы ұстайсыңдар дейді.

## **IV. Сіздің пікіріңіз**

**1. Пайымдаумен келісіңіз немесе қарсылығыңызды білдіріңіз. Иә/Жоқ деп бір сөзбен жауап беріңіз.**

1. Зере Мақажанқызы Балғабекұлы – отбасында отбасы басшысы.
2. Балғабекұлының отбасы үлкен.
3. Мақажан Балғабекұлының үш қызы бар.
4. Мақажан Балғабекұлына туыстары жиі келеді.
5. Зере Мақажанқызының екі баласы бар. Зере Мақажанқызының немерелері әлі кішкентай.
6. Зере Мақажанқызының балалары Камилә Мақажанқызының балаларынан үлкен.
7. Мақажан Балғабекұлының отбасында өздерінің дәстүрі бар.

### **2. Сұрақтарға дәлелді жауап беріңіз.**

1. Мақажан Балғабекұлының пәтерінде неге үнемі көңілді?
2. Неге автор Мақажан Балғабекұлын отбасы басшысы санайды?
3. Отбасыда кімнің он саусағынан өнер тамған? Неге?
4. Отбасыда, әсіресе, кім балаларды жақсы көреді? Неге?
5. Отбасыда ең әдемісі кім? Неге?
6. Отбасыдағы адамдардың мамандығы бірдей болса, жақсы ма, қалай ойлайсыз?
7. Қалай ойлайсыз, автор неге Әсем мен Әсиманың болашағына сенеді?
8. Сіз Мақажан Балғабекұлының отбасында кіммен танысқыңыз келеді? Неге? Сіздің отбасыңызда ең үлкені және ең кішісі кім?
9. Мақажан Балғабекұлының отбасындағы қандай дәстүрлер сізге ұнады? Неге?
10. Сіздің отбасыңызда қандай дәстүрлер бар?

**3. Өз отбасыңыз туралы әңгімелеңіз. Өз отбасыңыздың отбасылық картасын жасаңыз. Жазыңыз.**

## **ӨЗ БЕТІМІЗШЕ ОҚИМЫЗ...**

**1. Мәтінді 30 минутта оқып шығыңыз. Оқу кезінде сөздікті пайдалануыңызға болады, бірақ таныс емес сөздің бәрін аудар бермеңіз. Сізге мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну қажет.**



**М**ен сіздерге өз өмірімнен бірнеше жыл бұрын болған бір әңгімені айтқым келеді. Мен ол кезде мектепте оқитынмын. Бірде әкем мені өзі жұмыс істейтін ауруханаға мерекелік кешке шақырды. Онда дәрігерлер де, осы ауруханада бұрын емделген аурулар да болды.

Олардың ортасында өзімді бірден ересектеу сезіндім. Көпшілігі амандасуға келді, бәрі де әкеме: – Сіздің ұлыңыз үлкен екен ғой?! Ұлыңыз өзіңізге ұқсайды екен, өте ұқсайды, – деді.

Менің елдің бәрі құрметтейтін, танитын әкеме ұқсағаным туралы есту, әрине, маған ұнайды.

Кеште әкемнің әлдеқашан емдеген бір адамымен кездескенде, ерекше қуанғанын байқадым. Олар бір-бірімен бірге туғандар, жақын адамдар сияқты әңгімелесті. Әрине, менің бұл адамның кім екенін білгім келді. Әкемнің әріптестері Андрейдің ауруханада ең әлсіз сырқат болғанын айтты. «Оның екінші рет дүниеге келуіне» көмектескен әкемнен басқа ешкім оның сауығып кететініне сенбепті.

Эстраданың үздік әртістерінің концерті де есімде қалыпты. Концерттен кейін би басталды. Әкемді әйелдер биге шақырды. Әйелдер бірінен-бірі өткен әдемі. Әкемнің орнында болсам, мен осылардың әрқайсымен билер едім. Бірақ әкем жай ғана кешірім сұрады да: мен билей алмаймын, Андрейді шақырыңыздар, – деді.

Әкемнің бұрынғы емделушісі Андрей алпамсадай, екі иығына екі кісі мінгендей залдағылардың ішінде ең ірі кісі болып көрінді. Ол бәрінен де көп биледі, оның күлкісі бәрінен де зор, қуанышты еді. Әкем оған мәз бола, қуана бақылап отырды. Бірінші рет әкем ешқайда асықпады, мені де асықтырмады, маған үйге қайту керек, сабақ оқу керек, ұйықтау керек деп те айтпады. Осы кеште әкемнің бақытты түрін көрдім, бәрімен бірге бар жан-тәнімен көңіл көтерді.

Бар жақсы нәрсенің соңы бар сияқты, біздің мерекелік кешіміз де аяқталды. Біз далаға шығар кезде ақ халатты бір кісі әкеме жай ғана бір нәрсе айтты. Әкемнің түрі бірден өзінің сабырлы қалпына көшті. Андрейге мені үйге шығарып салуды өтінді. Ал маған: – Мен осында қаламын... Көп кідірмеймін. Сен, балам, қайта бер. Мен жуық арада келемін, – деді.

Біз Андрей екеуміз сыртқа шықтық.

– Ол неге қалды? – деп сұрадым мен Андрейден.

– Сен түсінбегенсің бе? Сенің әкеңнің жұмысы сондай, – деп жауап берді ол.

– Қандай жұмыс, – деп мен түсінбедім.

– Адамдарды құтқару, – деді ол, содан кейін: сен білесің бе, сен шынымен де әкеңе қатты ұқсайсың, – деп қосып қойды.

Көшеде келе жатып, әкем туралы ойладым. Әкеме тек сырт келбетім ғана ұқсайды, ал менің оған барлық жағынан ұқсағым келді. Бірақ бұл үшін менің... Адамдарды бақытты ету оңай емес, оларды өмірге қайта әкелу оңай емес.

*А.Алексиннің әңгімесі бойынша*

## 2. 1-8 дейінгі тапсырманы орындаңыз. Дұрыс жауабын таңдаңыз.

1) Бұл әңгімені ... әңгімеледі.

- бала туралы әкесінің әріптесі
- өзі және әкесі туралы бір бала
- өзі туралы бір баланың әкесі

2) Кеште бала өте қуанышты болды, себебі... .

- өзін ересектеу сезінді.
- өте көп биледі.
- өзінің жақын досын кезіктірді.

3) Баламен кездескенде, әкесінің әріптестері ... .

- оған назар аудармады.
- әкеңе ұқсайсың деді.
- кішкентайсың деді.

4) Бала Андрейге назар аударды, себебі ол... .

- ең сабырлы, салмақты болып көрінді.
- ең әлсіз болып көрінді.
- ең ірі алпамсадай болып көрінді.

5) Осы кеште баланың әкесі ... .

- өте сабырлы болды.
- ұстамды болды.
- көңілді болды.

6) Концерттен кейін ... .

- бәрі үйге қайтты.
- би басталды.
- әртістермен кездесу болды.

7) Мерекелік кеш біткен кезде, баланың әкесі ... .

- бір ер кісімен бірге кетті.
- әріптестерімен бірге залда қалды.
- бәрі бірге үйге қайтты.

8) Үйге келе жатып жолда бала... ойлады.

- мерекелік кеш туралы
- Андрей туралы
- әкесі туралы

### 3. Сіз өз жақындарыңыздан кімге ұқсағыңыз келеді? Неге?



**1. Әңгімелесуге арналған сұрақтармен танысыңыз, сұрақтарға жауап беріңіз, бұл сұрақтарды бір-біріңізге қоя аласыз.**

1. Отбасыңыз қандай? Туыстарыңыз көп пе? Есімдерін атаңыз.
2. Қазір сіздің отбасыңыз, жақын туыстарыңыз қайда тұрады?
3. Ата-анаңыздың аты-жөнін айтыңыз.
4. Олар қай жаста (орта жаста ма, қарт адамдар ма, жас па)?
5. Ата-аналарыңыз бір-біріне ұқсай ма? Олар мінезі жағынан әртүрлі ме?
6. Мамандықтары бойынша ата-аналарыңыз кім? Олар қайда оқыған? Олар қазір жұмыс істей ме? Қайда және кім болып жұмыс істейді?
7. Сіздің туған ағаңыз, ініңіз, әпке, қарындастарыңыз бар ма? Олар сізден қанша жас үлкен немесе кіші?
8. Сіз мінезіңіз және сыртқы келбетіңіз жағынан кімге ұқсайсыз? Әкеңізге ме? Шешеңізге ме? Өзіңіздің аға, әпкеңізге ұқсайсыз ба?
9. Сіздің аға, әпкеңіздің, немесе іні, қарындасыңыздың аты кім? Олар немен айналысады (балабақшаға бара ма, мектепке бара ма, университетте оқи ма, жұмыс істей ме)?
10. Әдетте, үйде ата-анаңыз, ағаңыз, әпкеңіз, өзіңіз немен айналысасыздар? Кім тамақ дайындайды? Кім үйді жинайды? Кім азық-түлік әкеледі? Кім үйдегі кішкене балаларға қарайды?
11. Бір-біріңізге не істеуге көмектесесіңдер?
12. Ол ақылды, көп біледі, Ол мейірімді, рақымды деп отбасыңызда кімдерді айта аласыз?
13. Туыстарыңызды жиі көріп тұрасыз ба? Мерекеде ғана немесе басқа күндері көресіз бе? Кім кімге қонаққа барады?
14. Отбасыңызда қандай дәстүр бар?

**2. Берілген тақырыпқа тағы қандай сұрақтар берілмей қалды? Ойланыңыз.**

5-6 сұрақ ұсыныңыз.

# ТӨРТІНШІ САБАҚ

## Барлық мамандықтар маңызды

### МАЗМҰНЫ:

**Әрекет кезеңдерінің берілуі:** фазалық етістіктер – басталу, жалғасу, аяқталу.

• Модальдық қатынастың берілуі (жалғасы): тиістіліктің, қажеттіліктің, мүмкіндіктің, мүмкін еместің, рұқсаттың, тыйым салудың, бұйрықтың берілуі: модальді предикаттың берілуі.

- Қалау мағыналы етістіктің (барғым келеді...) қолданысы.
- Мақсат мәнді құрылымның берілуі;
- Шарт мәнді құрылымның берілуі;
- Себеп пен салдардың берілуі.

### ОҚИМЫЗ, ОЙЛАНАМЫЗ, ТАЛДАЙМЫЗ...

**1. Маржанның өзінің інісіне жазған хатын оқыңыз. Таныс емес сөздерді аударыңыз. Асты сызылған сөздер мен сөз тіркесіне назар аударыңыз.**

*Сәлеметсің бе, қымбатты бауырым!*

*Саған ұзақ уақыт хат жаза алмадым, кешірім өтінемін. Жұмыстарым көп болды.*

*Саған бір ойымды айтқым келеді. Мені эколог мамандығы көбірек қызықтырады. Мен мектепте биология мен ботаниканы жақсы оқыдым ғой. Осы екі пәнді жақсы көретінмін. Мақсат, маған кеңес бер. Маған осы маңызды сұрақты шешуге көмектес. Осы туралы не ойлайсың, хат жаз.*

*Сәлеммен Маржан*

### 2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Неге Марта інісіне ұзақ уақыт хат жазбады?
- 2) Оған не туралы ойлану керек болды?
- 3) Маржан экология мамандығы туралы не ойлайды?
- 4) Неге Маржан бұл туралы інісіне жазды?
- 5) Оған бұл мәселені шешу неге маңызды?

## ГРАММАТИКАНЫ ҚАЙТАЛАЙМЫЗ, ОҚИМЫЗ

Іс-әрекет кезеңдерінің берілуі

Кезеңдік етістіктер: басталу, аяқталу, жалғасу

**Кестемен танысыңыз. Кезеңдік етістіктердің қолданысына назар аударыңыз.**

Кім не істеді?	Не істелді?
<i>Профессор лекцияны бастады.</i>	<i>Лекция басталды.</i>
<i>Ол әңгімесін бастады.</i>	<i>Әңгіме басталды.</i>
<i>Қазір дәрігер ауруларды қабылдауын аяқтайды.</i>	<i>Қазір ауруларды қабылдау аяқталады.</i>

### 2. Мысалдарды оқыңыз. Фазалық етістіктердің қолданысын талқылаңыздар.

1) Мақсат сабақ оқуды кешкі сағат 8-де **бастайды**.

Кеше Мақсат сабақ оқуды сағат 9-да **бастады**.

Ертең кешке сабақ оқуды ертерек **бастайды**.

2) Қысқы демалыс қаңтардың соңында **басталады**.

Демалыс екі аптаға **созылады**, ақпанның басында **аяқталады**.

3) Маржан телефонмен сөйлескенді жақсы көреді. Кеше ол құрбысымен сөйлесуді сағат үште **бастады**. Сөйлесу 40 минутқа **созылды**.

4) Мүмкін сіз шаршаған шығарсыз. Мен қазір өзімнің әңгімемді аяқтаймын.

– Жо-жоқ, **жалғастыра беріңіз!** Қызық екен.

5) – Міне, демалыс та бітті. Жұмысты бастау керек.

– Иә, өкінішті, жақсы нәрсенің бәрі тез **аяқталады**.

6) Кішкене күте тұрамыз, сәлден кейін жаңбыр **басылады**, жолды **жалғастырамыз**.

### 3. Сол жақта және оң жақта берілген сөз тіркестерін біріктіріңіздер. Осы сөздермен уақыты мен мекенін білдіріп, сөйлем құраңыздар.

экскурсия	басталды
<b>Алмас</b>	жалғасады, жалғасатын болады
жаңа топ	басталады
<b>туристер</b>	жалғасты
тәжірибе	сөйлей бастады
Олимпиадалық ойындар	сөйлеуді жалғастырды
<b>директор</b>	көрмені қарай бастайды
кездесу	баяндама жазуды аяқтады
<b>достар</b>	қазақ тілін оқи бастады

### 4. Фазалық етістіктерді пайдалана отырып, сұрақтарға толық жауап беріңіз. Тапсырманы жылдам орындауға тырысыңыз.

- 1) Қазақ тілін оқуды қашан бастадыңыз?
- 2) Сіздің факультетте сабақ қашан басталады?
- 3) Сабақ қанша уақытқа созылады?
- 4) Түскі үзіліс қанша уақытқа созылады?
- 5) Сабақ аяқталған соң, сіз әдетте не істейсіз?



- 6) Сессия қашан басталады?
- 7) Қашан бітеді?
- 8) Қысқы демалыс қашан басталады?
- 9) Демалыс қаншаға созылады?
- 10) Бірінші курста қазақ тілін оқуды жалғастырасыз ба?
- 11) Оқуды бітірген соң, қайда жұмыс істейтініңізді білесіз бе?

---

### Модальдық қатынастың берілуі (жалғасы):

- Тиістіліктің, қажеттіліктің, мүмкіндік, мүмкін еместің, рұқсаттың, тыйым салудың, қалау мәнді құрылымның мағыналары
  - Модаль мәнді предикат «тиіс», «керек»
- 

#### 5. Кестемен танысыңыз. Модаль мәнді предикат «тиіс», «керек» құрылымын талдаңыз. S (кім?) + не істеуге P (тиіс, тиісті)

Мен оқуға тиістімін	Біз оқуға тиістіміз
Сен оқуға тиістісің	Сендер оқуға тиістісіңдер
Сіз оқуға тиістісіз	Сіздер оқуға тиістісіздер
Ол оқуға тиісті	Олар оқуға тиісті
Маған оқулық керек	Бізге оқулық керек
Саған оқулық керек	Сендерге оқулық керек
Сізге оқулық керек	Сіздерге оқулық керек
Оған оқулық керек	Оларға оқулық керек
Менің оқуым керек	Біздің оқуымыз керек
Сенің оқуың керек	Сендердің оқуың керек
Сіздің оқуыңыз керек	Сіздердің оқуыңыз керек
Оның оқуы керек	Олардың оқуы керек

#### 6. Төменде берілген мысалдарға «*тиіс*», «*керек*» модальді предикатын тиісті тұлғада қолданыңыз.

- 1) Кешіріңіз, ертең мен сізге келе алмаймын, вокзалда досыммен кездесуім ... .
- 2) Рефератыңызды маған әлдеқашан көрсетуіңіз ... еді.
- 3) Студенттердің сабаққа күн сайын уақытында келуі ... .
- 4) Келесі аптада сенің міндетті түрде тіркеуден өтуің ... .
- 5) Мен ержеттім, үлкенмін, бос уақытымды қайда өткізетінімді айтуға ... емеспін.
- 6) Маржанға не болғанын түсінбедім, біздің Маржанмен сағат 4-те кездесуіміз ..., ал ол болса, әлі жоқ.
- 7) Сіздің қазір қызуыңыз жоғары, сәлден кейін түсуі ... .

#### 7. Сөйлемдерге назар аударыңыз. O (кімге?) + P (модаль мағыналы сөз) не істеу?

Маған керек  
 Менің досымның практикаға баруы керек.  
 Назымның практикаға баруы қажет.  
 Сенің әпкеңнің практикаға баруына болады.  
 Барлық студенттердің практикаға баруы маңызды.



**8. Мысалдарды оқыңыз. Модальді сөздердің, сын есімнің қолданысын, сөйлемдердің құрылуын талдаңыз.**

- 1) Кешке сенімен бірге театрға бара алмаймын. Менің бір маңызды жұмысты аяқтауым **керек**.
- 2) Сабақ кезінде оқытушы сөзінің бәрін түсінгендерің **маңызды**.
- 3) Олимпиадаға баратын спортшылардың өте жақсы жаттығуы **қажет**.
- 4) Дәрігерге неге бүгін ғана бардың? Кеше баруың **керек еді!**
- 5) Кешіріңіз, директор мырзаға қашан хабарлассам **болады?**
- 6) Сіз есепті дұрыс шығармағансыз, бірінші формуланы жаттау **керек еді**.
- 7) Саған балмұздақ жеуге болмай ма? Шоколад **жеуге бола ма?**
- 8) Әрбір жас адамға өзінің болашақ мамандығын дұрыс таңдау **маңызды**.

**9. Төменде берілген мысалдарға қажетті модаль сөздерді, сын есімдерді мағынасына қарай пайдаланыңыз.**

- 1) Менің пікірімді тыңдау саған \_\_\_\_\_, білмеймін.
- 2) Сізге әзірге тұруға \_\_\_\_\_. Бірнеше күннен кейін тұруға \_\_\_\_\_.
- 3) Мына мәселені өзім шеше алатын емеспін. Маған осы туралы сенімен ақылдасу \_\_\_\_\_.
- 4) Көктемде таза ауада көбірек болу \_\_\_\_\_.
- 5) Университет ғимаратында ешкімге темекі шегуге \_\_\_\_\_.
- 6) Осы аптада шет елдік студенттердің елшіліктен виза алуы \_\_\_\_\_.

**10. Берілген мысалдарда «тиіс», «керек», «қажет», «маңызды» сөздерін пайдаланыңыз.**

- 1) Сізге таза ауа өте \_\_\_\_\_. Жазда қалада болмауға тырысыңыз.
- 2) Балалар үшін қай мамандықтың жақсы екендігі туралы ата-анасының пікірі \_\_\_\_\_.
- 3) Мына жұмысты менің жалғыз өзім істей алмаймын. Маған сіздің көмегіңіз \_\_\_\_\_.
- 4) Бізге ақша \_\_\_\_\_ болғанда, біз кредитті банктен алдық.
- 5) Ұмытпаңыздар, ата-аналарыңыз үшін сіздердің ниеттеріңіз \_\_\_\_\_.
- 6) Компьютер маған кеше \_\_\_\_\_ болды. Ал бүгін \_\_\_\_\_ емес.
- 7) Жазда сіздің тіркелу мерзіміңіз бітеді, сізге жаңа құжаттар \_\_\_\_\_.

---

### Қалау мағынасының берілуі

Қалау мағынасының берілуіне назар аударыңыз.

Айшат бағдарламашы болғысы келеді. Айшаттың ата-анасы оның дәрігер болғанын қалайды.

1) Қалау адамның өзіне ғана қатысты болса, онда етістік түбіріне қалау мәнді білдіретін **-қы; -кі; -ғы; -гі** жұрнақтары жалғанып, «келеді» етістігі өзгеріссіз тіркеледі.

2) Егер қалау мәні әрекетке қатысы бойынша басқа адам тарапына берілетін болса, (если выражается желание по отношению к действиям другого человека (**субъект S2**), то после глагола и причастия давно прошедшего времени употребляется окончания табыс септік) онда қимыл есіміне және өткен шақ есімшеге табыс септігінің **-ын; -ін** жалғауы жалғанып, «қалау» етістігі жақ бойынша жіктеледі.

---

## 11. Берілген жағдаяттарға қарай адамдар не қалайды, айтыңыз.

**Үлгі:** Елшатқа әкесінің кеңесі керек. Елшат әкесінен кеңес сұрағысы келеді.

- 1) Маржанға жаңа компьютер керек.
- 2) Жеңіске медициналық анықтама керек.
- 3) Айнұр мен Салтанатқа жаңа шаңғы керек.
- 4) Дастан баяндамаға дайындалуы керек, бірақ оның материалдары жоқ.
- 5) Менің бүгін жұмысқа бармайтыным жақсы болды.
- 6) Асқар Гүлназдың мекенжайы керек екенін айтты.
- 7) Біздің мектептес досымызға көмегіміз керек.

## 12. Сөйлемді үлгі бойынша аяқтаңыз.

**Үлгі:** Менің үлкен ағам экономика факультетінде оқиды.

Ол менің де экономика факультетінде **оқығанымды қалайды**.

- 1) Асқардың көптеген достары бизнеспен айналысады. Олар Антонның да \_\_\_\_\_ болғанын \_\_\_\_\_.
- 2) Айжанның әпкесінің екі жоғары білімі бар. Ол Айжанның да \_\_\_\_\_ болғанын \_\_\_\_\_.
- 3) Мақсаттың ата-анасы банкте жұмыс істейді. Олар Мақсаттың да \_\_\_\_\_ болғанын \_\_\_\_\_.
- 4) Менің ең жақсы құрбым – фотомодель. Ол менің де фотомодель \_\_\_\_\_ болғанын \_\_\_\_\_.
- 5) Дәуреннің әкесі бірнеше шет тілін біледі. Ол Дәуреннің де бірнеше шет тілін \_\_\_\_\_ білгенін \_\_\_\_\_.
- 6) Мен заң факультетіне оқуға түсемін. Сенің де Заң факультетіне \_\_\_\_\_ оқуға түсетінін \_\_\_\_\_.

## Мақсаттың, шарттың, себептің, салдардың берілуі

### Кестемен танысыңыз

#### 1. Мақсат мәнді білдіретін сөйлем модельдерін талдаңыз.

Мағынасы	Моделі
мақсат	тәуелдік жалғаулы қимыл есімі + үшін

#### **Мысалы:**

*Германияға, достарыма баруым үшін менің олардан шақыру алуым керек.*

#### 2. Шарт мәнді білдіретін сөйлем модельдерін талдаңыз.

Мағынасы	Моделі
шарт	егер + септік жалғаулы қимыл есімі

#### **Мысалы:**

*Егер жақсы дайындалса, емтиханды оңай тапсыруға болады.*

*Егер сенің досың жақсы дайындалатын болса, емтиханды жақсы тапсырады.*

3. **себеп** S1 + P1 себебі S2 + P2

Сенің *досың* емтиханды оңай тапсырды, *себебі* ол жақсы дайындалды.

4. салдар S2 + P2 сондықтан S1 + P1

Сенің *досың* жақсы дайындалды, *сондықтан* ол емтиханды жақсы тапсырды.

**13. Төменде берілген жағдаят бойынша аяқталуы қажет, аяқталатын іс-әрекеттерді атай отырып, сөйлемді аяқтаңыз.**

- 1) Егер қазақ тілінен үнемі дайындалса, \_\_\_\_\_.
- 2) Егер таза ауада жиі болса, \_\_\_\_\_.
- 3) Егер болашақ мамандық туралы жақсы ойланса, \_\_\_\_\_.
- 4) Егер ол уәде берсе, \_\_\_\_\_.
- 5) Егер жаз ыстық болса, \_\_\_\_\_.
- 6) Егер оған менің көмегім керек болса, \_\_\_\_\_.
- 7) Егер маманның пікірін білгіңіз келсе, \_\_\_\_\_.

**14. Тапсырманы үлгі бойынша орындаңыз.**

Математика	математика маманы (математик)	математикалық
физика	физика маманы (физик)	физикалық
тарих	тарихшы	тарихи
биология	биология маманы	биологиялық
экология	экология маманы	экологиялық
әлеуметтану	әлеуметтанушы	әлеуметтік
география	география маманы	географиялық
_____	_____	_____
_____	_____	_____

**15. 14-тапсырмадағы сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құраңыздар.**

**Үлгі:** Егер сен математиканы жақсы көрсең, математика маманы болғың келсе, математикалық факультетке түс.

**16. а) Сөйлемді аяқтаңыз. Сөйлемдерде керек, қажет құрылымын пайдаланыңыз.**

- 1) Жақсы демалу үшін \_\_\_\_\_.
- 2) Қыста ауырмақ үшін \_\_\_\_\_.
- 3) Мына сұрақты тездетіп шешу үшін \_\_\_\_\_.
- 4) Бұрынғы достарыңды табу үшін \_\_\_\_\_.
- 5) Жақсы, қызықты баяндама дайындау үшін \_\_\_\_\_.
- 6) Жақсы жоғары оқу орнына түсу үшін \_\_\_\_\_.
- 7) Сессияны жақсы тапсыру үшін \_\_\_\_\_.

**б)**

- 1) Әуежайға досымды қарсы алу үшін \_\_\_\_\_.
- 2) Сабаққа, жұмысқа үлгеру үшін \_\_\_\_\_.
- 3) Қателеспес үшін жауап беруге \_\_\_\_\_.
- 4) Ол Астанаға қазақша үйрену үшін \_\_\_\_\_.
- 5) Қазақ тілін жақсы білу үшін көбірек қазақша \_\_\_\_\_.

**17. Төменде берілген ақпаратты пайдаланып, сөйлемді үшін шылауымен жазыңыз.**

- 1) ... жаңа студенттер залға жиналды.  
а) Олар ректорға сұрақ қойғысы келеді;  
б) Ректор оларға университет туралы әңгімелейді.

- 2) ... жас суретшілер көрме ұйымдастырды.  
 а) Олар өздерінің жақсы суреттерін көрсеткісі келеді;  
 б) Астаналықтар олардың жақсы жұмыстарын көре алады.
- 3) ... оқытушы студенттерді консультацияға шақырды.  
 а) Ол тағы да ең қиын тақырыптарды оларға түсіндіргісі келеді;  
 б) Студенттер ең қиын тақырыптарды тағы бір рет қайталай алады.
- 4) ... жастар әртүрлі елден Қазақстанға оқуға келеді.  
 а) Олар жақсы білім алғысы келеді;  
 б) Осы елдерде көптеген жақсы мамандар болады.

### 18. Сұрақтарға толық жауап беріңіз. Жылдам жауап беруге тырысыңыз.

- 1) Неге қазақ тілін жақсы білгіңіз келеді?
- 2) Сіз неге қазақша көп (аз) оқисыз?
- 3) Сіз неге спортпен айналысасыз (айналыспайсыз)?
- 4) Сіз неге киноға жиі (сирек) барасыз?
- 5) Сізге неге Алматының ауа райы ұнайды?
- 6) Сіз неге мектептес достарыңызды жиі есіңізге аласыз?
- 7) Сіз кім болғыңыз келеді? Неге?
- 8) Сіз неге біздің университетті таңдадыңыз?

### 19. Кеше (бірнеше күн бұрын) сіз не істей алмадыңыз, неге және салдары қандай болды, жазыңыз, айтыңыз.

**Үлгі:** а) Мен достарыммен бірге театрға бара алмадым, себебі менің жұмыстарым көп болды.

б) Достарыммен бірге театрға бара алмадым, сондықтан спектакль туралы ештеңе айта алмаймын.

- 1) Сіз математикадан консультацияда болмадыңыз.
- 2) Сіз көптен бері бұрынғы достарыңызға хабарласпадыңыз.
- 3) Сіз әлі тіркелуді рәсімдемедіңіз.
- 4) Сіз әлі курстағы барлық студенттермен таныспадыңыз.
- 5) Сіз дәрігер жазып берген дәріні сатып алмадыңыз.
- 6) Сіз соңғы жаңалықты естімедіңіз.
- 7) Сіз әлі Астаналық мұражайлардың бір де біреуінде болмадыңыз.
- 8) Сіз әлі медициналық комиссиядан өтпедіңіз.
- 9) Екінші білім алғыңыз келетіні туралы сіз әлі ата-анаңызға айтпадыңыз.

## МӘТІНДІ ОҚИМЫЗ, ТАЛДАЙМЫЗ...

### I. Мәтінді оқуға дайындалыңыз, 1-6 дейінгі лексикалық тапсырмаларды оқыңыз.

#### 1. а) Интернационалдық сөздердің мағынасын сөздіксіз анықтаңыз, сұрақ қойыңыз.

*Колледж, компания, кәсіби, әлеуметтік, бағдарламалау, сала, технология, кезең, фактор, маман, рөл.*

#### б) Осы сөздердің мағынасын дұрыс түсіндіңіз бе, сөздікпен тексеріңіз.

#### 2. Тақырыптық қатардан басты сөзді анықтаңыз, сәйкес емес сөздерді көрсетіңіз.

*Дәрігер, мұғалім, детектив, мамандық, бағдарламашы, оқушы, технология, инженер, бизнес.*

**3. Сөздермен жұмыс. Таныс емес сөздерді аударыңыз, бір түбірлес сөздерді топтап, жазыңыз.**

*Таңдау, ұқыпты, оқу, мектеп, ойнау, уақыт, оқытушы, қамқор, қызық, болады, білу, назар, қамқорлық жасау, жақсы көру, қызығу, мүмкіндік, тырысу, қазіргі, білім, сүйікті, ата-ана, оқушы, ойын.*

**4. Берілген сөздерге анықтауыш таңдаңыз.**

**Анықтама үшін берілген сөздер:** мәселе, өмір, маман, мінез, мамандық, әлем, іс, жұмыс, ойын. күшті, маңызды, пайдалы, қиын, компьютерлік, қазіргі, бүгінгі, қызық, ішкі, келешек.

**5. Сөздер мен сөз тіркесін, мысалдарды оқыңыз. Олардың мағынасын контекст бойынша түсінуге тырысыңыз.**

1) сияқты ... сондай...

– Әкелеріміз өздері сияқты балаларының да сондай мамандықты алғанын, оқығанын қалайды.

2) бір жағынан, ..., екінші жағынан, ... .

– инженерлік факультетке түссем бе, түспесем бе, көпке дейін шеше алмадым. **Бір жағынан**, маған физика мен математика ұнайды, **екінші жағынан**, инженерлік мамандықтың әйелдер оқитын мамандық емес екенін түсінемін.

3) тыңғылықты

*Егер тек қана жыл бойы тыңғылықты дайындалсаң ғана, университетте жақсы білім аласың.*

4) мүмкіндігіңізше көбірек

– Егер өзіңізді жақсырақ сезінгіңіз келсе, таза ауада уақытыңызды мүмкіндігіңізше көбірек өткізіңіз.

5) ашу – нені ашу?

*Көптеген жастар өзінің фирмасын **ашқысы** келеді.*

6) Оның мінезі қандай?

*Оның **мінезі** жақсы.*

7) түбір етістік + алу

*Менің досым тамаша музыкант: ол әр түрлі аспаптарда **ойнай алады** (біледі). Ал мен мүлдем білмеймін.*

9) табу керек, кімді, нені?

– Менің барлық сұрақтарды шешуге уақытым жоқ.

– Түсінемін. Сұрақтар күтіп тұрмайды ғой. Уақыт **табу керек**.

10) өзгерту, нені?

*Қазір мамандық туралы оның пікірі басқа. Ол мамандығын **өзгертті**.*

11) сенімді

*Сенімді адамдар өздерінің шешімін бірнеше рет **өзгертпейді**.*

12) тиесілі кімге? неге?

– Бұл мемлекеттік фирма емес, бір белгілі бизнесменге **тиесілі**.

13) әсер ету неге? кімге?

– Мамандық таңдауға көптеген факторлар мен адамдар **әсер етеді**.

14) қызығу, неге? Қызықтыру, кімді ? немен?

– Мен компьютерге **қызығамын**, сондықтан бос уақытымда компьютерде отырамын. Оқытушы

оқушыларды өз пәніне қалай **қызықтыру** керек екенін білу керек.

15) шығармашылық

– Әдетте **шығармашылық** мамандықтар деп, суретші, жазушы, музыкант мамандықтарын айтады.

## II. Мәтінді оқыңыз, тапсырмаларды орындаңыз. Мәтінге тақырып таңдаңыз.

Мектепті бітірерде болашақ мамандығыңды таңдайтын уақыттың келгенін түсіне бастайсың. Бұл оңай емес. Бұл – отбасы үшін де мәселе. Әкелеріміз өздері сияқты балаларының да сондай мамандықты алғанын, оқығанын қалайды. Шешелеріміз балаларының туған қаласынан алысқа кетпегенін қалайды. Егер қалада колледж немесе университет болса, аналар әдетте өздерінің балаларын сонда түсуге үгіттейді.

Жастарға осы мәселені шешу өте қиын. Бір жағынан, жастар терең білім алғысы келеді. Екінші жағынан, бірнеше жыл бойы тыңғылықты оқу да қиын. Сондай-ақ, жастар жылдам өз бизнестерін бастағысы келеді, өздерінің фирма, компаниясын ашқысы, жақсы қаржы тапқысы, тәуелсіз болғысы келеді.

Әрине, жақсы, қызықты мамандықтар көп. Барлық мамандықтардың керек екені, барлық мамандықтардың маңызды екені құпия емес. Қалайша дұрыс таңдау жасауға болады?

Біріншіден, мінезіңіз қандай екенін ойлану керек. Мысалы, жақсы дәрігер болу үшін салмақты, мейірімді болуыңыз керек. Мектеп мұғалімі балаларды жақсы көрумен қатар, олар өз пәнін жақсы білуі тиіс, оны түсіндіре де білуі керек. Детектив батыл, адал, ақылды, және күшті болуы керек.

Екіншіден, өз жұмысыңды кәсіби деңгейде ынтамен істеу керек.

Көптеген жастар жоғарғы сыныпта-ақ өмірде немен айналысатынын біледі. Болашақ мамандықтары туралы сыныптастар қалай айтады, тыңдайық.

1. – **Мен Назыммын.** Осы жылы мен мектепті бітіремін. Менің арманым – психолог болу. Менің адамдарға көмектескім келеді. Адамдарға өздерінің ішкі әлемін түсінуге көмектескім келеді, өздеріне сенімді болуға көмектескім келеді. Бірақ бұл мамандық қызық, себебі әртүрлі адамдармен жұмыс істейсіз.

2. – **Менің атым – Мақсат.** Бағдарламашы болғым келеді. Компьютерге қызығамын. Менің мектептегі сүйікті пәндерім – математика, физика және әрине, бағдарламалау да болатын. География, биология, химия да мен үшін қызықты пәндер. Ал менің хоббиім компьютерлік ойындар мен бағдарламалау. Компьютерде сағаттап жұмыс істеп, отыра беремін.

Қазіргі кезде бағдарламашы мамандығының мүмкіндігі көп деп ойлаймын. Компьютер қазіргі технологиядағы ең ұтқыры болып табылады. Сондықтан мектептен кейін университетке бағдарламалауды оқуға түсемін.

3. – **Менің атым – Зере.** Мен мамандық таңдаудың қиын екенін түсінемін. Мамандық таңдауға көптеген факторлар әсер етеді. Ата-ананың да, мұғалімнің де әсері бар бұл мәселеде.

Мектептегі менің сүйікті сабағым – қазақ тілі. Мен бұл пәнді жақсы көремін. Мұның себебі мұғалімнің әсері деп ойлаймын. Мен қазақ тілі пәнінің мұғалімі болғым келеді. Мұғалім болу оңай емес: мұғалімге орасан шыдамдылық керек. Мұғалім қиынды оңайлатуды, өз пәніне балаларды қалай қызықтыруды, тартуды білуі керек. Және, әрине, мұғалім өз пәнін жақсы білу керек. Менің мұғалімім тұп-тура сондай адам. Ол нағыз маман, тамаша адам. Мүмкін мен болашақта мұғалімім сияқты болармын.

2. Ұсынылған мәтін тақырыбын талқылаңыз, таңдаңыз.

3. Мәтіннің негізгі идеясын айтыңыз. Өз жауабыңызға дәлелдер айтыңыз.



### III. Лексика-грамматикалық тапсырмаларды орындаңыз.

#### 1. Сөздер қатарын толықтырыңыз.

- 1) Досыңды университетке түсуге үгіттеу,...
- 2) Фирма құру, ...
- 3) Пікіріңді өзгерту, ...
- 4) Балаларға қамқорлық жасау, ...
- 5) Компьютерге қызығу, ...
- 6) Мамандық таңдауға әсер ету, ...
- 7) Жақсы маман болуға үміттену, ...

#### 2. Берілген сөйлемдерді басқаша құрып көріңіз. Төменде берілген материалдарды пайдаланыңыз.

- 1) Әрбір адамға мамандықты дұрыс таңдау маңызды.
- 2) Жақсы дәрігер болу үшін шыдамды болу керек.
- 3) Мектеп мұғаліміне өз пәнін жақсы білуі қажет.
- 4) Психологтың адамдарды жақсы көруі керек.
- 5) Жақсы мұғалім болу үшін қатты тырысу керек.
- 6) Өз мамандығыңа шығармашылықпен қарау – маңызды.

*Сөздер мен сөз тіркестері: мамандықты дұрыс таңдау; шыдамды; өз пәнін жақсы білу; адамдарға махаббат; жұмысқа шығармашылықпен қарау.*

#### 3. Мәтін мазмұнын есіңізге түсіріп, сөйлемді аяқтаңыз.

- 1) Әкелер балаларының өздері сияқты ... қалайды.
- 2) Аналар балаларының .... қалайды.
- 3) Көптеген жастар .... келеді.
- 4) Назым .... келеді.
- 5) Мақсат... келеді.
- 6) Зере ... келеді.

#### 4. Жақша ішіндегі сөзді дұрыс тұлғасында жазыңыз.

- 1) Жастарға мамандық таңдау мәселесін (шешу) қиын.
- 2) Көптеген жастар өздерінің фирмасын (құру) келеді.
- 3) Жақсы таңдау жасау үшін сіз мінезіңізді ескеруіңіз керек.
- 4) Балалар мектепте-ақ өмірдегі өз жолын (таңдау) тырысады.
- 5) Әдетте, оқушылардың жоспары оқу кезеңінде бірнеше рет (өзгеру).
- 6) Мұғалім балаларды өз пәніне (қызықтыру) керек.
- 7) Болашақта мұғалімім сияқты (болу) үміттенемін.

#### 5. Себеп мәнді құрылымды білдіретін сөйлемді оқыңыз. Оларды салдар мәнді құрылымға алмастырыңыз.

- 1) Балалар өз пікірін жиі өзгертеді, себебі жақсы мамандықтар өте көп.
- 2) Назым психолог болғысы келеді, себебі ол адамдарға көмектескісі келеді.
- 3) Мақсат бағдарламашы болғысы келеді, себебі ол компьютерге қызығады.
- 4) Зере мұғалім мамандығын таңдады, себебі оның мектепте қазақ тілінен тамаша мұғалімі болды.
- 5) Мұғалім өте қиын мамандық, себебі мұғалімге үлкен шыдамдылық керек.

### IV. Сіздің пікіріңіз

#### 1. Пікірмен келісіңіз немесе қарсыласыңыз. Иә/Жоқ деп жауап беріңіз.

- 1) Болашақ мамандығыңды дұрыс таңдау – оңай.
- 2) Қазіргі жастар терең білім алғысы келмейді.



- 3) Дұрыс таңдау жасау үшін өзіңіздің мінезіңізді ескеруіңіз керек.
- 4) Адамдар үшін кез келген мамандықтың ең маңыздысы – жақсы ақша табу.
- 5) Назым психолог болуға шешім қабылдады, себебі қазір бұл мамандық сәнге айналды.
- 6) Мақсат бағдарламашы болғысы келеді, себебі ол бағдарламалауды оқығысы келеді.
- 7) Зере оқытушы мамандығын таңдады, себебі оның шешесі ағылшын тілінің оқытушысы.

## 2. Сұрақтарға дәлелді жауап беріңіз.

- 1) Неге жас адамның мамандық таңдау мәселесі отбасы үшін де маңызды?
- 2) Неге жас адам үшін бұл мәселені шешу қиын?
- 3) Дұрыс таңдау жасау үшін нені ескеру керек?
- 4) Кез келген мамандықтың адам үшін ең маңыздысы не?
- 5) Назым қандай мамандық таңдады? Ол неге осы мамандықты қызықты деп санайды?
- 6) Мақсаттың әуестігі не? Ол кім болғысы келеді? Болашақта компьютердің рөлі туралы не ойлайды? Ол неге осылай ойлайды?
- 7) Зеренің пікірінше, мамандық таңдауға кім әсер етеді?
- 8) Оған кім әсер етті? Неге?

## 3. Сіздің пікіріңізше, әртүрлі мамандық адамдары: заңгер, ғалым, журналист, дипломат, ұшқыш, сатушы, балабақша тәрбиешісі, фирма директоры қандай болуы керек?



## ӨЗБЕТІМІЗШЕ ОҚИМЫЗ...

Біз бір нәрсеге үйренген кезімізді біз бұл біздің табысымызға көмектеседі деп ойлаймыз.

*Кейбір ұстанымдар бар, бәрі де пайдалана алады.*

Сонымен елдер қалай табысқа жетеді? Себебі неде? Олар ақылды ма, жолы болғыш па? Екеуі де емес.

Мен сіздерге, шындығында, табысқа не жеткізеді, соны айтқым келеді.

1. **Бірінші – ынтызарлық.** Фримен Томас: «Мені қозғалтатын – ынтызарлық» деген екен. Бір нәрсемен ақша үшін емес, ынтызарлықпен айналысу керек. Кэрол Колетта: «Мен біреуге менің не істегенімді істесе, соған төлер едім» дейді. Ең қызығы сол, егер өз ісіңді махаббатпен жасасаң, ақша өзі келеді.

2. **Жұмыс!** Руперт Мердок айтты: «Бұл қиын жұмыс. Ештеңе өзі келмейді. Бірақ мен сонша рахаттанамын». Жұмыстан рахат табу, сіздің еңбекқор екеніңізді білдірмейді. Сіз жұмысты жақсы көресіз.

3. **Концентрация.** Норман Джуисон: «Ең бастысы – ең маңыздысына мән беру, жинақталу».

4. **Меңгеру, жеңіп шығу.** Девида Галло: «Өзіңді меңгеруің, жеңіп шығуың керек. Физикалық жағынан, моральдық жағынан жеңіп шығуың керек». Сіз өзіңіздің ұялшақтығыңызды, сенімсіздігіңізді жеңіп шығуыңыз керек. Голди Хоун айтады: «Мен ылғи өзіме сенімсіз болдым, күдіктендім. Мен соншалықты жақсы, ақылды емес едім. Менен бір нәрсе шығады деп ойламайтынмын».

5. **Идеялар.** Билл Гейтс: «Менің микрокомпьютерлер үшін бағдарлама өнімдерінің бірінші компаниясын жасау идеям болды» дейді. Мен бұл тамаша идея деп айтар едім. Идеяның қалай келетіні туралы ешқандай магия жоқ. Тек қана қарапайым істерді істеу керек. Мұны көптеген мысалдармен дәлелдей аламын. Идеяларды түрлендіру үшін сізге: тыңдау, байқау керек, әуестенуіңіз керек, сұрақ қоя білуіңіз керек, шешім қабылдап, байланыстар жасай білуіңіз керек.

6. **Профессионализм.** Алекс Гарден: «Табысты болу үшін бір нәрсені таңдаңыз, осыда ең жақсы болыңыз» дейді. Ешқандай ғажайып жоқ. Практика, практика, практика.

7. **Қызмет ету.** Шервинд Нуланд: «Мен үшін дәрігер болып қызмет ету құрмет болатын» дейді. Қазір көп бала миллионер болғысы келетінін айтады. Мен айтар едім: Бірінші, өте жақсы. Сіз тек қана өзіңізге қызмет етпейсіз, сіз өзгеге бір құндылық беруіңіз керек деп. Себебі адамдар тек қана осылай ғана бай болады.

8. **Табандылық, қайсарлық.** Джо Краус: «Біздің байлығымыздың басты себебі – табандылық. Сіз сәтсіздіктерден де, сыннан да, шеттетуден де қысымнан... да өтуіңіз керек».

Сонымен басты сұрақ: «Қалай табысқа жетуге болады?» деген сұраққа жауап: «осы ұстанымдардың соңынан жүріңіз, маған сеніңіз, табысқа жеткізеді».

(8 секретов успеха от Ричарда Св. Джон  
[https://www.ted.com/talks/richard\\_st\\_john\\_s\\_8\\_secrets\\_of\\_success?language=ru](https://www.ted.com/talks/richard_st_john_s_8_secrets_of_success?language=ru))

## ӘҢГІМЕЛЕСЕЙІК ...

### 1. Әңгімелесу үшін жауап беруге тиісті сұрақтармен танысыңыз.

- 1) Кім болғыңыз келеді?
- 2) Сіз неге осы мамандықты таңдадыңыз?
- 3) Сізге осы таңдауды жасау қиын болды ма?
- 4) Болашақ мамандығыңызды шығармашылық деп санайсыз ба?
- 5) Осы саланың мамандары қандай болу керек деп ойлайсыз? Неге?
- 6) Қазіргі жастардың екінші мамандық алуы туралы не ойлайсыз? Бұл сіз үшін маңызды ма?
- 7) Сіз қандай екінші мамандық алар едіңіз? Неге?
- 8) Сіздің пікіріңізше, болашақ мамандықты таңдау үшін ең маңызды не: қабілет пе, жақсы ақша табу ма немесе басқа ма? Өз жауабыңызға дәлелдер айтыңыз.
- 9) Өзіңіздің таныстарыңыздың, туыстарыңыздың, достарыңыздың немесе белгілі адамдардың қайсысын нағыз маман деп айтар едіңіз? Сіз үшін кім үлгі болып табылады? Неге?
- 10) Жоғары білім алған, бірақ мамандық таңдауда қателескен адам не істеу керек? Өзіне ұнамайтын іспен айналысуды жалғастыра беруі керек пе, немесе өзінің қабілетіне байланысты басқа мамандық алуы керек пе? Неге?
- 11) Университетті бітірген соң, қайда жұмыс істегіңіз келеді? Сіздің елде мамандығыңыз бойынша қызықты жұмысқа тұру оңай ма, қиын ба?

2. Аталған тақырыпты талқылау үшін қызықты болуы мүмкін тағы қандай сұрақтар берер едіңіз. 4-5 сұрақ ұсыныңыз.

# БЕСІНШІ САБАҚ

## Мерекеңіз құтты болсын!

### МАЗМҰНЫ:

- Төл сөз бен төлеу сөздің берілуі. Хабарлау, сұрақ, өтініш, шақыру кеңес, тілек, т.б. мәнді құрылымдарды салыстыру
- Эмоциялық қалып-күйдің берілуі

### ОҚИМЫЗ, ОЙЛАНАМЫЗ, ТАЛДАЙМЫЗ...

1. Хатты оқыңыз. Таныс емес сөздерді аударыңыз. Маржан қай мерекенің қарсаңында хат алды? Айтыңыз.

#### *Қымбатты Маржан!*

*Саған хатты мереке қарсаңында жазып отырмын. Қазір қала әдемі. Маған түңгі Астана ұнайды. Көшелерде безендірілген шыршалар қойылған, бәрі жарқырап тұр. Айнала көңілді, қуанышты.*

*Осы ғажайып мерекені бірге қарсы аламыз деп ойлаймын. Айтпақшы, мен саған сыйлық алып қойдым, әзірге құпия. Кездесер күнді санап жүрмін.*

*26-ға, таңертең, поездан түсемін. Күтпе, өзім барамын. Құймақ пісіріп қойшы. Сен жақсы пісіресің ғой. Тұым тәтті болмасын. Ал жақсы. Жақында кездесеміз ғой. Аман бол.*

*Дастан*

### 2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Дастан кімге хат жазды?
2. Ол неге хат жазды?
3. Қалай ойлайсыз, неге Дастан Маржанды көргісі келеді?
4. Дастан қайдан қашан келеді?
5. Қалай ойлайсыз? Дастан Алматыда қанша күн болуы мүмкін?
6. Дастан не туралы жазды?
7. Дастан қандай өтініш айтты?

### ГРАММАТИКАНЫ ҚАЙТАЛАЙМЫЗ, ОҚИМЫЗ.

- Төл сөз бен төлеу сөздің берілуі
- Төл сөз бен төлеу сөздің берілуі. Хабарлау, сұрақ, өтініш, шақыру кеңес, тілек, т.б. мәнді құрылымдарды салыстыру.

Кестемен танысыңыз. Төл сөзбен төлеу сөзді салыстырыңыз. Негізгі айырмашылықты анықтаңыз.

Төл сөз	Төлеу сөз
Дастанның хатындағы жолдар: Маған мерекелік Астана ұнайды.	Дастан хатында мерекелік Астана ұнайтыны туралы жазады.
Мен кездесетін күнді санап жүрмін.	Ол кездесетін күнді санап жүргенін жазады.

### Назар аударыңыз!

Төл сөз бірінші жақтан айтылатын автор сөзі.  
Мәтінде тырнақшамен «...» арнайы белгілермен ажыратылады.



**Төлеу сөз** автордың атынан айтылған басқа біреудің сөзі. Сондықтан төл сөз төлеу сөзге ауысарда **жақ өзгереді**. 1-жақ тұлғасының орнына **3-жақтың тұлғасы** қолданылады. Төл сөздегі іс-әрекет **төлеу сөзде объектіге** айналады.

Төлеу сөзде хабарламаның **фактілік мазмұнын** беру үшін сөйлемнің құрылымын өзгертуге тура келеді. Құрылымда табыс септікті сөзден кейін «ойлай, сөйлеу» мағыналы етістіктері бар құрылым қолданылады. Мынадай түрдегі : *айтты, әңгімеледі, жазды, хабарлады.*

Кестемен танысыңыз. Төл сөздің төлеу сөзге өзгергендегі құрылымымен танысыңыз.

Мағынасы	Төл сөз	Төлеу сөз
Хабарлама	– Астанада таңертең сағат сегізде боламын.	Дастан Астанада таңертең сағат сегізде болатынын айтты.
	– Күтпе, өзім барамын.	Дастан оны күтпеді, өзі баратынын айтты.
Сұрақ	– Жаңа жылды қайда қарсы аламыз?	Дастан Маржаннан жаңа жылды қайда қарсы алатынын сұрады.

### Назар аударыңыз!

Төл сөзді төлеу сөзге айналдырғанда есіңізге сақтаңыз:



- сөйлемнің **құрылымын** өзгерту – күрделі;
- сөйлемді **байланыстыру үшін** дұрыс сөзді таңдау керек;
- **жіктеу есімдігін** өзгерту керек;
- Төлеу сөз құрылымын таңдар кезде сөйлем мазмұнын ажырата алу керек;
- қарапайым **фактілік хабарлама** болады;
- **өтініш, кеңес сипатындағы хабарлама** болады;
- **сұрақ мағыналы** болады.

Кестемен танысыңыз. Төл сөз бен төлеу сөздің құрылымдарын салыстырыңыз. Төлеу сөзде төл сөздің мазмұнын беретін етістіктерді анықтаңыз.

Мағынасы	Төл сөз	Төлеу сөз
<b>Өтініш</b> өтіну кімге? не туралы?	– <i>Дастан маған ертең келіп кетші!</i>	1) <i>Ол Дастаннан ертең келіп кетуін өтінді.</i> 2) <i>Ол Дастаннан ертең келіп кетуін сұрады.</i>
<b>Келісім</b> келісу	– <i>Жақсы келемін.</i>	1) <i>Ол келуге келісті.</i> 2) <i>Ол ертең келетінін айтты.</i>
<b>Бас тарту</b>	– <i>Жоқ, Келе алмаймын.</i>	1) <i>Ол келуден бас тартты.</i> 2) <i>Ол келе алмайтынын айтты.</i>
<b>Тілек</b> Тілеу кімге? не тілеу?	– <i>Қарлығаш, саған зор денсаулық, бақыт тілеймін.</i>	<i>Ол Қарлығашқа зор денсаулық пен бақыт тіледі.</i>
<b>Ұсыныс</b> Ұсыну кімге?	– <i>Ертең жарыс болады. Қарлығаш, бірге барайық.</i>	1) <i>Ол Қарлығашқа ертең жарысқа бірге баруды ұсынды.</i> 2) <i>Ол ертең жарыс болатынын айтты, бірге баруды ұсынды.</i>
<b>Шақыру</b>	– <i>Достар! Ертең маған қонаққа келіңіздер.</i>	1) <i>Ол достарын қонаққа шақырды. Ол достарына ертең қонаққа шақыратынын айтты.</i>
<b>Сәлемдесу</b> Кіммен?	– <i>Сәлем Айжан!</i> – <i>Сәлем Олжас.</i>	<i>Олжас Айжанмен амандасты. Олар( Айжан мен Олжас) амандасты.</i>
<b>Қоштасу</b> Кіммен?	<i>Сау бол Олжас!</i> <i>Сау бол Айжан!</i>	<i>Олжас Айжанмен қоштасты. Ол онымен танысқысы келетінін айтты.</i>
<b>Қалау</b>	<i>Сізбен көптен бері танысқым келіп еді.</i>	

## Назар аударыңыз!



Төл сөзді төлеу сөзге өзгерткенде, мағынасына байланысты *сұрау, тілеу, шақыру, кеңесу, амандасу, қоштасу, келісу, бас тарту* сияқты етістіктермен аяқталған сипаттамалы құрылым қолданылады.

Сұхбаттарды оқыңыз. Сіз олардың қасында болып, әңгімелерін естідім деп ойлаңыз. Сипаттамалы құрылымды пайдаланыңыз. Тапсырманы бірінші жазбаша орындаңыз, содан соң, ауызша орындаңыз.

### а) Айдана мен Салтанаттың телефон арқылы әңгімесі.

- Алло! Айданасың ба?
- Иә, сәлем, Салтанат!
- Сен білесің бе? Ертең біз оқимыз ба?
- Меніңше, оқымаймыз. Ертең Жаңа жыл емес пе?
- Онда біздің үйге кел, Жаңа жылды бірге қарсы алайық.
- Жақсы, барамын.

### б) Рахия мен Раушанның көшедегі әңгімесі.

- Мен жақында көрменің ашылуында болдым.
- Қайда?
- Суретшілер үйінде.
- Қалай болды?
- Керемет салтанатты болды. Нағыз мереке дерсің!
- Қуаныштымын.
- Рақмет.
- Айтпақшы, көрме әлі болып жатыр ма?
- Иә, әрине. Міндетті түрде көр. Өкінбейсің.
- Жексенбіде барамын.
- Жақсы, сау бол.
- Жақсы, көріскенше.

## 3. Әртүрлі адамдардың айтқанын оқыңыз. Төл сөзді төлеу сөзге айналдырыңыз.

«Ата-анама сыйлықтар сатып алуым керек», – деді Мақсат.

«Шыршаны безендіру немістерден келген. Германияда ағаштарды өмір нышаны деп санайды, сондықтан мерекеде оны үйге әкеліп, безендіреді», – деді Салтанат.

«25 желтоқсанда сабаққа келмесе болады, оқымаймыз», – деді топтың старостасы.

«Әр отбасының өз мерекесі, өз дәстүрі болады», – деді Гүлназ.

«Жаңа жыл ең жақсы, ең көңілді мереке», – деді Айнұр.

## Эмоциялық қалып-күйдің берілуі

Ұнау, ұнап қалу тұлғасында және т.б. етістіктерімен келген құрылымдар

Кестемен танысыңыз. Ұнау, ұнап қалу етістіктерінің тұлғаларын талдаңыз. Осы етістіктердің қолданысында қандай айырмашылығын байқадыңыз?

Шақ	Ұнайды Кімге? Не?	Ұнап қалу Кімге? Не?	Мысалдар
Осы шақ	Мен ұнаймын Сен ұнайсың Сіз ұнайсыз Ол ұнайды Біз ұнаймыз Сендер ұнайсыңдар Сіздер ұнайсыздар Олар ұнайды		Маған сіздің компанияңыз ұнайды. Оған Жаңа жылды үйде қарсы алу ұнайды.
Өткен шақ	Ұнады	Ұнап қалды	
Келер шақ	Мен ұнайтын боламын Сен ұнайтын боласың Сіз ұнайтын боласыз Олар ұнайтын болады		Оған ылғи осы ән ұнайтын. Оған концерт ұнап қалды.



### Назар аударыңыз!

Ұнап қалу етістігі объектіні көргеннен кейін айтылады.

#### 4. Берілген сөз тіркестерін пайдалана отырып, тапсырманы үлгіге қарап, орындаңыз.

- Үлгі:** – Маған Жаңа жыл ұнайды.  
– Маған да Жаңа жыл ұнайды.  
– Оған ше?  
– Оған да бұл мереке ұнайды деп ойлаймын.

Біздің университет, қала орталығы, түнгі Астана, саябақтар, алтын әшекейлер, біздің ректор, ағылшын тілі оқытушысы, осы әртіс, сегізінші наурыз мерекесі.

#### 5. Тапсырманы үлгі бойынша орындаңыз.

**Үлгі:** Салтанат сағат сатып алды. Осы сағат Салтанатқа ұнайды деп ойлаймын.

1) Шынболат кітап оқып жатыр. 2) Камилә қонақтар үшін түскі ас дайындады. 3) Мақсат үнемі детективтер оқиды. 4) Маржан шоколадты жиі жейді. 5) Ол бассейнде жиі болады. 6) Айнұр Гүлназға сыйлық алды. 7) Әпкемнің бөлмесінде жаңа картина және жаңа мебельдер бар.

#### 6. Төменде берілген сөз тіркестерін пайдалана отырып, әңгімелесушінің сұрағына үлгі бойынша жауап беріңіз.

**Үлгі:** – Сендердің қайсыларыңа осы ғимарат ұнайды? Маған, Айжанға да осы ғимарат ұнайды деп ойлаймын.

Абай көшесі, қала мерекесі күні, балалар ойыншығы, біздің ұлттық костюм, жаңа компьютер, жаңа ұялы телефон, фотоаппарат, осы жиһаз, мына сөздік және оқулық.





## Назар аударыңыз!

Заттанған қимыл есімі + ұнайды етістікті құрылым жиі кездеседі.  
Мысалы: Маған кітап оқу ұнайды; Оған мәнерлі билеу ұнайды.

### 7. Төменде берілген сөз тіркестерін пайдалана отырып, үлгі бойынша жауап беріңіздер.

**1. Үлгі:** – Сізге қыздарға гүл сыйлау ұнай ма?

– Иә. Әрине, ұнайды. Қыздарға гүл-сыйлау мен үшін үлкен қуаныш.

Футбол ойнау, теннис ойнау, жүзу, саябақта қыдыру, Суретшілердің көрмесіне бару, опера тыңдау, хат жазу, телефонмен әңгімелесу, тауға бару, суретке түсу, Жаңа жылды үйде қарсы алу.

**2. Үлгі:** – Шыныңды айтшы, саған қайсысы көбірек ұнайды? Жүзу ме, әлде футбол ма?

– Білмеуші ме едің? Әрине, маған футбол ойнау көбірек ұнайды. Мен спортты сондай жақсы көремін.

Сөйлеу немесе тыңдау, хат жазу немесе хатқа жауап беру, опера көру немесе балет көру, суретке түсу немесе суретке түсіру, сұрақтар қою немесе оларға жауап беру, спортпен айналысу немесе компьютерлік ойындар ойнау, достарды шығарып салу немесе қарсы алу, мерекеді ән айту немесе билеу.

**Кестемен танысыңыз. «ұнау – ұнап қалу – ұнату» етістіктері арқылы болған құрылымдарды талдаңыз (өткен шақта).**

Әрекет объектісі – О	Әрекет субъектісі – S	Предикат – P
1. Кімге?	1. Кім? Не?	Ұнады – ұнап қалды
2. Кімге?	+ қимыл есімі (инфинитив)	Ұнайтын – ұнап қалды
Мысалдар	<i>1. Гүлжанға Арман әрқашан ұнайтын. Арманға Гүлжан баяғыдан ұнайтын. Гүлназға Астана ұнап қалды.</i> <i>2. Салтанатқа саяхаттау баяғыдан ұнайтын. Ерболға ғалымдар үйіне бару ұнап қалды, себебі онда қызықты, танымдық әңгімелер жиі болады.</i>	

### 8. Әңгімені бастау үшін төменде берілген репликаны пайдаланып, үлгі бойынша сұхбат құрыңыз.

**Үлгі:** – Кеше мен мұражайда болдым.

– Қалай болды? Мұражай ұнады ма?

– Иә. Өте ұнады. Барсаңыз өкінбейсіз. Сізге де ұнайтын болады.

– Рақмет.

#### Сұхбатты бастау үшін берілген репликалар:

1) Менің танысым Стамбулға барып келді. 2) Біздің тобымыз циркке барды. 3) Мен кітап жәрмеңкесінде болдым. 4) Мен жаңа қазақ фильмін көрдім. 5) Біз «Қазақ әндері» фестивалінде болдық. 6) Мен кеше Астананың сол жағалауында болдым.

## 9. Төменде берілген құрылымдар мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, әңгімелесушіге үлгі бойынша сұрақ қойыңыздар.

Кімге ұнады? Қалай... .

**Үлгі:** – Жаңа жылғы кеште Мақсат пен Жанар сондай жақсы биледі!

– Саған, шынымен де ұнады ма, қалай биледі?

– Әрине, қалжыңдап тұрған жоқпын.

*Ән айту, өлең оқу, концерт жүргізу, қазақша сөйлеу (ағылшынша, қытайша, немісше), фотокөрме ұйымдастыру, залды безендіру, кешкі ас дайындау.*

**Кездесу – кездестіру етістіктерінің қолданысы**

**Кестемен танысыңыз. Кездесу/кездестіру етістіктерінің мағынасын талдаңыз.**

<b>Етістіктер және олардың мағынасы</b>	<b>Ынталы әрекет</b>	<b>Мысалдар</b>
<i>Қарсы алу кімді? Кездесу кіммен?</i>	<i>Кім? Кімді? қарсы алады?</i>	<i>Біз достарымызды қарсы аламыз. Біз Жаңа жылды қарсы аламыз.</i>
<b>Өзара әрекет</b> <i>Кездесу – кездестіру, жолығу – жолықтыру, кез болу Кіммен? Немен?</i>	<i>Кім? кіммен кездеседі? Кім? Неге? кез болады? (кездесті) Кім кездеседі? Кім қайда кездеседі? Кім? Қашан кездеседі? Кім? Қалай кездеседі?</i>	<i>Біз достарымызбен кездесеміз. Біз әртүрлі факт, оқиғаларға кез боламыз. Біз кездесеміз. Біз үйде кездесеміз. Біз кешке кездесеміз. Біз жиі кездесеміз.</i>

## 10. «Кездесу, кездестіру – қарсы алу, жолығу» етістігінің әртүрлі құрылымын пайдалана отырып, тапсырманы үлгі бойынша орындаңыз.

**Үлгі:** – Мен оны би кешінде кездестірдім.

– Мен онымен би кешінде кездестім.

– Айжан мен Айшат би кешінде кездесті.

– Біз олармен би кешінде кездестік.

- 1) Дастан мені әуежайда күтпеді.
- 2) Біз журналистер тобын қарсы алдық.
- 3) Асқар Айнұрды вокзалда қарсы алды.
- 4) Студенттер ертең өздерінің консулын қарсы алады.
- 5) Сіз мені түстен кейін қарсы аласыз ба?
- 6) Сен бізді көрмеге кіре берісте қарсы аласың ба?
- 7) Мен және менің досым фестивальге қатысушыларды қарсы аламыз.
- 8) Мен сені вокзалда қарсы алайын. Мерекеге таныс әншілер келгенде көрермендер оларды қуана қарсы алады.

## 11. Үлгі бойынша кездесу орнын ауыстыра отырып, сұхбат құрыңыз.

**Үлгі:** – Жүзіңіз сондай таныс. Біз бұрын бір жерде кездестік пе?

– Солай сияқты, сізбен кездескен сияқтымын. Мүмкін, семинарда ма?

– Иә. Әбден мүмкін.

**12. «Кездесу, кездестіру» етістіктерімен болған құрылымды пайдалана отырып, сөйлемдердің мазмұнын басқа сөзбен жеткізіңіз.**

- 1) Ертең Ямайка мен Бразилия тобы баскетбол ойнайды.
- 2) Мен Маржанды күнде университетте көремін.
- 3) Біз Дастанмен жексенбі күні кездесуге келістік.
- 4) Гүлназдың ата-анасы ертең Астанаға ұшып келеді.
- 5) Асқар туған күніне өзінің жақын жолдастарының бәрін шақырды.
- 6) Мен біздің көрмеде бірге болатынымызды білген жоқпын.
- 7) Фестивальге әртүрлі елдердің адамдары жиналды.
- 8) Ертең сені қаншада күтейін, айтшы?

**13. Анықтама үшін берілген материалдарды пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыз. Септік жалғауларының дұрыс қолданысына назар аударыңыз.**

- 1) Мен \_\_\_\_\_ жиі кездестіремін.
- 2) Ол \_\_\_\_\_ достарымен бірге қарсы алды.
- 3) Теңіз жағасында дем алған кезімізде бізге \_\_\_\_\_ қарсы алу ұнайтын.
- 4) Айсәуле журналдың жаңа нөмірін оқыған кезде \_\_\_\_\_ кездесті.
- 5) Өмірде біз \_\_\_\_\_ кездесеміз.
- 6) Университеттің алдында \_\_\_\_\_ кездестім.
- 7) Кеше де осы \_\_\_\_\_ жолыққанмын.

**Қажетті сөздер:** *Айдана, наурыз, таң, таң шапағы, қызықты фактілер, оқытушы.*

**14. Сәйкес етістікті таңдай отырып, сөйлемді толықтырыңыз. Етістік тұлғаларының дұрыстығына назар аударыңыз.**

Енді сенімен _____ келмейді. Неге кеше мені _____ ?	<i>Кездесу Қарсы алу</i>
Жыл соңында Пекин олимпиадасына қатысушылармен _____. Мен олардың біреуімен көрмеде кездейсоқ _____.	<i>Танысу</i>
Олар енді қашан _____, ешкім білмейді. Мүмкін жазда _____. Жақында сізбен _____ деп ойлаймын.	<i>Кездесу</i>
Ол көпшіл адам, ылғи қасына достары, туыстары _____. Біз бүгін сізді құттықтауға _____.	<i>Жиналу</i>

**15. Екеу ара жұмыс. Бір-біріңізге сұрақ қойыңыз. Жауаптар дәлелді болсын.**

**Сізге не көбірек ұнайды, анықтаңыз:**

- Қарсы алу немесе кездесу?
- Таныстыру немесе танысу?
- Пікірлесу немесе пікір айту?
- Кеңесу немесе кеңес беру?
- Әңгімелесу немесе әңгімелеу?

**16. Берілген сөздердің мағынасын анықтаңыз, сөздікті пайдаланыңыз, сұрақтар қойыңыз, сөз тіркесін жазыңыз.**

*Президент, дәстүр, мәдениет, дін, нышан, сәт, ұлттық.*

1. Тақырыптық қатардан басты сөзді анықтаңыз, тақырыпқа сәйкес емес сөздерді көрсетіңіз.
2. Қуаныш, көңіл, бақыт, сабақ, туыстар, достар, мереке, қонақтар, сыйлау, қалжыңдар, күлкі, тілеу, консультация, құттықтау, ән айту, билеу, тост айту.
3. Сыйлықтар, түн, қыдыру, қар, қыс, көңілдену, ұйықтау, жаңа жыл, шырша, қайың, ойыншық, салют, күту, шай, шарап, Аяз Ата, Ақша Қар.

**17. Берілген анықтауыштармен сөйлем құрыңыз.**

**Анықтамалық сөздер:** *ескі, көне, баяғы, өткен, келер, келешек, жыл, ай, уақыт, дәстүр, ырым, мешіт, қала, нышан.*

**18. Берілген сөздерге өзіңізге белгілі сын есімдерден анықтауыш таңдаңыз.**

*Мереке, сыйлықтар, ойыншықтар, шырша, қыдыру, түн, билер, күлкі.*

**19. Сөздер мен сөз тіркестерін және берілген мысалдарды оқыңыздар. Осы сөздердің контекстегі мағынасын түсінуге тырысыңыздар. Сөздікті түсінбеген жағдайда ғана пайдаланыңыздар. Өз мысалдарыңызды да жазыңыздар.**

*– Нені дайындау? Неге дайындау? – Неге дайындалу? салыстырыңыз:*

---

Біз мерекелік кешке бағдарлама дайындап жатырмыз.

---

Біз мерекелік кешке дайындалып жатырмыз: өлең жаттап жатырмыз, ән үйреніп жатырмыз, байқауға сыйлықтар сатып аламыз.

---

*– алып беру – нені алып беру? Қайдан алып беру?*

Досыма картина ұнады. Мен оны дүкеннен алып, оған сыйладым.

Мерекеден кейін шыршадағы ойыншықтарды жинап, оны балаларға бердік.

*– дәстүр*

Демалған кезде біз ән айтамыз. Бұл біздің үйдегі дәстүр.

Біздің үйде ешкім әкеммен айтыспайды. Бұл – біздің үйдегі дәстүр.

*кешіру – кімді кешіру? Не үшін кешіру?*

Алмастың дұрыс жасамағанын біз түсіндік. Бізге бәрін түсіндіргенде, біз оны кешірдік. Сүю дегеніміз – кешіру деп айтады ғой. Сіз қалай ойлайсыз?

*– қоштасу – кіммен қоштасу?*

Пойыз келді. Гүлназ Алмаспен қоштасты, сәт сапар тіледі. Ол Астанаға жүріп кетті.

– Жақында Жаңа жыл. Оны біз 22 наурызда тойлаймыз. Сіздерде қашан тойланады?

*– Безендіру – нені безендіру?*

Мереке кезінде зал әдемі болады. Әдетте оны студенттер безендіреді.

*– ертерек*

Мереке бір аптадан кейін болады. Ал адамдар сыйлықтар сатып алуда. Барлығы жаңа жылға ертерек дайындалады.

*– өзгерістер*

Мақсатта соңғы кезде сәтсіз жағдайлар жиі болды. Жаңа жылда Мақсатта бәрі жақсы болады деп үміттенемін. Мен оған жақсы өзгерістер тілеймін.

*– жалпыхалықтық*

Бірінші қаңтарды – жаңа жылды көп ел тойлайды. Бұл – жалпыхалықтық мереке.

*– мәңгі, мәңгілік*

Адамдар болашақ туралы үнемі ойлайды. Бұл – дауласу мен айтысудың мәңгі тақырыбы.

*– тілек*

Біздер дастарқан басына жиналған кезде, әсіресе, Мақсат бәріне жақсы тілектер айтады, оның құттықтау сөздері өзгеше. Әркім үшін жақсы сөздер таба біледі.

– сақтау – нені сақтау?

Әр елдің ұмытқысы келмейтін өз дәстүрлері бар. Сондықтан ол дәстүрлерді сақтайды.

## I. Мәтінді оқыңыз, берілген тапсырмаларды орындаңыз.

**1. Мәтінді оқыған кезде, таныс емес сөздердің мағынасын сөздіктен қараңыз. Мәтінге тақырып таңдаңыз. Қазақстанда, әдетте, қанша мереке тойланады? Неге?**

Үйге мереке келді... Бұл дегеніңіз – үйге қуаныш, күлкі, әзіл, көтеріңкі көңіл келді деген сөз. Үйді ән тербейді, туыстар, жақындар бір-бірін құттықтау үшін, жақсы сөздер айту үшін, денсаулық, бақыт, табыс тілеу үшін жиналады...

Мерекелер көп. Жалпыхалықтық, мемлекеттік, жеке, отбасылық мерекелер бар. Алайда әрбір елдің, әрбір халықтың өзінің сүйікті мерекелері бар.

Қазақстанда осындай мерекенің бірі Жаңа жыл мерекесі. Жаңа жыл 1 қаңтарда және 22 наурызда екі рет тойланады. Неге дейсіз ғой? Жауаптың өзі мерекенің атауында тұр емес пе: «Жаңа...» – бұл жаңа жоспарлар, жаңа мақсаттар, жаңа үміттер, жұмыста, отбасында жаңа бақытты өзгерістерді күту деген сөз.

Сондықтан бәрі Жаңа жыл мерекесін күтеді, оған ертерек дайындалады. Бір-біріне сыйлықтар алады, үйде шыршаны безендіреді, мерекелік дастарқан дайындайды. Сіздер білесіздер, Жаңа жылды әр ел әр қалай тойлайды. Мысалы, Германияда адамдар баяғыдан мәңгі жасыл шыршаны өлмейтін ағаш деп сенген. Сондықтан оны мәңгі өмірдің, денсаулықтың әдеміліктің нышаны деп санаған. Олар бірінші шыршаны әсемдеп, түбіне жаңа жылдық сыйлықтар қойған.

## 2. Мәтінді оқыңыз, тапсырмаларды орындаңыз.

### Әлемге ортақ мереке

#### 1. Сөздермен жұмыс. Сөздікті пайдаланыңыз:

Самырсын, қамал, салтанат, тойламайтын көрінеді, тоғысу, сәт, кектену, шынайы, көне, балауыз, шырақтар, топ-томпақ, күлше нан, ортақ, тұрмыс-салттық, мұхит, мұңдану, ренжу, ашулану, ұрсысу, сенім, кемелер, бұтақтар, таяқтар.

#### 2. Мына сөздердің синонимін табыңыз: тағам, дайындау, сенім, бүкіл, мұңдану, өрнектеу.

#### 3. Түбірлес сөздердің мағынасын анықтаңыз.

- а) қуан, қуана, қуанып, қуанған, қуанғанда;
- ә) дүниежүзі, дүниежүзінде, дүниежүзілік;
- б) мереке, мерекелік, мерекелеу, мерекемен;
- в) шын, шындық, шынайы, шынайылық;
- г) орын, орынды, орындау, орында, орындаушы, орындаушылық, орынбасар, орнат, орнатылған, орнату, орнықты, орнықтылық;
- ғ) міндет, міндетті, міндеттеу, міндеттілік, міндетсіну;
- д) шырақ, шырағдан, шырақшы, шырағым.

#### 4. Ойтүрткі

##### 1) Сұрақтарға жауап беріңіз:

- а) Қандай мерекелерді білесіз?
- ә) Сізге қай мереке ұнайды?
- б) Қазақстанға тән қандай мерекелерді білесіз?
- в) Әлемге ортақ қандай мерекені білесіз?



## 2) Топ болып мына сұрақтарды талқылаңыздар:

- а) Әлем халықтары Жаңа жылды қалай қарсы алады?
- б) Наурыз мерекесін қай елдер тойлайды?

**Үлгі:** Гвинеяда жылдың алғашқы күнінде адамдар міндетті түрде көшеге піл жетектеп шығады. Сосын ән айтылады, би биленеді.

Қытайда дастарқанға міндетті түрде нарцисс гүлі қойылуы керек.

Ливанның мемлекеттік жалауында самырсын (бал қарағай) бейнеленген. Сондықтан да ливандықтар жаңа жылда ортаға өзгелер секілді шыршаны емес, самырсынды қойып, әшекейлейді.

## 3) Досыңыздан, көршіңізден сұраңыз:

- а) Жаңа жылды кіммен қарсы аласыз? (отбасыңызбен, достарыңызбен)
- ә) Жаңа жылды үйде қарсы аласыз ба, әлде қонаққа барасыз ба?
- б) Жаңа жалға арнап мерекелік дастарқан дайындайсыз ба?
- в) Жаңажылдық дастарқанда қандай тағамдар болуы тиіс деп ойлайсыз?
- г) Кімдерге құттықтау хаттарын жолдайсыз? (досыңызға, анаңызға, туыстарыңызға, ағаңызға, қарындасыңызға, т.б.)

## 5. Жаңа жылға құттықтау хатын жазыңыз.

## 6. Оқыңыз.



### Әлем, Жаңа жыл және біз

Жаңа жылды қуана қарсы алу – дүниежүзінде бар дәстүр екен. Дегенмен елдің бәрі бірдей бұл мерекені 31 желтоқсанда тойламайтын көрінеді.

Мысалы, **Үндістанда** Жаңа жылды қазан-қараша айларының тоғысқан сәтінде тойлайды екен. Үнділіктердің сенімі бойынша Жаңа жылдың алғашқы күні қалай өтсе, бүкіл жыл солай өтпек. Сондықтан да бұл күні біреуге кектенуге, ренжуге, ашулануға, ұрсысуға, мұңаюға болмайды. Барлық жерде де тек ән-күй, би, көтеріңкі көңіл-күй және шынайы қарым-қатынас салтанат құрған жөн делінеді. Есік-терезелерді шамдармен, суреттермен және гүлдермен өрнектейді.

Ал **Мьянмада** (бұл мемлекеттің бұрынғы аты – Бирма) аталған мейрам жылдың ең ыстық мезгіліне сәйкес келеді. Көнеден келе жатқан ұлттық дәстүр бойынша бұл күні мьянмалықтар бір-бірінің үстіне су құяды.

**Румынияда** бұл мейрамды көне тұрмыс-салттық әндермен қарсы алады. Оны орындаушылар қолдарына бұтақтар мен таяқтарға бекітілген жасанды гүлдер, қоңыраулар ұстайды.

**Бразилиялықтар** Жаңа жылды тек қана ақ түсті киіммен мерекелейді. Бәрі де ағаш тақталарға орнатылған балауыз шырақтарды мұхит бетіне жібереді де, ішінен тілек тілейді.

**Голландияда** мерекелік дастарқанға міндетті түрде ішіне жүзім түйірлері салынып пісірілген топ-томпақ күлше нан қойылады. Бұл нан тек осы күнге арналып, жылына бір-ақ рет әзірленеді. Сағат тілі түнгі 12-ні соққан мезетте голланд порттарында қаптаған кемелер бір мезгілде гудок беріп, салют атады.

## 7. Шын (ш) немесе жалған (ж)

	Шын	Жалған
а) Жаңа жылды қуана қарсы алу – дүниежүзінде ежелден бар дәстүр екен.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
ә) Дегенмен елдің бәрі бұл мерекені 31 желтоқсанда тойлайтын көрінеді.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
б) Үндістанда Жаңа жылды қазан-қараша айларының тоғысқан сәтінде тойламайды.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
в) Үнділіктердің сенімі бойынша Жаңа жылдың алғашқы күні қалай өтсе, бүкіл жыл солай өтпек.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
г) Мьянмада Жаңа жылдың ең ыстық мезгіліне сәйкес келеді.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
д) Румынияда бұл мейрамды көне тұрмыс-салттық әндермен қарсы алады.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
е) Бразилиялықтар Жаңа жылды тек қана ақ түсті киіммен мерекелемейді.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
ж) Голландияда мерекелік дастарқанға міндетті түрде ішіне жүзім түйірлері салынып пісірілген күлше нан қойылмайды.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

## 8. Досыңыздан, көршіңізден сұраңыз.

- а) Тағы қандай елдің Жаңа жылды қарсы алуын білесіз?
- ә) Жаңа жылда кімдерге сыйлық әзірлейсіз?
- б) Жаңа жылға достарыңызды шақырасыз ба?
- в) Жаңа жылда ата-анаңызға барасыз ба?
- г) Қазақстанда Жаңа жыл жылдың қай мезгілінде тойланады?
- ғ) Наурыз туралы не білесіз?

## 9. Досыңыздың сұхбаты туралы айтыңыз.

### Үлгі:

1. Ол венгрлердің Жаңа жылды қарсы алуы туралы біледі екен. Венгрлердің мерекелік дастарқанында үйрек, қаз, тауық атаулы мүлде болмайды. Осы халықтың сенімі, ұғым-түсінігі бойынша, бұл күні құс етін жеуге болмайды, өйткені шаңыраққа бақыт құсы қонбай, ұшып кетуі мүмкін.

2. Ол итальяндықтардың Жаңа жылды қарсы алуын біледі екен.

Итальяндықтар Жаңа жыл қарсаңында ешкіммен ренжіспеуге және ешкімге қарыз болмауға тырысады, сондай-ақ ойға алған істің бәрін ескі жылда аяқтап тастағанды жөн көреді. Сосын оларда мынадай қызық дәстүр бар. 31 желтоқсан күні итальяндықтар үйге қажетсіз болып қалған заттарды аулаға немесе көшеге лақтырып тастайды. Мәселен, сынған ыдыс-аяқ, ескі киім, жарамсыз жиһаз дегендей. Бұл – Жаңа жылда дәулетті өмір сүрудің басты кілті деп есептеледі.

3. Ол Жаңа жылда ең бірінші ата-анасына сыйлық алады екен.

4. Ол жапондықтардың Жаңа жылды қарсы алуын біледі екен.

Жапондықтар 31 желтоқсан күні барлық жерде шіркеуде 108 рет гонг (ұрып ойнайтын музыкалық аспаптың түрі) ұрады. 100 және 8 деген сандар оларда ең сәтті, бақытты деп есептеледі. Халық сенімі бойынша гонг соғылғанда олар жақсылықтың, бақыттың табалдырығынан аттайды. Соңғы гонг соғылғанда ұйықтап қалуға асығады.



Ертеңіне Жапония тұрғындары атып келе жатқан таңды көріп, сәлемдесіп, содан кейін ғана Жаңа жыл мерекесін тамашалайды.

Мереке дастарқаны өте қарапайым: ұзын макарон, күріштен жасалған печенье және бұршақ. Макарон – ұзақ өмірді, печенье – ырысты, бұршақ – денсаулықты бейнелейді.

Жапондар да Жаңа жылдық мерекені сыйлықсыз өткізбейді. Ертедегі дәстүр бойынша отбасы мүшелерін, туған-туысқандарды, дос-жарандарды, қызметтес адамдарын сыйлау бар.

Жапондар Жаңа жылға өтіп кетпесін деп, жыл аяғында қарыздарын өтейді. Бұл – ертеден келе жатқан дәстүр. Сағат қоңырауы 1 қаңтардың келгенін хабарлап, соға бастағанда, жапондар ішек-сілесі қатып күледі. Олар алдағы жылда күлкі табыс әкеледі дегенге сенеді.

### **10. Мына сөйлемдерді мәтінге сәйкес аяқтаңыз:**

1. Жаңа жылды қуана қарсы алу \_\_\_\_\_.
2. Мысалы, Үндістанда \_\_\_\_\_.
3. Есік-терезелерді шамдармен \_\_\_\_\_.
4. Көнеден келе жатқан ұлттық дәстүр \_\_\_\_\_.
5. Бразилиялықтар Жаңа жылды \_\_\_\_\_.
6. Сағат тілі түнгі 12-ні соққан мезетте \_\_\_\_\_.
7. Венгрлердің мерекелік дастарқанында \_\_\_\_\_.
8. Италияндықтар Жаңа жыл қарсаңында ешкіммен \_\_\_\_\_.
9. Халық сенімі бойынша гонг соғынғанда \_\_\_\_\_.

### **11. Мына етістіктерді, сөз тіркестерін пайдаланып, мәтінді әңгімелеңіз:**

*тойлайды, елдің бәрі бірдей, тойламайтын көрінеді, алғашқы күні, өрнектейді, жылдың ең ыстық мезгіліне сәйкес, су құяды, ұлттық дәстүр, жасанды гүлдер, жасайды, ақ түсті киіммен, тілек тілейді, міндетті түрде, жүзім түйірлері, әзірленеді, қаптаған кемелер, венгрлердің мерекелік дастарқанында, бақыт құсы, қызық дәстүр, тастайды, дәулетті өмір, ұрады, аттайды, асығады, тамашалайды, бейнелейді, ертедегі дәстүр, өтейді, жыл аяғында, күледі, алдағы жылда, сенеді.*

### **12. Жоспарда берілген тақырыпшаларды мәтіннен табыңыз.**

- Жаңа жыл Үндістанда.
- Мьянмада.
- Румынияда.
- Бразилиялықтардың Жаңа жылы.
- Голландияда.
- Венгрлердің мерекелік дастарқаны.
- Италияндықтардың қызық дәстүрі.
- Жапондықтар 31 желтоқсан күні.

**13. Жоспарда аталған мәселелер туралы негізгі ақпаратты мәтіннен жазып алыңыз. Сонда Сізде мәтін мазмұнын айқындайтын тезистік жоспар жазылады.**

**14. Жалпыхалықтық мерекелерді атаңыз. Олар күнтізбеде қызыл түспен беріле ме? Олар жұмыс күні емес пе? Қай мереке ең сүйікті мереке деп ойлайсыз?**

## II. Лексикалық-грамматикалық тапсырмаларды орындаңыз.

Сөйлемдерді оқыңыз. Іс-әрекет объектісіне сұрақ қойыңыз.

- 1) Мерекелерде .... құттықтау, .... сыйлықтар беру дәстүрі бар.
- 2) Төменде берілген сайттан Европа елдерінің Жаңа жылға шығыны туралы оқыңыз.

<http://rus.delfi.lv/news/daily/abroad/skolko-stoit-novyj-god-traty-zhitelej-raznyh-stran-evropy.d?id=49599637>



# АЛТЫНШЫ САБАҚ

## Сіз әдемісіз

### ЛЕКСИКА

**а) Адам бойына қатысты сөздерге назар аударыңыз.**

Ол ұзын бойлы;  
Орта бойлы; бойшаң;  
Аласа / бәкене бойлы, қортық;  
Тапал, кішкене бойлы.

**ә) а тапсырмасындағы ақпараттарды пайдалана отырып, ұзын сөзіне антоним табыңыз.**

**б) Сұхбатты оқыңыз. а тапсырмасында берілген ақпараттардың қолданысына назар аударыңыз.**

- Дәулет, маған қарындасыңның суретін көрсетші.
- Жарайды, міне.
- Қарындасың қандай әдемі! Ұзын бойлы ма?
- Жоқ, ұзын емес.
- Айнаш сияқты ма?
- Жоқ, Айнаш орта бойлы ғой. Менің қарындасымның бойы ұзын емес, қысқа бойлы.

**в) Адамның бет-әлпетін сипаттаған сөздерге назар аударыңыз.**

Ол – аққұба, қызыл шырайлы, қара торы, «ай» десе аузы, «күн» десе көзі бар, келбетті, келісті, ат жақты, дөңгелек жүзді, сүйкімді.

**г) Сұхбатты оқыңыз. в тапсырмасында берілген сөздердің қолданысына назар аударыңыз.**

- 1) – Мынау менің қарындасым, кеше саған ол туралы айтып едім ғой.  
– Асқар, қарындасың шынымен де әдемі екен. Сүйкімді екен. «Ай» десе аузы, «күн» десе көзі бар деп айтса болады.
- 2) – Апай, қалай ойлайсыз? Айнаш әдемі ме, Айжан әдемі ме?  
– Оларды салыстыруға бола ма екен? Меніңше, екеуі де әдемі. Тек біреуі – аққұба, бойшаң да, екіншісі – қараторы, сүйкімді. Жалпы екеуі де сұлу.

**1. Адам көзін сипаттауға арналған сөздерге назар аударыңыз.**

Оның көзі қара. Оның көзі көк.  
Бота көз; қаршыға көз; қой көз. Оның көзі үлкен. Ол қысық көзді. Тана көз.

**2. Сұхбатты оқыңыз. 3-тапсырмада берілген сөздердің қолданысына назар аударыңыз.**

– Қарлығаш, маған Айдана туралы айтшы. Мен оны ешқашан көрмеген едім.  
– Не айтайын. Орта бойлы. Ат жақты, сұрша қыз. Сонша ерекшелігі жоқ. Ал көзі қандай десеңші ол қыздың. Сондай әдемі көз.

**3. а) Адамның көзқарасын, көз тастауын сипаттайтын сөздерге назар аударыңыз.**

Оның көзқарасы батыл.	Ол жасқана қарайды.
ашық;	Жылы ұшырап қарайды.
тура;	Қулана қарау.
қатал.	

**б) 4-тапсырмадағы ақпараттарды пайдаланып, жасқана қарау, жылы қарау, қулана қарау сөздеріне антоним табыңыз.**

**в) Сұхбатты оқыңыз. 4-тапсырмада берілген сөздердің қолданылуына назар аударыңыз.**

- Дәурен, мына кісі кім?
- Ол менің досым. Біз мектепте бірге оқығанбыз.
- Оның көзқарасы қандай батыл, ашық және қатал!
- Ал мынау кім?
- Бұл біздің мұғалім.
- Оның көзқарасы қандай мейірімді! Оның мейірімді екені бірден көрініп тұр.
- Сен мына суретте неге сондай жасқана қарап тұрсың?
- Мұндағы сурет сәтті емес.

**4. Адамның сырт келбетін берілген сипаттамаға қарама-қарсы сипаттаңыз.**

- 1) Оның бойы ұзын. Ол аққұба, бота көзді, Оның көзқарасы қатал.
- 2) Оның бойы онша ұзын емес. Оның келбеті әп-әдемі, бидай өңді. Көзқарасы жасқаншақтау.
- 3) Ол орта бойлы. Ол ат жақты, көзі үлкен, көзқарасы ашық.
- 4) Оның бет әлпеті әдемі, қызыл шырайлы, қуланып қарайды.

**5. а) Адамның ерні мен күлкісін сипаттауға арналған сөздерге назар аударыңыз.**

**Күлкісі:** көңілді, қуанышты, бақытты, қатты, себепсіз, жалған.

**Ерні:** томпақ, жұқа, қалың.

**Қасы:** қалың, қара, әдемі, жіңішке, өсіп кеткен, иілген.

**б) Сұхбатты оқыңыз. Жоғарыда берілген сөздердің қолданысына назар аударыңыз.**

- 1) – *Дархан, анаң сондай жас екен ғой. Бірақ мына суретте неге ол сондай көңілсіз? Күлкісі де мұңлы.*  
– *Себебі бұл суретті тура Астанаға кетер алдында түсіргенмін. Ол мені қатты уайымдап тұр.*  
– *Сен демалысқа барғанда ол кісі қалай қуанады десеңші онда! Қуанышты жүзін елестетіп тұрмын.*
- 2) – *Қабырғаға мына фотоны неге ілесің? Бұл актриса маған ұнамайды. Меніңше, оның ерні тым топ-толық, күлкісі де ұнамайды, қуақы күлкі.*  
– *Бұл, меніңше оның ерні де әдемі, күлкісі де сондай жылы, тартымды.*

**6. а) Адам келбетін (маңдайы мен мойнын, мұрнын) сипаттауға арналған сөздерге назар аударыңыз.**

Оның маңдайы кең; оның маңдайы тар; оның маңдайы ашық; ол қыр мұрынды; оның мұрны пұшық; оның мойны қысқа; оның мойны ұзын; мойны жуан, мойны арық; ол қаз мойынды және т.б.

**б) Сұхбатты оқыңыз. 7-тапсырмадағы сөздердің қолданысына назар аударыңыз.**

– *Менің Айдарханұлына курс жұмысын тапсыруым керек еді. Мен ол кісіні көрмеппін, қалай табамын?*

– *Уайымдама. Оп-оңай табасың. Оны танымау мүмкін емес. Ол кең маңдайлы, мұрны ұзын, тым ұзын, мойны да ұзын арық кісі.*

– *Келбетін айттың. Жарайды, іздейін. Таба алатын шығармын.*

**7. а) Адамның шашын суреттейтін сөздерге назар аударыңыз.**

Оның шашы қара; оның шашы ағарған; оның шашы бұйра; оның шашы қысқа; оның шашы қысқа; оның шашы қалың; оның шашы селдір.

# ЖЕТІНШІ САБАҚ

## Сіздің мінезіңіз жақсы

### ЛЕКСИКА

#### 1. а) Адам мінезін сипаттайтын сөздерге назар аударыңыз.

**Жалпы мінездеме:**

Оның мінезі жақсы.

Оның мінезі жаман.

**Жұмысқа қатысты:**

Ол – тәжірибелі маман.

Ол – белсенді маман.

**Мінездің жағымды жақтары:**

Ол мейірімді, еңбекқор, әділ, қатал, ақылды, батыл, салмақты, адал ниетті, талапшыл адам.

**Мінездің жағымсыз жақтары:** ашушаң, жалқау, қорқақ, ұшқалақ, топас адам.

#### б) Емес көмекші сөзі арқылы мына сөздерге антоним жазыңыз:

Шыншыл, тәжірибелі, талапшыл, әділ.

#### в) 1а тапсырмадағы сөздерді пайдаланып, мына сөздерге антоним жазыңыз:

мейірімді, салмақты, еңбекқор, батыл, ақылды.

#### д) Сұхбатты оқыңыз, 1а тапсырмадағы берілген сөздердің қолданысына назар аударыңыз.

– Мен бүгін Королев туралы фильм көрдім.

– Королев дегенің кім?

– Конструктор. Юрий Гагарин ғарышқа ұшқан ракетаны жасаған.

– Қызық фильм бе?

– Өте қызық. Қандай адамдар туралы «нағыз адам» деп, «үлкен әріппен жазылатын адам» деп айтады, мен енді білемін.

– Қандай адамдар туралы?

– Өте ақылды, батыл, әділ адамдар туралы.

– Королев сондай адам болған ба?

– Иә. Ол сондай-ақ еңбекқор, жауапкершілігі өте жоғары.

– Иә. Ол өте еңбекқор да болған. Өз ісіне өте жауапты қараған. Ол ашушаң, ұшқалақ, жалқау, қорқақ адамдарды ұнатпаған. Ол өз өмірін ғарышқа арнаған. Ол кісі туралы «нағыз адам» деп айтуға болады.

#### 2. Берілген сөйлемдерге қарама-қарсы мағынада сөйлемдер жазыңыз.

1) Ол – мейірімді, ақылды адам.

2) Ол – батыл және өз ісіне жауапты адам.

3) Мына қыз – өте жалқау және ұшқалақ қыз.

4) Не айта аламын. Ол – жаман адам, топас адам.

5) Маржан – тәжірибелі, бастамашыл адам.

#### 3. а) Сын есімдерді дерексіз мағыналы зат есімге айналдырыңыз.

**Үлгі:** батыл – батылдық

Топас, адал ниетті, ашушаң, батыл, қорқақ, әділ, қатал, ақылдылық.



**б) Дерексіз мағыналы зат есімдердің жасалуына назар аударыңыз.**

Еңбекқор – еңбекқорлық; жалқау – жалқаулық; мейірімді – мейірімділік; ақылды – ақылдылық.

**в) Жоғарыда берілген ақпараттарды пайдалана отырып, жақша ішіндегі сын есімдерді зат есімге айналдыра отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.**

- 1) Неге студенттер Дәурен Ғалымұлын сондай жақсы көреді? (ақ ниетті, мейірімді)
- 2) Неге Қанатты мектепте бәрі жақсы көрмейді? (өз ісіне жауапсыз, жалқау)
- 3) Не үшін балалар Алмасты сыйлайды? (батыл, әділ)
- 4) Не үшін Айман апайды бағалайды? (еңбекқор, ақылды, сыпайы)
- 5) Саматты не үшін сыйламайды? (қорқақ, бастамашыл емес)
- 6) Ата-аналар не үшін өз балаларына ұрсады? (жалқау)
- 7) Ата-аналар балаларын не үшін мақтайды? (еңбекқор, адал)

**4. а) Сын есімдердің қолданысына назар аударыңыз.**

**Тұрақты сипат**

Сабыр – *қатал* адам.

**Тұрақты емес**

Бүгін Сабыр ерекше *қатал*.

**б) а тапсырмасындағы ақпараттарды пайдалана отырып, көп нүктенің орнына мағынасына қарай сын есімдерді қолданыңыз.**

- 1) Жалпы ол \_\_\_\_\_ адам. Ал бүгін әдеттегіден өзгеше \_\_\_\_\_. (*салмақты*)
- 2) Менің әкем өте \_\_\_\_\_ адам. Кеше бізбен әңгімелескенде, әдеттегіден де \_\_\_\_\_ болды. (*байыпты*)
- 3) Маған ол ұнамайды, ол \_\_\_\_\_ әйел. Үшінші күн болды, маған бір нәрсеге \_\_\_\_\_. (*ашулы, ашушаң*)
- 4) Мәкен өте \_\_\_\_\_ адам. Кейде ол тым \_\_\_\_\_ болады, ондай кезде онымен жұмыс істеу қиын. (*талапшыл*)
- 5) Мен оның \_\_\_\_\_ екенін білдім. Кеше кешке оның қаншалықты \_\_\_\_\_ екеніне көзім жетті. (*монас*)
- 6) Менің әжем өте \_\_\_\_\_. Маған кейде ол кісі оның мейіріміне тұрмайтын кейбір адамдарға да тым \_\_\_\_\_ болып көрінеді. (*мейірімді*)

**5. Сын есімді предикатқа және сын есім сөздерден жасалған зат есімдерге және сын есім + етістік, + болды, екен, сияқты сөздермен тіркесіне назар аударыңыз.**

- 1) Дәурен сондай \_\_\_\_\_ оқушы. \_\_\_\_\_ оның мінезінің басты сипаты. Бүгін ол жұмысын, шындығында \_\_\_\_\_ орындады. (*ақ ниетті*)
- 2) Әкем өте \_\_\_\_\_ адам. Кеше мен бір нәрсені дұрыс жасамаған кезде, ол өзгеше \_\_\_\_\_ болды. Ол маған \_\_\_\_\_ қарады, \_\_\_\_\_ сөйлесті. (*қатал, қаталдық*)
- 3) Ол өте \_\_\_\_\_ адам. Кеше ол өзін қалай \_\_\_\_\_ ұстады. \_\_\_\_\_ оның оның мінезінің басты сипаты. (*батыл, батылдық*)
- 4) Айдос өте \_\_\_\_\_ адам. Ол өзгеге де өзіне де \_\_\_\_\_ қарайды. Барлығы оның \_\_\_\_\_ екенін біледі. Бүгін ол тым, өзгеше \_\_\_\_\_ болды. (*талапшыл*)
- 5) Рахия \_\_\_\_\_ адам. Бүгін де ол \_\_\_\_\_ танытты. Бізбен әңгімелескенде ол әдеттегіден де \_\_\_\_\_ танытты. \_\_\_\_\_ оның мінезінің басты сипаты. (*шыншыл, шыншылдық*)

## 6. Салыстырулардың берілуіне назар аударыңыз.

1. Әдемі, әдемірек, өте әдемі, бәрінен де әдемі.
2. Жақсы, жақсырақ, өте жақсы, бәрінен де жақсы.
3. Мына көйлек мына көйлектен әдемі (*әдемірек*).
4. Мына кітап мына кітапқа қарағанда қызығырақ (*қызық*).
5. Мына кітапты ана кітаппен салыстырғанда қызық емес.
6. Ол менен гөрі батыл (*батылырақ, өте батыл*).

## 7. а) Жоғарыда берілген ақпараттарды пайдалана отырып, көп нүктенің орнын сын есімнің салыстырмалы, күшейтпелі шырайын қолданыңыз.

Менің әпкем маған қарағанда \_\_\_\_\_ (*жастау*) сияқты. Мен оны жақсы көремін. Ол маған қарағанда \_\_\_\_\_ деп ойлаймын (*әдемі, жақсы*). Оны бойы да маған қарағанда \_\_\_\_\_ (*ұзын*). Шашы да менікіне қарағанда \_\_\_\_\_ (*ұзын*), көзі де менің көзіммен салыстырғанда (*үлкен, үлкенірек*). Бастысы бұл емес. Бастысы ол \_\_\_\_\_ әлемдегі (*мейірімді, әділ*) адам. Жұмысында оны өте сыйлайды. Оның әріптестері оны \_\_\_\_\_ адам, \_\_\_\_\_ маман деп айтады (*ақылды, тәжірибелі, ақ ниетті*). Сонымен бірге ол менен гөрі \_\_\_\_\_ (*батыл*). Ол шындықты көзіне айтқаннан қорықпайды. Әрине, ол маған қарағанда \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ (*еңбекқор, салмақты, байыпты*). Ол мектепте тек қана беске оқыды. Тіпті шешем маған жиі айтатын: сен әпкеңе қарағанда \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ дейді (*жеңілтек, жалқау*). Мен не істейін? Қайтсем әпкем сияқты бола аламын?

## б) Мәтінді оқыңыз. Жұмыс орны Жеңіс Дәулетұлына жағымды мінездеме берді ме, жағымсыз мінездеме берді ме?

### Мінездеме

Жеңіс Дәулетұлы 1998 жылдан бері Конструкторлар бюросында жұмыс істейді. 1998 жылдан 2004 жылға дейін инженер қызметінде болды. 2004 жылдан бастап жетекші инженер болып істейді.

Осы қызметінде ол өзін жауапкершілікті, белсенді, ақ ниетті қызметкер ретінде көрсете білді. Бастамашыл. Өз міндетін жақсы біледі, жақсы орындайды. Тәжірибелі маман. Өз бетінше шығармашылық жұмысқа бейімі бар екенін көрсетті, үш жаңалықтың авторы. Қатал, талапшыл жетекші, ұжым құрметіне ие. Қызметіне толықтай лайық.

Мінездеме авиациялық институттың аспирантурасына ұсынылу үшін берілді.

Конструкторлық бюроның директоры  
29 мамыр, 2012 жыл.

Игілік Досжанұлы

## в) Мәтінді тағы да бір рет оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Жеңіс Дәулетұлы конструктор бюросында қашаннан бері жұмыс істейді?
2. Конструктор бюросында Жеңіс Дәулетұлы қандай қызмет істейді?
3. Жеңіс Дәулетұлы туралы не айтуға болады?
4. Жеңіс Дәулетұлына мінездеме не үшін берілді?

## г) Саясаткер қандай болу керек деп ойлайсыз? Сұраққа жауап беріп көріңіз.



**8. Мына сұрақтарды пайдалана отырып, өзіңіздің досыңыз туралы әңгімелеңіз.**

1. Досыңыздың аты кім?
2. Ол қанша жаста?
3. Ол қайда тұрады?
4. Қайда оқиды немесе қайда жұмыс істейді?
5. Сіздер қайда таныстыңыздар?
6. Ол қандай?
7. Оның мінезі қандай?
8. Оның қандай мінезі ұнайды? Қандай мінезі ұнамайды?
9. Оның мінезінің басты сипаты қандай?
10. Досыңызды не үшін жақсы көресіз?



# СЕГІЗІНШІ САБАҚ

## Бір-бірімізге жылы лебіз айтайық...

### ЛЕКСИКА

#### 1. а) Жылы лебіздерге назар аударыңыз.

*Адамдардың жағымды сипатын бағалау:* Сіз сондай әдемісіз! Мінезіңіз де жақсы. Қандай ақылдысыз! Қандай мейірімдісіз!

*Мінездің жеке сипаттарын бағалау:* Сіз сондай салмақтысыз! Сіз сондай жайдарысыз!

*Адамның кәсіби сапасын бағалау:* Сіз жақсы мамансыз! Сіз жақсы дәрігерсіз!

#### б) Сұхбатты оқыңыз. Сөйлеу этикетін табыңыз. Не үшін жылы лебіз айтылған?

– Салтанат, сәлеметсіз бе?

– Сәлеметсіз бе, Айсәуле Жамбылқызы! Сіз бүгін сондай әдемісіз!

– Мен бүгін емтихан тапсырамын. Жаңа костюм киейін деп шештім. Аздап толқып тұрмын.

– Емтиханды кім қабылдайды?

– Қуаныш Нұрдәулетұлы.

– Неге уайымдайсыз? Қуаныш Нұрдәулетұлы әділ кісі, жақсы маман. Бәрі жақсы болады!

– Қандай мейірімдісіз! Ылғи жақсы сөз айтасыз! Рақмет! Сау болыңыз!

– Сәлем, Дәурен! Неге көңілсізсің? Не болды?

– Емтиханымды тапсыра алмадым.

– Енді не? Кейде болады. Келесі жолы тапсырасың. Мен де математиканы тапсыра алмадым. Жаттаймыз, тапсырамыз.

– Сен сондай жайдарысың, Айнаш.

– Нұрлан Серікұлы! Мен Сіздің жаңа мақалаңызбен таныстым. Бұл ғылымдағы жаңа сөз! Сіз нағыз ғалымсыз!

– Рахмет, Дәурен Ғалымұлы! Сіз де жақсы мамансыз. Біздің университеттің студенттері тек қана Сіздің оқулығыңызбен дайындалады дейді.

– Неге олар кітапханадан менің ғана оқулығымды алатынын білмеймін. Әлде, шындығында, жаман жазылмағандықтан ба екен... Әлде кітапханада басқасы жоқ па екен...

#### 2. а) Адамның сыртқы келбетін, киімін, жүріс-тұрысын бағалауына назар аударыңыз.

*Сыртқы келбетін бағалау:* Сіздің күлкіңіз әдемі. Сіздің көзіңіз әдемі!

*Киімін бағалау:* Қалай сәнді киінесіз! (Как модно одеваетесь); Сізге осылай киінген жарасады!

*Мінез-құлықын бағалау:* Сізбен әңгімелесу қызық! Сізбен жұмыс істеген жақсы!

*Ұзақ уақыт көрмегеннен кейінгі жылы лебіздер:* Әлі сондайсыз! Әлі сол қалпыңыздасыз!

Қартаймайсыз! Жасарып кетіпсіз! Өзгермейсіз! Өзгермепсіз!

б) Екінші тапсырманың *а* бөлігіндегі ақпараттарды пайдалана отырып, «Сіз өзгермейсіз» деген үзінді сөздің синоним табыңыз.

**в) Сұхбаттарды оқыңыз. Сөйлеу этикеттерін табыңыз. Не үшін жылы лебіздер айтылғанын түсіндіріңіз.**

1.

– Салтанат, сені көрмегелі көп болды ғой. Мүмкін, бес-алты жыл. Мен сені бірден таныдым. Сен өзгермейсің.

– Сен де өзгермепсің, Айнұр. Тіпті әдемісің! Сол қалпыңдасың.

– Қойшы! Мына көйлекті қайдан алғансың? Түсі сондай әдемі. Саған осылай киінген жарасады.

Қалай сәнді киінесің!

– Рақмет. Өзің де жаман киінбейсің. Саған мына шляпа жарасады екен. Мен де алар едім.

– Неге мұнда тұрмыз? Кеттік кафеге.

2.

– Менің суретке түсуім керек.

– Мұнда отырыңыз.

– Маған қараңыз. Күліңіз. Күлкіңіз қандай әдемі. Мен кіріп келгеніңізде-ақ байқағанмын.

– Лебізіңізге рақмет.

3.

– Дәулет Алтайұлы! Мен бәрін жасадым. Қағаздарыңызды алыңыз. Олар менің үстелімде жатыр.

– Рақмет, Кәмилә. Сізбен бірге жұмыс істеу бір ғанибет. Сіз бәрін уақытында орындайсыз.

– Сізге де рақмет.

**3. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді жазыңыз.**

1)

– Рахия, костюмің қандай әдемі! \_\_\_\_\_ көрінесің! Қандай сәнді \_\_\_\_\_.

– Рақмет.

2)

– Ерсайын Болатұлы, сіз \_\_\_\_\_ мамансыз. Сіз бізге көмектестіңіз.

– Мен сіздер де \_\_\_\_\_ мамансыңдар деп, айта аламын.

3)

– Асқар Жұмағалиұлы, сіз тек қана \_\_\_\_\_ оқытушы ғана емес, \_\_\_\_\_ аудармашысыз да.

– \_\_\_\_\_, Дәулет Рахымұлы.

– Жо-жоқ. Бұл шындық.

4)

– О! Кімді көріп тұрмын. Кездеспегенімізге қанша уақыт болды. \_\_\_\_\_ Жасарып кетіпсің!

5)

– Сіз бүгін \_\_\_\_\_!

– Лебізіңізге рақмет.

6)

– Сізбен әңгімелескенім жақсы болды. Сіз сондай \_\_\_\_\_ жақсы адамсыз.

– Рақмет. Өзіңіз де \_\_\_\_\_.

7)

– Күлдірдіңіз. Көптен бері осылай күлмеп едім. Сіздің қалжыңдарыңыз \_\_\_\_\_.

– Мен сіздің күлкіңіз \_\_\_\_\_ екен деп айтар едім.

## ГРАММАТИКА

### Қандай, қалай сөзінің қолданысы.

#### 4. а) Көп нүктенің орнына қандай сөзін қолданыңыз.

- 1) \_\_\_\_\_ ақылдысың!
- 2) \_\_\_\_\_ әдемісіз!
- 3) Көйлегің \_\_\_\_\_ әдемі!
- 4) \_\_\_\_\_ жақсы мамансыз!
- 5) Балаларыңыз \_\_\_\_\_ жақсы!
- 6) Сіз \_\_\_\_\_ қызық адамсыз!
- 7) Сіздің досыңыз \_\_\_\_\_ керемет адам!
- 8) Сіздің мінезіңіз \_\_\_\_\_ жақсы!

#### 5. Көп нүктенің орнына қажетті етістікті қолданыңыз.

- 1) Сіз \_\_\_\_\_ (*өзгеру*).
- 2) Сен \_\_\_\_\_ (*қартаю*).
- 3) Сіз \_\_\_\_\_ (*жас көріну*).
- 4) Сен жақсы \_\_\_\_\_ (*аудару*).
- 5) Саған мына көйлек \_\_\_\_\_ (*жарасу*).
- 6) Сіз қашанда \_\_\_\_\_ (*әдемі көріну*).

#### 6. Мына адамдарға жылы лебіз айтыңыз.

- 1) Назымның көзі әдемі.
- 2) Ерболдың мінезі салмақты.
- 3) Айсұлу сәнді киінеді.
- 4) Дәурен – жақсы маман.
- 5) Олжаспен әңгімелескен жақсы.
- 6) Раушанды көптен бері көрмедім.

# ТОҒЫЗЫНШЫ САБАҚ

## Айналамыздағы қызықтар

### МАЗМҰНЫ:

- Сапалық сипаттаманың берілуі:
  - Сын есімнің шырайлары;
  - Үстеу.
- Анықтауыштық қатынастың берілуі.  
Анықтауыштық есімдік *барлық, бәрі және т.б.*
- Белгісіздіктің берілуі.  
Белгісіздік есімдігі: *бір нәрсе, біреу және т.б.*
- Модальдық мағынаның берілуі.  
Анықтауыштық қатынастың берілуі (есімшелі анықтауыш).

### ОҚИМЫЗ, ОЙЛАНАМЫЗ, ТАЛДАЙМЫЗ...

**1. Мәтінді оқыңыз. Таныс емес сөздерді сөздіктен қараңыз. Асты сызылған етістіктерге назар аударыңыз.**

Дастан ағылшын тілін оқып жүр. Оның анасы: – Дастан ағылшын тілі емтиханын жақсы тапсырды, өте қуаныштымын. Ол жақсы оқыды, ризамын. Ол ағылшынша еркін сөйлеуі тиіс, себебі ағылшын тілі оның мамандығы. Ол жақсы маман болады, мен сенімдімін. Ол көп жұмыс істейді, тағы да көбірек жұмыс істеуге дайын, – деді.

### 2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Дастан қай тілді оқып жатыр?
- 2) Дастанның шешесі не үшін риза?
- 3) Оның пікірінше, Дастан ағылшынша қалай сөйлеуі керек? Неге?
- 4) Дастанның шешесі неге сенімді? Неліктен?

### ГРАММАТИКАНЫ ОҚИМЫЗ, ҚАЙТАЛАЙМЫЗ.

#### Сапалық сипаттаманың берілуі

**3. Мына сөйлемдерге назар аударыңыз: Ол бос емес. Олар бос емес. Мен қазір бос емеспін, бірақ жуық арада босаймын.**

## Назар аударыңыз!



Сын есімдер предикат қызметінде. (Р).

### Есіңізге сақтаңыз!

Бос емес, (занят)	тиіс, тиісті (должен)
Қуанышты (рад)	ауру (болен)
Сенімді (уверен)	разы (доволен)
Сау, сау емес (здоров, не здоров)	бос (свободен)

#### 4. Сұхбаттарды оқыңыз. Сын есімдердің қолданысына назар аударыңыз.

а)

- Сіздің атыңыз Дәурен бе?
- Иә, Дәурен Ғалымжанұлымын.
- Танысқаныма қуаныштымын. Атым Мадияр. Журналистпін.
- Жақсы.

ә)

- Айнаш, сен ертең кешке бос боласың ба?
- Иә, боспын. Неге сұрадың?
- Мүмкін, театрға бірге барайық.
- Рақмет.

б)

- Самат, кеше маған неге хабарласпадыңдар?
- Кешіріңіз, Самат Досболұлы. Мен кеше мүлдем бос болмадым.

в)

- Дәурен, физикадан емтиханың қашан болады?
- Екі күннен кейін.
- Дайынсың ба?
- Дайын екеніме сенімді емеспін.

г)

- Маржан, концертке барасың ба?
- Жоқ, бармаймын, бүгін бос емеспін.
- Бүгін қайда барасың?
- Емханаға.
- Не болды?
- Ауырып қалдым.

д)

- Назым, театрға келесің бе?
- Жоқ, бара алмаймын, ауруханаға баруым керек. Әпкем ауырып жатыр.

ж)

- Айтыңызшы, мына дәрісхана бос па?
- Қазір бос емес, бір сағаттан кейін босайды.

## Сын есім мен үстеу. Шырайлар

Сын есім			Күшейтпелі үстеу
әдемі	әдемірек	өте әдемі	әбден шаршады
жақсы	жақсырақ	өте жақсы	мүлдем білмейді



### Есіңізге сақтаңыз!

Сын есім мен үстеу салыстыру конструкциясын құрайды.  
Айнаш маған қарағанда спорт залға жиірек барады.  
Ол менен гөрі есепті жылдамырақ шығарады.

### 5. Салыстыру конструкцияларын пайдалана отырып, сұрақтарға үлгі бойынша жауап беріңіздер.

**Үлгі:** Мен қазақша жаман жазамын, Марат жақсы жазады.

Кім жақсы жазады? Кім нашар жазады?

Марат маған қарағанда қазақша жақсы жазады.

Мен Маратқа қарағанда қазақша жаман жазамын.

1) Жеңіс жылдам оқиды, Гүлназ жай оқиды. Кім қатты оқиды? Кім жай оқиды?

2) Ол жылдам жүреді, мен жай жүремін. Кім жай жүреді, кім жылдам жүреді?

3) Назгүл оқытушыны мұқият тыңдайды. Асқар оны онша мұқият тыңдамайды. Кім оқытушыны мұқият тыңдамайды, кім мұқият тыңдайды?

4) Менің ағам өте көп жұмыс істейді. Мен аз жұмыс істеймін. Кім азырақ жұмыс істейді, кім көбірек жұмыс істейді?

5) Мен алыс тұрамын. Менің досым жақын тұрады. Кім алысырақ тұрады? Кім жақынырақ тұрады?

6) Кеше салқын болды, ал бүгін жылы. Бүгінге қарағанда қашан салқынырақ болды?

7) Астанада ауа райы салқын. Алматыда ауа райы жылы. Ауа райы қайда жылырақ? Ауа райы қайда салқынырақ?

### 6. Көп нүктенің орнына мағынасына қарай қажетті сын есім мен үстеудің салыстырмалы түрін жазыңыз.

№3 жаттығу №4 жаттығуға қарағанда \_\_\_\_\_ (қиын). Жаңа әңгіме бұрынғы әңгімеге қарағанда, \_\_\_\_\_ (қызық). Маржан, сіз жай оқисыз. \_\_\_\_\_ (қатты) оқыңыз. Бүгін студенттер кешеге қарағанда \_\_\_\_\_ (жақсы) жауап берді. Жеңіс Асқарға қарағанда, футболды \_\_\_\_\_ (жақсы) ойнайды. Кеше бүгінге қарағанда \_\_\_\_\_ (салқын) болды. Мен қазір бұрынғыға қарағанда қазақша \_\_\_\_\_ (көп) сөйлеймін. Менің досым математикаға қарағанда физиканы \_\_\_\_\_ (жақсы) біледі.

### 7. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі көп нүктенің орнына мағынасына қарай сын есім мен үстеудің жай түрін, салыстырмалы түрін жазыңыз.

\_\_\_\_\_ сөйлеп, \_\_\_\_\_ тыңда (аз, көп). \_\_\_\_\_ жүріп, \_\_\_\_\_ бас (ақырын, анық). \_\_\_\_\_ бірді жығады, \_\_\_\_\_ мыңды жығады (білімді, білімсіз). Ештен \_\_\_\_\_ жақсы (кеш). Еріншекке бүгіннен ертең \_\_\_\_\_ шашу \_\_\_\_\_, жинау \_\_\_\_\_ (оңай, қиын). Мың жаудан бір жансыз \_\_\_\_\_ (артық, көп).



## Күшейтпелі мағынаның берілуі (Сын есім. Күшейтпелі шырай)



### Назар аударыңыз!

- Сапалық сын есімге өте, тым, аса, ең, тіпті, нағыз, нақ, шымқай, орасан, ыңғай, кілең, сияқты күшейткіш үстеулердің тіркесуі арқылы жасалады. **Мысалы:** өте жақсы, тым биік, нағыз жүйрік, ең жақсы, т.б.
- Салыстырмалы шырай тұлғасындағы сөз шығыс септігіндегі бәрі есімдігі) арқылы беріледі. **Мысалы, бәрінен әдемі, ... бәрінен де сен сұлу, бәрінен биік. Асқар бәрінен жас. Мына қыз бәрінен әдемі.**

### 8. Көп нүктенің орнына күшейту мағыналы сөздерді қойыңыз.

**Үлгі:** Мына футболист Еуропадағы ең танымал (танымал) клубта ойнайды.

Ол \_\_\_\_\_ (жаңа) компьютер сатып алды.

Абай қазақтың \_\_\_\_\_ ұлы ақыны.

Пифагор теоремасы – \_\_\_\_\_ күрделі теорема.

Байкал – әлемдегі \_\_\_\_\_ (терең) көл.

Бұл Қазақстан ғалымдарының \_\_\_\_\_ (маңызды) жаңалықтары.

Мына есеп \_\_\_\_\_ (күрделі) есеп.

### 9. Мағынасына қарай қажетті есімдіктерді, сын есімдерді пайдалана отырып, сөйлемдерді жазыңыз.

Андрей қазақ тілінде \_\_\_\_\_ (бәрі, бәрінен) жақсы сөйлейді. \_\_\_\_\_

(бәрі, де, дұрыс) Оңтүстікте жазды күні демалған жақсы.

Мына студент сабаққа \_\_\_\_\_ (бәрі, бәрінен) бұрын келді.

Сіздің келесі аялдамада басқа автобуска ауысқаныңыз \_\_\_\_\_ (қолайлы).

Менің әжем тамақты \_\_\_\_\_ (бәрі) жақсы дайындайды.

\_\_\_\_\_ (бәрі, дұрыс) сенің бұл кітапты кітапханадан алғаның жақсы.

Айнұр бақылау жұмысын \_\_\_\_\_ (бәрі, бәрінен жақсы ) орындады.

### Анықтауыш қызметіндегі жалпылау есімдігі



### Назар аударыңыз!

Жалпылау есімдігіне *бәрі, барлық, бар, барша, бүкіл, күллі, бүтін, түгел, тегіс* деген сөздер жатады. Жалпылау есімдігі анықтауыш қызметінде жұмсалады. Сондай-ақ, жалпылау есімдігі тәуелденеді, септеледі. Көптік жалғауын бәрі бірдей қабылдай бермейді.

Әдетте, жалпылау есімдігі тәуелденіп барып септеледі. (С.Исаев, Қазақ тілі. Алматы, 1993).

**Анықтауыш қызметіндегі жалпылауыш есімдігінің септелуіне назар аударыңыз.**

Септік	Барлық, барлығы	Барша, баршасы	Бәрі
Атау (кім? не?)	барлығы	баршасы	бәрі
Ілік (кімнің? ненің?)	барлығының	баршасының	бәрінің
Барыс (кімге? неге?)	барлығына	баршасына	бәріне
Табыс (кімді? нені?)	барлығын	баршасын	бәрін
Жатыс (кімде? неде?)	барлығында	баршасында	бәрінде
Шығыс (кімнен? неден?)	барлығынан	баршасынан	бәрінен
Көмектес (кіммен? немен?)	барлығымен	баршасымен	бәрімен

**10. Көп нүктенің орнына анықтауыш мәнді есімдікті (барлық, бүкіл, бәрі) жазыңыз.**

**Үлгі:** Әлемнің барлық елдері тұңғыш ғарышкер Юрий Гагаринді біледі.

- 1) Оқытушы \_\_\_\_\_ студенттерге саяхатқа баруды ұсынды.
- 2) Айнұр өзінің \_\_\_\_\_ достары туралы әңгімеледі.
- 3) \_\_\_\_\_ студенттер қазақ тілін оқиды.
- 4) Емтиханның \_\_\_\_\_ материалдарын бастыққа тапсырдым.
- 5) Кеше \_\_\_\_\_ мәселе шешілді.
- 6) \_\_\_\_\_ апта бойы Асқар физикадан емтиханға дайындалды.
- 7) Оқытушы \_\_\_\_\_ топпен практикаға барды.
- 8) \_\_\_\_\_ жылымыз босқа кетті деп ойлаймын.
- 9) Бүгін \_\_\_\_\_ уақытымды кітапханада өткіздім.
- 10) \_\_\_\_\_ студенттер емтиханды жақсы тапсырды.

**Белгісіздік есімдігі**

*Қайсыбір, кейбір, қайбір* деген белгісіздік есімдіктері сын есім орнына жұмсалып, *алденеше, бірнеше, біраз* дегендер сан есім орнына жұмсалып, әдетте анықтауыш қызметінде қолданылады.

Белгісіздік есімдігіне *біреу, кейбіреу, бірдеме, әрне, әлдекім, әлдене, әркім, кімде-кім, бір, қайсыбір, кейбір, қайсыбіреу, әр, әрбір, қайбір, бірнеше, алденеше, біраз, әрқалай, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқашан, әлдеқайдан, әрқашан* дегендер жатады.

**11. Көп нүктенің орнына мағынасына қарай қажетті белгісіздік есімдігін жазыңыз.**

- 1) – Назгүл, маған \_\_\_\_\_ кітап берші.  
– Мен саған өткен аптада \_\_\_\_\_ кітап берген сияқтымын.  
– Иә, мен оны оқып қойдым, тағы \_\_\_\_\_ кітаптар берші. Сен маған жақында \_\_\_\_\_ қызық кітап туралы айтқан едің. Маған соны берші.
- 2) – Апа, маған \_\_\_\_\_ телефон соқты ма?  
– Иә, таңертең сені \_\_\_\_\_ сұраған, бірақ мен оның атын ұмытып қалдым. Содан соң \_\_\_\_\_ әйел телефон соқты. Ол кім екенін айтпады. Ол әйел \_\_\_\_\_ айтып еді, мен жақсы ести алмадым.  
– Егер \_\_\_\_\_ телефон соқса, кім екенін сұраңыз.
- 3) – Мен \_\_\_\_\_ жерге көзілдірігімді ұмытып кеткен сияқтымын. \_\_\_\_\_ көрдіңдер ме?  
– Мүмкін үйде, бір жерде ұмытқан шығарсың?  
– Мен \_\_\_\_\_ жерден көрдім, бірақ есімде жоқ. Мүмкін сен оны \_\_\_\_\_ жаққа қойған шығарсың, енді есіңе түсіре алмай отырсың.
- 4) Асқар үйге келгенде, әйелі оған \_\_\_\_\_ келіп отырғанын айтты. Ол кабинетке кіріп, \_\_\_\_\_ отырғанын көрді. Және ол \_\_\_\_\_ оқып отыр.

# ОНЫНШЫ САБАҚ

## Есімшелі анықтауыш

### Есімшенің анықтауыштық қызметіне назар аударыңыз.

Бұл – менің жақында ғана университетті бітірген досым. Ал мынау – менің жиі хат жазысқан досым. Кеше көптен бері кездеспеген досым келді. Астанада танысқан досым хабарласты. Саған таныстырған досым қазір келеді.

Бұлар менің шет елден келген достарым. Бұлар кеше қонақта болған достарым. Бұлар менің Астанада танысқан достарым. Бұлар менің саған айтқан, әңгімелескен достарым. Жақында 1000 жылдығы тойланатын қала туралы оқыдық. Өзімнің жақсы көретін қалам туралы оқыдым. Газеттерде жиі жазылатын қала туралы оқыдық.

### 1. Мәтінді оқыңыз. Асты сызылған сөздерге назар аударыңыз. Сөйлемдегі функциясын анықтаңыз.



Менің үлкен әпкем бар. Оның аты – Ұлжан. Ол университеттің психология факультетінде оқиды, отбасылық психолог болғысы келеді. Бұл – біздің елдегі жаңа мамандық болып саналатын, оған қызықты болып көрінетін мамандық. «Психологтар қиын жағдаятқа түскен адамдармен жұмыс істейді, адамдардың әртүрлі мәселелерін шешуге көмектеседі» дейді әпкем. Әпкем өте мейірімді, бәрімізге ықыласын аударып жүреді. Ол біздің қызығушылықтарымызды біледі, мерекелерде әрқашан бізге қызықты бір нәрсе сыйлайды. Менің шет тілімен айналысатын кіші інім Асқарға өткен жылы «Ағылшын тілін қалай тез үйренуге болады?» деген кітап сыйлады. Қазір інім ағылшынша жап-жақсы сөйлейді. Неше жылдан бері детектив оқитын шешеме жаңа бір детектив кітаптар сыйлады. Жақында ғана шахмат ойнауды үйренген әкеме шахмат үйренушілерге арналған кітап сыйлады. Ал маған көптен армандаған, менің жақсы көретін әншілерімнің компакт-дискісін сыйлады.

## 2. Оқылған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Ұлжан кім болғысы келеді?
- 2) Неге Ұлжан осы мамандықты таңдады?
- 3) Асқар немен айналысады?
- 4) Ұлжан шешеме не сыйлады, неге?
- 5) Әкем неге қызығады?
- 6) Мәтін авторы сыйлыққа не алды?

## 3. Сөйлемге қажетті анықтауышты таңдаңыз.

### А

Бұл біздің ... жаңа студентіміз.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	салынғанына 20 жыл ғана болған
Біз ... жаңа станцияда кездестік.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	Африкадан келген
Бұл ... жаңа қала.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	жақында ғана салынған
Бұлар менің ... достарым.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	құрылыс институтында оқитын

### Б

Актер ... фильм туралы әңгімеледі.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	атақты композитор жазған
Кеш ... залда өтті.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	өзі басты рольде ойнаған
Кештен кейін олар ... ескі фильмді көрді.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	актер әңгімелеген
Оларға осы фильмдегі ... әндер ұнады.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	Алматыдан келген
Студенттер ... танымал әншіні кешке шақырды.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	бірінші қабатта орналасқан

## 4. Мына сөз тіркестерінен анықтауышты сөз тіркесіне айналдырыңыз.

**Үлгі:** Қонақтар шақырылды.

**Шақырылған қонақтар келді.**

Роман аяқталды, сабақ басталды, сыйлық тапсырылды, құжатқа қол қойылды, әңгіме басталды, жоба бекітілді.

## Есімшелі құрылыммен толықтырыңыз:

- 1) Белгілі саяхатшы туралы \_\_\_\_\_ (жазған, жазылған) кітап.
- 2) Жинақта \_\_\_\_\_ (жарияланатын, жарияланған) мақала оқырмандарға таныс.
- 3) Конференция жинағында \_\_\_\_\_ (жарияланған, жарияланатын) мақала көптеген мамандардың назарын аударды.
- 4) Баспаға \_\_\_\_\_ (ұсынылатын, ұсынған) жаңа тақырып күрделі, бірақ қызық.
- 5) Пікір таласқа \_\_\_\_\_ (ұсынылған, ұсынған) жаңа тақырып қызығушылық туғызды.
- 6) Тәжірибе барысында \_\_\_\_\_ (байқалатын, байқалған) заттың жаңа қасиеттері мұқият зерттеуді талап етеді.
- 7) Ғалымдардың жұмыс барысында \_\_\_\_\_ (зерттеген, зерттелген) материалдың жаңа қасиеттері көпке таныс емес еді.

## 5. Мәтінді оқыңыз. Есімшелі құрылымдарға назар аударыңыз.

Өмірдегі ең басты нәрсе еңбек деп санайтын ғалым көпке танымал. Оның еңбектері ядролық физикаға, термодинамикаға, кванттық механикаға, астрофизикаға қатысты. Және қазіргі ғылымның дамуына үлкен әсер еткен бұл еңбектері әлемнің көптеген елдеріне белгілі. Ол теориялық физика курсы жазған. Физикалық энциклопедия ретінде саналатын осы оқулық көптеген елдердің оқу орнында пайдаланылады. Физика тарихы осыған ұқсас еңбектерді білмейді. Қарапайымдылығымен ерекшеленетін оқулық әлемнің бірнеше тілдеріне аударылған.

## 6. Мына есімшелі құрылымдардың қандай етістіктен болғанын анықтаңыз.

**Үлгі:** оқылатын – оқылу

Шешілетін, ұсынылатын, зерттелетін, ұйымдастырылатын, қайталанатын, пайдаланылатын, аталатын, көрсетілетін, ашылатын, өткізілетін.

## 7. Анықтауыштық құрылымға сұрақ қойыңыз.

Алда әлі шешілетін, шешілмейтін сұрақтар бар. Сыйлыққа ұсынылатын қызметкерлердің тізімін жасаңыз. Осы көлік мәселесі бойынша зерттелетін мәселелер бар. Ертеңгі шараға байланысты ұйымдастыратын/ұйымдастырылатын жұмыстар көп. Бұл үнемі қайталанатын тапсырмалар. Біздің пайдаланатын оқу құралдарымыз қайда? Өткен аптада «Жасыл әлем» деп аталатын іс-шараға қатыстым. Ертең көрсетілетін презентация материалдары дайын ба? Ертең ашылатын, өткізілетін көрме жұмыстары ұйымдастырылды ма?

## 8. -қан/-кен, -ған/-ген тұлғалы есімшені пайдаланып, сөйлемді толықтырыңыз.

- 1) Нобель сыйлығымен \_\_\_\_\_ (*марапатталу*) адам тарихта қалады.
- 2) Көптеген ғалымдар Нобель сыйлығымен \_\_\_\_\_ (*марапатталу*).
- 3) Б.Пастернактың Италияда алғаш рет \_\_\_\_\_ (*басылу*) «Доктор Живаго» романы әлемнің бірнеше тіліне аударылды.
- 4) Жазушының романы Италияда \_\_\_\_\_ (*басылу*).
- 5) Динамитті 1863 жылы А.Нобель \_\_\_\_\_ (*ойлап табу*).
- 6) А.Нобель \_\_\_\_\_ (*ойлап табу*) динамитті жол, шахта, тоннель салуға пайдаланады.

## 9. Есімшелі құрылымды пайдаланып, сөйлемді аяқтаңыз, толықтырыңыз. (-атын/-етін/-йтін; -ған/-ген) құрылымын пайдаланыңыз.

Барлық ғылымдар екіге бөлінеді: қоршаған ортаны \_\_\_\_\_ (*зерттеу*) ғылымды жаратылыстану ғылымы дейді, адам қоғамын \_\_\_\_\_ (*зерттеу*) ғылымды гуманитарлы ғылым дейді. Газ плитасы \_\_\_\_\_ (*қойылмау*) пәтерлерге қарағанда газ плитасы қойыл\_\_\_\_\_ пәтерлердегі балалардың респираторлық аурумен ауруы жоғары деп айтады кейбір дәрігерлер.

## МӘТІНДІ ОҚИМЫЗ, ТАЛДАЙМЫЗ...

I. Мәтінді оқуға дайындалыңыз, 1-5 дейінгі лексикалық тапсырмаларды орындаңыз.

1. а) Интернационалдық негіздегі сөздерді сөздіксіз анықтаңыз, оларға сұрақтар қойыңыз.

Әуестік (хобби), коллекция, коллекционер, мамандық, дәстүр, дәстүрлік, провинция, мамандық, кәсіптік, танымал, жайлы, жайлы жағдай, матч, астрология, компакт-диск, бейнекамера, турист, туризм, туристік.

б) Тақырыптық қатардан басты сөзді ажыратыңыз, артық сөздерді көрсетіңіз.

1) футбол, демалыс, волейбол, хоккей, баскетбол, шахмат, жүзу, суға секіру, спорт, теннис, ескерткіш, шаңғы, жеңіл атлетика, саяхат, бокс, велоспорт, күрес, сурет.

2) автобус, теңіз, велосипед, транспорт, поезд, ұшақ, трамвай, троллейбус, такси, метро, демалыс.

3) тау, өзен, көл, табиғат, теңіз, өсімдік, гүлдер, жануарлар, бейнелеу өнері.

2. Берілген сөздердің антонимдік қатарын жазыңыз.

Ауыр, белсенді, қазіргі, кедергі келтіру, қысқы, ұлттық, қиын, қызық, ең жақсы, көне, ауылдық, жеңіл, халықаралық, кемшілік, жазғы, пәрменсіз, көңілсіз.

3. Берілген сөздерге анықтауыш жазыңыз.

**Анықтамалық үшін сөздер:** жарыс, ойын, орын, қалалар, асүй, демалу, қазіргі, ауа, коллекция, уақыт, роман.

Еркін, әуенді, әдемі, бағалы, қазіргі, қызық, ұлттық, белсенді, жаңа, детективті, халықаралық, компьютерлік.

4. Мына сөздермен тіркесетін сөздерді таңдаңыз: тау, теңіз, орман.

5. Сөздер мен сөз тіркестерін және олардың қолданылуына берілген мысалдарды оқыңыз. Берілген сөздердің контекстегі мағынасын түсінуге тырысыңыз. Олардың қолданысына өздеріңіз де мысалдар келтіріңіз.

1) Қызықты, тартымды

Ержанға маркі жинау ұнайды. Ол бұның өте қызықты іс екенін айтады.

2) Сүйсіну

– Қандай әдемі жер! Әдемі жерлерге сүйсінбеске болмайды.

3) Артық көру – нені артық көру – (өзіне жақсырағын таңдау)

Достарыма теңіз ұнайды, сондықтан олар теңізді елдерде демалғанды артық көреді.

4) Еске түсіру, кімнің есіне түсіру? Не туралы?

Жақында мен бір әдемі жерде дем алдым. Мына суреттер қазір жақсы өткізген демалысымды есіме түсіреді.

5) Құнды, құндылық

Біз қаламыздың мұражайында сирек, өте қымбат құнды коллекция бар екенін білеміз. Бірақ оның құндылығын тек қана мамандар анықтай алады деп ойлаймын.

6) қызығушылық, таңдау, ұнату, әдемілікті айыра білу

Біз көптен бері бір-бірімізді білеміз, спортпен бірге айналысуды, концертке бірге баруды ұнатамыз. Біздің қызығушылығымыз, әдемілікті айыра білуіміз ұқсайды, бірдей десе де болады.

7) амал – амалдар – жол

Егер де бірдеңе білгің келсе, ғаламторды пайдалан. Ғаламтор – ақпарат алудың ең жақсы амалы.

8) Ұмтылу – неге? + барыс септігіндегі қимыл есімі

Біздің тобымыз спорттық жарыстарда жеңісі келеді. Біздің тобымыз жеңуге (жеңіске) ұмтылады.

9) бау, бақ өсіру

Ата-анамның саяжайында керемет бау бар. Олар көптен бері бау-бақша өсірумен айналысады.



10) өсіру

Менің әпкем гүлдерді жақсы көреді. Оның үйінде сирек кездесетін гүлдер көп. Әпкем гүл өсірумен айналысады.

11) өзгерту (нені өзгерту? Жағдайды өзгерту)

Мен өте шаршадым. Достарым маған жағдайды өзгертуге кеңес берді.

12) жанкүйер

Мен жарысқа қатысқан кезде достарым қатты уайымдайды. Олар – нағыз жанкүйерлер.

**6. Берілген сөздер мен сөз тіркесін жазып, ана тіліңізге аударыңыз. Сөйлемдер құраңыз.** шатыр (палатка), рюкзак, көл, шығарма, көркем сырғанау, суға секіру,

**II. 1. Мәтінді оқу кезінде оң жақта берілген сөздерге назар аударыңыз, таныс емес сөздердің мағынасын сөздіктен анықтаңыз. Мәтінге тақырып таңдаңыз.**

**Қызығушылықтың (хобби) ең маңызды жақтарын айтыңыз.**



Кейде адамдарға: «Сіздің сүйікті істеріңіз не? Немен айналысасыз?» деген сияқты сұрақтар қойылады. Сүйікті іс бәрінде бірдей бола бермейді, олардан мынадай жауаптар да естисіз: «қыдыру, музыка тыңдау, теледидар көру, оқу, футбол ойнау, достармен әңгімелесу ұнайды» деп айтады.

Әуестік дегеніміз – өзінің әдеттегі жұмыстарынан тыс уақытта сүйсініп, өз қалауымен істейтін жұмыстары. Егер сіздің сүйікті ісіңіз болса, сіздің өміріңіз қызықты бола түседі. Әуестік адамдардың болашақ мамандығын таңдап алуына көмектеседі. Егер сіз, мысалы бала кезден музыканы жақсы көрсеңіз, сіз музыкалық мектепке барасыз. Содан кейін музыкалық оқу орнына барасыз. Содан кейін сіз кәсіби музыкант боласыз. Егер сіз сурет салуды жақсы көрсеңіз, сіздің көркем сурет мектебіне баруыңызға болады, содан кейін көркем сурет институтына, содан кейін сіз суретші боласыз. Қызығушылық талғам сияқты әртүрлі болады. Мыңдаған қызықты істер бар, бос уақытты өткізудің де амалдары көп.

Әуестік істердің бірі – коллекционерлік. Өз өмірінде бір нәрсе жинақтамаған адамды табу қиын: біреулер марка, ашық хат, компакт-диск, біреулер кітап, монеталар, ойыншықтар және т.б. жинайды. Кейбір коллекциялардың соншалықты құндылығы жоқ. Кейбірінің құны да орны да жоғары болып, олардың орны мұражай немесе галерея болуы керек тәрізді.

**Әуестік**

**кәсіби  
көркем**

**амал**

**ҚҰНДЫЛЫҚ**



Мысалы, белгілі орыс коллекционері П.М. Третьяков көптеген жылдар бойы орыс өнерінің ең жақсы шығармаларын жинаған. Кейін оны Мәскеуге сыйлаған. Оның жинағандары Мемлекеттік Көркем картина галереясының негізін қалаған.

Әлемде көптеген адамдар саяхаттауды жақсы көреді. Олар жаңа бір нәрсені – басқа елдерді, басқа қалаларды, архитектураларды, көне ескерткіштерді көргісі келеді. Жаңа мәдениет, дәстүрлермен танысқысы келеді, тамаша жерлерді көріп, тамсанғысы келеді немесе жағдайды өзгерткісі келеді. Олар көптеген жаңа нәрселерді біледі: басқа елдердің дәстүр мәдениетімен, ұлттық тағамдарымен танысады. Әртүрлі адамдармен кездеседі, театр, мұражайларға барады. Мұндай туристер жақсы, қымбат қонақүйлерде тұрады. Жайлы жағдайды артық көреді.

**тамашалау  
тамсану  
жағдайды  
өзгерту**

Ал шеткі аймақтарда тұратын адамдар үлкен қалаларға барғысы келеді. Қызықты орындарды көргісі келеді. Үлкен қалалардың кейбір тұрғындары өздерінің демалыстарын тауда, теңізде өткізгісі келеді. Олар қарапайым шатырларда тұрып, ауыр жолдорба (рюкзак) көтереді. Жаяу бірнеше сағат жүреді. Туристер мұндай қиындықтарға назар аудармайды. Олар осы жүрістерінен, айналасынан: таудың, дала гүлдерінің әдемілігінен, тау орман, теңіз ауасынан ләззат алады.

Көптеген саяхатшылар өздерімен бірге фотоаппарат немесе бейнекамера алады. Қызықты нәрселердің бәрін түсіреді: тау, ормандарды, ескерткіштерді, көне ғимараттарды, өзен, көлдерді, ағаш, гүлдерді, аң, құстарды – бәрін түсіреді. Бірнеше жылдан кейін бұл суреттер өз көздерімен көргендерін естеріне түсіреді.

Әлемде миллиондаған адамдар спортпен айналысады. Қазақстанда да спорт танымал. Әсіресе, хоккей, футбол, жеңіл атлетика, ауыр атлетика, теннис, баскетбол, бокс, көркем сырғанау, жүзу, суға секіру көпке ұнайды.

Спорттан басқа Қазақстанда бақ өсіруге, гүл өсіруге, шахмат ойнауға және астрологияға қызығатындар, шет тілін үйренумен де айналысатындар көп. Компьютерлік ойындарға, ғаламторға бүгінде үлкен де жас та қызығушылық танытады.

Өзінің бос уақытын қалай пайдаланса, біз оның мінезін де анықтай аламыз. Біреулер пассив демалысты артық көреді. Сүйікті телехабарларын көріп, детектив романдарын оқып, рахаттанып жүреді. Біреулер белсенді демалысты жақсы көреді. Олар спорт залда немесе саяжайда жұмыс істегенді жақсы көреді немесе басқа елдерге саяхаттап кетеді.

Бір қызығушылықтан бір қызығушылықты жақсы, жаман деп айтуға бола ма? Әрине, жоқ. Олар сан түрлі болады. Ең бастысы оның болғаны. Адамда бір нәрсеге үлкен қызығушылық болса, ол үйренуге, оқуға дайын. Жаңа нәрсені үйрену – қызығушылықтың ең жақсы жағы.



## 2. Өздеріңіз ойластырған мәтін тақырыбын талқылаңыздар.

## 3. Лексикалық-грамматикалық тапсырмаларды орындаңыз.

### а) Сөз қатарларын толықтырыңыз.

- 1) Саяхаттау ұнайды, ...
- 2) Маркі жинау, ...
- 3) Ескерткіштермен танысу, ...
- 4) Теңізде дем алу, ...
- 5) Бейне жазбамен айналысу, ...
- 6) Саябақтарды суретке түсіру, ...

### б) Сөйлемдерді мағынасына оң жақта берілген сын есімдермен толықтырыңыз. Әрекет субъектісімен дұрыс қиысуына назар аударыңыз.

- 1) Тау ауасы әрқашан \_\_\_\_\_.
- 2) Халық мәдениеті, олардың дәстүрі \_\_\_\_\_.
- 3) Адамдар жұмыстан \_\_\_\_\_ кездерінде олар өз қызығушылықтарымен айналысады.
- 4) Жаңа жерлер, қалалар, елдер әрқашан \_\_\_\_\_.
- 5) Сипатына қарай демалыс \_\_\_\_\_ болады.
- 6) Әрбір саяхат өзінше \_\_\_\_\_ және \_\_\_\_\_.
- 7) Табиғаттағы демалыс \_\_\_\_\_, бірақ \_\_\_\_\_.
- 8) Ә.Қастеев картиналарының коллекциялары өте \_\_\_\_\_.
- 9) Адам әрқашан оқуға \_\_\_\_\_.

танымал

дайын

белсенді

бос

құнды

пассив

қызық

әртүрлі

қарапайым

тамаша

### в) Есімшелі анықтауышты (-атын, -етін, -йтін, -йтын, -ған, -ген) қолдана отырып, сөйлемдерді оқыңыз.

- 1) Провинцияда тұр \_\_\_\_\_ адамдар үлкен қалаларға баруды ұнатады.
- 2) Әуестік деп атал \_\_\_\_\_ мыңдаған қызықты айналысулар бар.
- 3) Көптеген адамдар өздері өмір сүріп, тұра \_\_\_\_\_ қалалардан алыста демалғанды жақсы көреді.
- 4) Қазақстанда көптеген жанкүйерлер жина \_\_\_\_\_ жарыстарды жиі өткізеді.
- 5) Адамдар өздеріне жаңа әсер сыйла \_\_\_\_\_ елдерге барады.

## 4. Мәтін мазмұнын естеріңізге түсіре отырып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

- 1) Егер сіздің сүйікті істеріңіз болса, \_\_\_\_\_.
- 2) Егер сіз бала кезден музыканы жақсы көрсеңіз, \_\_\_\_\_.
- 3) Егер сіз сурет салуды жақсы көрсеңіз, \_\_\_\_\_.
- 4) Адамдар \_\_\_\_\_ үшін саяхаттайды.
- 5) Кейбір туристер қымбат қонақүйлерін жақсы көреді, себебі \_\_\_\_\_.
- 6) Саяхатшылар \_\_\_\_\_ үшін бәрін суретке түсіріп, жүреді.

### 5. Жақша ішіндегі сөздердің дұрыс тұлғасын таңдаңыз.

Менің досым әдемі жерлерді (*тамашалау үшін, қызықтыру үшін*) қаладан жиі кетіп қалады.

Көптеген адамдарға ұлттық тағамдармен (*танысу, таныстыру*) ұнайды.

Осы суреттер көп жылдардан кейін маған Түркиядағы тамаша демалысты есіме (*түсіретін болады, түсіру болады*).

Ол өзінің арманын ұмытпады, қиындықтарға (*назар аудармау, назар аудару*).

Сирек кездесетін затты тапқанда, коллекционерлер қатты (*қуану, қуандыру*).

Туристер жүз рет естігеннен бір рет көрген жақсырақ екенін (*айту, сөйлеу*).

### 6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) «Әуестік» деген сұраққа адамдар қалай қарайды?
- 2) Әуестік мамандық таңдауға көмектесе ме?
- 3) Әуестікпен бір зат жинап жүретін адамдарды кім деп атайды?
- 4) Әдетте коллекционерлер не жинайды?
- 5) Үлкен коллекциялар неден басталады?
- 6) Коллекционердің қорынан пайда болған қандай галереяларды білесіздер?
- 7) Үлкен қалалардағы адамдар бос уақыттарын қайда өткізгенді қалайды?
- 8) Бос уақытын табиғатта өткізетін адамдарға қандай қиындық кездесуі мүмкін?

## III. Сіздің пікіріңіз

1. Пайымға келісіңіз немесе қарсылығыңызды білдіріңіз. Сұраққа *Иә/Жоқ* деп жауап беріңіз.

	<i>Ия</i>	<i>Жоқ</i>
а) Әуестік – сүйікті істердің бірі.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
ә) Барлық хобби бірдей.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
в) Коллекционер үшін сирек кездесетін зат – нағыз қуаныш.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
г) Адамдар көп саяхаттайды, себебі көп көргісі келеді.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
д) Барлық туристер қымбат қонақүйде тоқтағанды жақсы көреді.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
ж) Туристер фотоаппаратты, камераны сирек қолданады.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
з) Әлемдегі барлық елдердегі сияқты спорт Қазақстанда да танымал.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
и) Қазақстанда жүзуді жақсы көретіндер аз.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
е) Қазақстандықтардың арасында бақ өсіруге қызығатындар аз.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
к) Қазақстанда балық аулаумен айналысатындар көп.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

### 2. Төменде берілген сұрақтарға дәлелді жауап беріңіз, әңгімелесейік.

1. Әуестік адам туралы ақпарат, хабар айта ала ма?
2. Әуестіктің адам өміріндегі рөлі қандай?
3. Неге кейбір адамдар коллекционерлікпен айналысады?
4. Неге адамдар саяхат жасайды?
5. Үлкен қаладағы, провинциядағы адамдар неге демалыстың әр түрін жақсы көреді?
6. Табиғатта демалған кезде неге адамдар барлық қолайсыздықтарға назар аудармайды?
7. Көп саяхаттайтын адамдар неге бәрін суретке түсіргенді қалайды?



8. Неге миллиондаған адамдар спортпен айналысады?
9. Неге кез келген әуестік тартымды көрінеді?
10. Қазақстандықтар бос уақыттарында қалай демалғанды жақсы көреді, әңгімелеңіз.
11. Қай елдің тұрғындары (қала, ауыл) бос уақытын қайда өткізгенді жақсы көреді, әңгімелеп көріңіз, сіздің достарыңыз, туыс, туғандарыңыз немен айналысады?


**Төменде берілген сұрақтарды пайдалана отырып, өзіңіздің қызығушылығыңызды айтыңыз.**

- 1) Өзіңіздің бос уақытыңызда не істегенді жақсы көресіз?
- 2) Егер коллекционерлікпен айналысатын болсаңыз, не жинайсыз, әңгімелеңіз. Бұнымен қашаннан айналысасыз, қашан бастадыңыз? Сіздің коллекцияңызда қанша зат бар?
- 3) Егер саяхаттауды жақсы көрсеңіз, қай елде болғаныңызды әңгімелеңіз. Онда не көрдіңіз? Туристтік топпен бардыңыз ба немесе достарыңызбен бардыңыз ба, әлде өз бетінше бардыңыз ба?
- 4) Қандай көлікпен саяхаттадыңыз? Тағы қайда барғыңыз келеді? Неге?

**3. Егер спортты жақсы көрсеңіз, спорттың қай түрімен айналысасыз? Волейбол, теннис, бадминтон, футбол ойнайсыз ба? Спорттың осы түрімен айналысуды қашан бастадыңыз? Спорттың осы түрімен айналысуға кім кеңес берді?**

## ӨЗ БЕТІМІЗШЕ ОҚИМЫЗ...

**1. Мәтінді 30 минутта оқып шығыңыз. Оқу кезінде сөздікті пайдалануыңызға болады, бірақ таныс емес әрбір сөзді аударма бермеңіз. Сізге мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну керек.**



**В**адик бала кезден саяхаттауды жақсы көретін. Сондықтан да шығар ол өз жұмысын жақсы көрді және журналистика мамандығын да тез тауып алды. Вадик ел ішінде көп жол жүрді, шетелде де болды, бірақ көбінесе Шығыста – Кореяда, Жапонияда, Қытайда болды. Көп нәрсені түсінбесе де, шығыс оған ұнады. Вадик ылғи Еуропаны көргісі келетін. Еуропа туралы көп білді, оның астаналары туралы, ең жақсы мұражайлары туралы фото суреттер жинады. Бірде Прагаға мерекеге баруға да мүмкіндік болды. Содан кейін ол онда ешқашан болған жоқ, бірақ мәңгі есінде қалды. Прага арқылы ол өзіне Еуропаны ашты, оның рухын және әдемілігін сезді.

\*\*\*\*\*

Дәл осы күні ол жұмысынан кешіккен еді. Ал келесі күні Парижге ұшуы керек болды. Оның армандаған қаласы! Өмірінде бірінші рет. Осы сәтті ол қанша күтті. Өкініштісі бір-ақ күнге. Бірақ осындай қаланы көру мүмкіндігі үшін де ол қатты қуанды.

Вадик бір күнді қалай өткізуді де болжап, жоспарлап қойды: жылдам келіссөз жүргізіп, күннің екінші жартысында қыдыруды, кафеге баруды, көрме, дүкендерді аралауды да көз алдына елестетті.

Жұмыста Париждегі әріптестеріне беруге тиісті материалды қайта-қайта тексерді. Әлі көп нәрсені істеуі керек еді. Асықты, ашуланып жүріп те жұмыс істеді, тиімді істеді, бір жерін қысқартты, бір жерін нақтылады, түзеді. Тыныштықта жұмыс істеу үшін тіпті телефонын да өшіріп қойды. Соңғы апта түгел қарбаласта болды. Жұмыстың соңы жоқ сияқты. Күші де сарқылғандай, ешкімнің телефонына жауап бермеді, тіпті сүйікті қызының қоңырау шалғанына да ... Бірақ ұйықтай да алмады.

Біріншіден жолға жиналу керек еді. Ал екіншіден, ол бәрібір ұйықтай алмасын сезді. Жайлап жол сөмкесін жинастыра бастады: өзіне ұнайтын жейдесін салды, жақсы көретін костюмін салды, жақсы көретін туфлин салды. Ол Парижде, оның сүйікті Парижінде қазір жылы екенін білді. Сапар туралы ойлары оны жылытқандай болды. Ол Тюильри Бағын, Елисей Алаңдарын, Монмартрды, Сена жағалауын көз алдына елестетті. Осы ғажайып қаланың ауасымен дем алғысы келді.

Вадик сағатына қарап еді, түнгі екі екен. Ұшақ сағат 9.15-те ұшады. Таксиге тапсырыс берді де, ұйықтайтын шығармын деген үмітпен жатты. Қоңырау сағатының шырылынан терең де қысқа түсінен оянды. Өзіне таныс түс. Бірінші ойы – Париж... Өмір оны жылдам істеуге үйретті. Ол жүріп-жүріп, тамақ ішуге болатынын, кітап оқуға болатынын, елге хабарласуға болатынын үйренді. Тек қана бір нәрсе – ұйықтай алмайсың. 15 минуттан кейін қырынып, бірақ әлі шашы да су, кеппеген, таксиге отырды. Таңертең аэропортқа баратын жол бос. Көлік терезесіне суық жаңбыр тамшылары тырсылдап тиіп жатты. Тез жеттік, көлікте ұйықтай алмады. Аэропортта ішкен кофесі оның есін жиғызды. Ол кофені ішіп тұрып, қуанышты сезінгісі келді: баяғыдан күткені жақын арада болады. Бірақ қуаныш сезімі неге екені белгісіз болмады.

Ұшаққа Вадик бірінші болып отырды. Содан кейін оның қасына орта жастағы адам отырды. Ұшақ ұшқан кезде олар бір-бірімен сөйлесті.

- Сіз Парижге ұзаққа барасыз ба, – деп қызықты ер кісі.
- Жоқ бір күнге. Ертең кері қайтамын, – деп жауап берді Вадик.
- Түсінікті. Жұмыспен ғой. Жиі ұшасыз ба? – деп әңгімесін жалғастырды көрші.
- Қайда? Парижге ме? Бірінші рет, – деді Вадик.
- Бірінші рет! Небары бір күн! Өкінішті! Парижді бір күнде түсіну...
- Онда тағы бірде түсінермін, – деп жылдам жауап берді де Вадик көзін жұмып, сөйлескісі келмегенін білдірді.



Вадик аз ғана уақытқа ұйықтап қалыпты. Осы кезде таңғы асты алып келді. Көрші астан бас тартпауға кеңес берді. Таңғы астан кейін әңгіме жалғасты:

– Білесіз бе, мен сізге қызығып отырмын. Шын! Қазір Парижде тамаша. Менің алғашқы сапарым есімде. Біз күзде Берлин арқылы барғанбыз. Ол кезде Париж маған ұнаған жоқ. Көктемнің басында ғана бұл қаланы көруге болады. Біріншіден, көп қыдыра аласың. Көктемгі күн Парижге сондай жарасымды. Екіншіден, ағаштарда жапырақ жоқ, яғни қала архитектурасын толықтай көре аласың. Үшіншіден, хош иісін айтсаңшы! Қазір қаланы қандай самал жел аралап жүргенін білсеңіз ғой!

Вадик оны тыңдап отырды, ұйқы да қашып кетті. Олар Парижге жетті. Ол көзімен іздегенін бірден тапты. Эйфел мұнарасы! Дәл өзі! Вадик қуанышпен жымиды.

Оны әдеміше француз қарсы алды. Ол интервьюдің іскери орталықта болатынын айтты. Сондай-ақ бұл орталықтың нағыз Парижге ұқсамайтынын, Американдық сипат көп екенін айтты. Сондықтан оған ұнамайды. Ол французға байыппен қарады, ұнады. Ол осындай пиджак, осындай шарф алу керек деп шешті.

Вадиктің жоспарлағанындай емес, келіссөздер кеш бітті. Тек қана кешкі бесте ол өзінің нөміріне, қонақүйге келді. Балконға шығып, жан-жағына қарап: «Сәлем, Париж! ...» – деді. Содан кейін қаланы көру үшін

таксиге тапсырыс беруге шешті. Алайда оған қазір көліктердің бәрі бос емесін, бір сағаттай күту керектігін айтты.

Вадик аздап тынығып алғысы келді. Бірінші душ қабылдап, телевизорды қосып, төсекке жатты. Төсек сондай ыңғайлы, жайлы екен, үш жастық! Жайлылығы сондай – айтып жеткізе алмайсың! Телефон шылдырын күтіп жатып, Вадик ұйықтап кетті, қатты ұйықтап қалғаны соншалық естімеді де.



Ол терезе сыртындағы көше шулап жатқанда оянды. Әрі қарай ұйықтағысы келмеді. Бірінші рет соңғы екі аптада жақсы ұйықтағаны. Теледидардан таңертеңгі музыкалық бағдарлама жүріп жатты. Көңіл күйі өте жақсы болды. Таңғы асқа дейін теледидардан берілген әннің бәріне қосылып, әндетіп жүрді. Ал таңғы ас кезінде өзін тіпті жақсы сезінді: кофенің иісі, круассандардың, джем, майдың дәмі – бәрі де ұнады.

– Қайырлы таң! – деген өзінен бір күн бұрын келген әріптесінің даусын естіді. – Көңіл күйің қалай? Париж қалай?

– Тамаша! Басқа сөзім жоқ, – деп күліп жауап берді Вадик.

– Ал біз кеше шаршадық. Таңғы асты ішуге келдік. Сіз үшін қуаныштымын, – деді әріптесі.

Таңғы астан кейін шылымын шекті де, далаға шықты. Көшенің арғы бетіндегі витринасында сәнді пальто, шарфты маникені бар дүкенді көрді. Вадик жолдың арғы бетіне өтті де, дүкенге кіріп, сатушыға шарфты көрсетті.

Бес-алты минуттан соң, алған шарфын мойнына салып, қонақүйге жетті. Онда оған әріптесі кездесіп,

– О! Керемет! – қыдырып қана емес, киініп те үлгерісің ғой: *қандай плащ, қандай шарф, қандай туфли!* Нағыз париждік болыпсың да қалыпсың!

– Иә, шарфты қазір ғана осында сатып алдым, қалғанын әлдеқашан Мәскеуде алғанмын, – деп жауап берді.

– Шарфыңды айтамын, жап-жақсы екен, – деді танысы.

Өзінің әріптестерінің тобымен бірге Вадик аэропортқа баратын автобусқа отырды. Қазір ғана автобус терезесінен Париж жағалауын, көне үйлері мен ескерткіштерін көрудің сәті түсті. Арманы орындалды. Ол қаланы өз көзімен көрді ...

Мәскеу оны ашық күнмен қарсы алды. Ауа таза, жанға жылы еді. Пәтеріне кіргенде, телефон шылдырап қоя берді. Бұл досы Роман еді.

– Сәлем!

– Сәлем! Халдерің қалай?

– Қалай жеттің?

– Өте жақсы.

– Париж қалай?

– Мен таңқалумен келдім. Маған өте ұнады. Бәрі жақсы болды, тура үйімдегідей болды. Білесің ғой, мен саяхаттағанды жақсы көремін. Көп араладым. Бірақ мен Париж менің қалам екенін түсіндім. Сол жерде тұрсам ғой.

– Шын ба? Ал маған өткен жылы Еуропаны саяхаттағанымда Париж түк ұнаған жоқ.

– Мүмкін сенің жолың болмаған шығар. Себебі Париж – қашанда Париж!

\*\*\*\*\*

Жарты жылдан кейін Вадик үйленді. Ол, әрине, тойдан кейін саяхаттауға Парижге барды. Онда олар ұмытылмас апталарын өткізді.

(Е. Гришконецтен)





## 2. Тапсырмаларды орындаңыз.

1. Вадик мамандығынан өзін тапты, себебі оған ... ұнайды.

- суретке түсіру
- саяхаттау
- сәнді көріну

2. Ол ылғи .... қалаларды, қызықты орындарды көруді армандады.

- Еуропадағы
- Ресейдегі
- Шығыстағы

3. Шығыс елдері ... .

- әсер қалдырмады
- тіпті ұнаған жоқ
- ұнады, бірақ бәрі бірдей түсінікті болмады

4. Вадиктің Еуропаға ... .

- ешқашан жолы түспеді
- барудың тек қана бір рет сәті болды
- барғысы келмеді

5. Вадик Парижге ... барды.

- журналист достарына
- іс-сапарға барды
- саяхатқа

6. Вадик Парижге ... баруға тиіс еді.

- бір күнге
- жарты жылға
- бір аптаға

7. Іс сапар алдындағы күндерде оның ... .

- жұмыстары болмады
- аздаған жұмыстары болды
- істері көп болды

8. Парижге барар алдында Вадик бәрін жасап үлгерді ... .

- және жақсы ұйықтап алды
- бірақ түні бойы ұйықтамады
- бірақ аз ұйықтады

9. Ұшақта Вадиктің жанында онымен .... ер кісі отырды.

- қартаңдау
- орта жастағы
- ұзын бойлы

10. Парижге келгенде, ол бірден ... барды.

- іскери орталыққа
- Елисей алаңына
- қонақүйге

11. Іскери кездесу, интервью іскери орталықта ... созылды.

- түнге дейін
- кешке дейін
- жарты күнге

12. Қонақүйдегі номер жақсы болатын, ол .... шешті.

- таңға дейін ешқайда кетпей, ұйықтайын деп
- аздап демалып алып, содан кейін қаланы аралайын деп
- аздап дем алып, содан кейін дүкен аралайын деп

13. Осы күні оған ... .

- Парижді көрудің сәті түсті
- Парижді көре алмады
- балконнан Париждің төбесін ғана көре алды

14. Әріптестері таңертең Вадикті көргенде олар оны ... ойлады.

- жұмыстан ол өте шаршаған деп
- ол бір нәрсеге разы емес деп
- жақсы жұмыс істеп, бәрін көрді деп

15. Нағыз Парижді ол ... көрді.

- әуежайға барар жолда автобус терезесінен
- қонақүйдегі өзінің номерінің балконынан
- іскери орталық терезесінен

**3. Жауаптардың дұрыс нұсқасын топтастырып, оқылған мәтіннің мазмұнын қысқаша жеткізіңіз. Парижге барған сапарынан кейін Вадик неге оны өзінің қалам деп айтты?**

**4. Қалай ойлайсыз, ең алғашқы әсерлердің өзгеше және ұмытылмайтыны неліктен?**

## **ӘҢГІМЕЛЕСЕЙІК ....**



**1. Сіз жауап беруге тиісті және бір-біріңізден сұрауға берілген сұрақтармен танысыңыз.**

- 1) Сіздің әуестігіңіз?
- 2) Бос уақытыңызда не істегенді жақсы көресіз?
- 3) Сіздің әуестігіңіз: спорт, шет тілдерін оқу, коллекция жинау, саяхаттау, интернет. Қайсысы?
- 4) Егер коллекциямен айналысатын болсаңыз, не жинайсыз, айтыңыз. Мұнымен қашаннан айналыса бастадыңыз? Сіздің коллекцияңызда қанша зат бар?
- 5) Егер саяхаттауды жақсы көретін болсаңыз, қай елдерде болдыңыз? Әңгімелеңіз. Онда не көрдіңіз? Туристік топпен бардыңыз ба? Достарыңызбен бардыңыз ба? Әлде өз бетіңізше бардыңыз ба? Немен саяхаттадыңыз? Тағы қай елдерге барғыңыз келеді? Неге?
- 6) Егер спортты жақсы көрсеңіз, спорттың қай түрімен айналысасыз? Волейбол, теннис, бадминтон, футбол ойнайсыз ба? Спорттың осы түрімен айналысуды қашан бастадыңыз? Спорттың осы түрімен айналысуға кім кеңес берді?

**2. Берілген тақырып бойынша тағы қандай қызықты, талқылауға болатын сұрақтар қосуға болады, ойланыңыз. 1-5 дейін сұрақтар ұсыныңыз.**

# ОН БІРІНШІ САБАҚ

## Денсаулық

### ГРАММАТИКА:

- Осы шақ;
- Жедел өткен шақ;
- Медициналық сөздер;
- Жағдаят: Жұмыс және денсаулық;
- Оқу білік - дағдысы;
- Таныс емес сөздердің мағынасын табу.

## 1. Халықаралық көмек ұйымының дәрігерлері

*Күніне бір алма жесең, дәрігер іздемейсің,.....*

1. а) Әріптесіңізбен бірге жұмыс істеңіз. Әрбір топтан қай сөз өзгеше? Неге?

- |             |          |                      |             |
|-------------|----------|----------------------|-------------|
| 1) дәрігер  | хирург   | клиника              | медбике     |
| 2) медицина | емдеу    | жарақат              | хирургия    |
| 3) ауру     | операция | салауатсыз тамақтану | ауру сырқат |

б) Өз еліңіздегі денсаулық сақтау жүйесін сипаттаңыз. Берілген сөздерді пайдаланыңыз. (жекеменшіктегі аурухана, медициналық сақтандыру, салықтар, жергілікті дәрігер, тіс дәрігері)

### ОҚЫЛЫМ



Халықаралық медициналық ұйым (ИМА) – денсаулық сақтау және қайырымдылық ұйымы болып табылады. Осы ұйымдардың қызметі бәріне таныс. Олар көптеген көмек көрсетуде: қай жерде жер сілкінеді, су тасқыны болады, құрғақшылық болады, қай жерде ауру бар, аштық бар, соғыс әрекеті бар – барлығына көмектеседі. Олардың веб-сайттарында жұмыс істеп жатқан жерлерінен үнемі аудио репортаж беріледі.

**2. Халықаралық медициналық ұйым жұмысымен танысып, сұрақтарға жауап беріңіз. (Интернеттен өзіңіз де Дүниежүзілік медициналық ассоциация туралы (WMA) оқыңыз).**

- 1) Қай жерде адамдарға күтім, көмек көрсетілді, мысалы дәрігерлер не істеді?
- 2) Қай жерлерде медициналық мекемелер ашылған?
- 3) Қай медициналық мекемелерде қаржы мәселесі болды?

### **Халықаралық медициналық көмек ұйымы жұмысының нәтижесі (ИМА)**

*1) Күнделік беттерінен: жаңа өмір басталды*

Біздің бір медбикенің өміріндегі бір күн. Беверли Темплтонның Шри Ланкадағы күндері. Ол көп елдерде жұмыс істеді. Бірақ Шри Ланкадағы күндерін ең қиын да күрделі деп санайды.

*2) Жастардың тістері сау болуы керек*

Алғашқы екі аптада селолық аудандарда екі мобильді клиника 600-ден астам балаларды емдеді.

*3) Конгодағы жұмыс*

Майлз Галант – Лондоннан келген хирург, Конгодағы бізбен бірге күнделікті жұмысы туралы әңгімелейді. Ол бұрын басқа елдерде жұмыс істемеген.

*4) Аурухана құрылысы жалғасады*

Бүгіндері біздің команда Шри Ланкада жарты миллиондай адамды емдеуге болатын төрт аурухана салды.

*5) Кениядағы салауатты тамақ туралы сабақтар*

Осы жылы 500 жергілікті тұрғынға салауатты тамақтану туралы сабақ жүргіздік.

*6) Эфиопиядағы мобильді клиникаларды мәжбүрлі жабу*

Эфиопиядағы денсаулық жүйесі бағдарламасына қаржы болмағандықтан, мобильді емханаларды жабуға мәжбүр болдық.

**3. Төменде берілген ұйым эмблемалары сізге таныс па? Осы ұйымдар туралы өз бетіңізше ақпарат дайындап келіңіз, презентациялаңыз.**



## ТЫҢДАЛЫМ

3. а) Төрт үзіндіні тыңдай отырып, 2-тапсырмада берілген сөйлемдермен сәйкестендіріңіз.



1

Африкадағы біздің жұмысымызға байланысты бас офистен көңілсіз хабар. Өкінішке орай, Эфиопиядағы мобильді емхананың бәрін күрделі қаржылық мәселеге байланысты жауып тастадық. Өткен жылы Африкада он медициналық орталық аштық. Осы жылы бізде қаржы аз. Континентке түгел медициналық қызмет ұсына алмаймыз. Біз екі емхананы жаптық, көбірек қаржы жинаймыз деп үміттенеміз.

2

Мұнда жұмыс істеу жақсырақ, Ұлыбританияда жұмыс істегенімде күнделікті тұрмысым онша қызықты болмады. Бірақ мұнда көбірек керекпін, және күнделікті өмір де қызықты.

Мен джунглидің ішінде, кішкентай емханада жұмыс істеймін. Мен бұрын ешқашан мұндай маңызды жұмыстар істемеген едім. Ауылдағылар мұнда – мемлекеттік емханаға жете алмайды. Осындағы емхана – олардың жалғыз үміті. Мен, әдетте, күнде екі операция жасаймын. Мен, мүмкін, жүздеген адамның өмірін құтқарып қалған шығармын. Сіздің жұмысыңыз өте маңызды болғанда, сіз ...

3

Бұл аймақта тамақ жетіспегенде, нашар тамақтанғанда, денсаулыққа байланысты мәселелер пайда болады. Біз жергілікті тұрғындарға тамақтануға қатысты сабақтар жүргізуді шештік. Көп жылғы жоспар нәтижесінде, біз осы бағдарламаны бастадық. Осыған дейін 500 адамды оқыттық. Жыл соңында бұл цифр 1000-ға жетеді деп ойлаймын. Бұл курс маған көптеген біліктіліктер берді. Мен бұрын ауылдағы адамдарға қалай көмектесетінімді білмедім. Мен енді жағдаятты өзгерте алатыныма сенімдімін. Вера курсты ендігі аптада аяқтайды, содан соң өз ауылына оралады.

4

Мен халықаралық медициналық көмек орталығында жиі жұмыс істеймін. Кенияда, Непалда, Перуда істедім. Осында, Шри-Ланкада жұмыс көбірек сияқты. Өткен жылы мұнда жер сілкінісі болған. Көп нәрсе зақымданған, бүлінген. Мен бұрын мұнша зақымдануды көрген емеспін. Мен дәрігерлерге көмектесемін. Адамдар күрделі жарақаттар алған, ауырған. Күніне қырық шақты адамды қабылдасам да, жұмысым аяқталар емес, әлі төрт сағаттай жұмыс істеуім керек. Шындығында мен жұмысты таңғы жетіден бастаймын.

<http://ru.msf.org/kto-takie-vrachi-bez-granic>



## **б) Тыңдалымға берілген мәтінді қайта тыңдап, төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Өткен жылы Халықаралық медициналық көмек ұйымының қанша емханасы Африкада жұмыс істеді?
2. Келесі жылы Африкада қанша емхана болады?
3. Майлз өзін Ұлыбританияда қалай сезінуші еді?
4. Джунглидегі емхана неге ауыл тұрғындары үшін жалғыз үміт болып тұр?
5. Халықаралық медициналық көмек тұрғындарды оқытуға қашан шешім қабылдады?
6. Оқу курсы қашан басталды?
7. Вераның курсы қашан аяқталады?
8. Шри Ланкадағы зақымдар ненің себебі?
9. Беверли, емханада қай уақыттан бастап істейді?

## **ГРАММАТИКА: жедел өткен шақ**

### **4. а) Мына сөйлемдер орындалған іс-әрекеттерді білдіреді. Әрбір сөйлемдегі қимыл, әрекеттердің астын сызыңыздар.**

- 1) Мен Кенияда, Непалда, Перуде **жұмыс істедім**.
- 2) 2004 жылдың бірінші қаңтарында біз осы мәселені шешуді қолға алдық.
- 3) Осында болғанымда, жүздеген адамның өмірін құтқардым.
- 4) Өткен жылы Африкада ондаған медициналық орталық аштық.

### **б) Іс-әрекет мезгілінің берілуі. Қай тіркесті нақты іс-әрекет мезгілін білдіру үшін қолданамыз?**

*Бес ай бұрын, өткен жылы, кеше, осы жылы, сағат бесте, бүгін, осы аптада, 2007 жылы 20 желтоқсанда, осыған дейін.*

## **ГРАММАТИКАҒА ТҮСІНІКТЕМЕ**

### **Осы құрылымды өткен шақтағы іс-әрекетімізді айту үшін қолданамыз.**

Біз, әдетте, әсерімізді айтпаймыз.

Біз жүздеген медбикелерді оқыттық.

Олар жаңа емхана салды.

Негізгі етістікке **-ды, -ді, -ты, -ті** қосымшасының жалғануы арқылы жасалынады.

Біз жедел өткен шақ тұлғасын нақты мезгілі белгісіз, бірақ орындалған іс әрекетті білдіру үшін қолданамыз. Іс-әрекет мезгілі нақты болса да осы құрылымды пайдаланамыз.

Ол әр түрлі елдерде болды. Ол 1990 жылы әлемнің көптеген елдерін аралады.

Біз адамдардың осы шақта аяқталған іс-әрекетіне қатысты сұраймыз. Сол сияқты нақты ақпарат білгіміз келсе де, осы құрылымды пайдаланамыз.

– Сіз АҚШ-та осыған дейін болдыңыз ба?

– Иә, болдым.

– Қашан бардыңыз?

*Екі жыл бұрын.*

Жедел өткен шақ осы шақтағы уақыт кезеңі аяқталмаған жағдаятта да жиі қолданылады. Мына тіркестерді пайдаланып сөйлемдер жазыңыз. *Бүгін, осы аптада, осы айда, осы жылы, осыған дейін, соңғы сағатта, соңғы аптада, соңғы жылы.*

*(көп жылдан бері, ... күннен/жылдан/айдан бері, күні бойы ондаған жылдар бойы тіркестерінің қолданысы)*

Менің ағам *бірнеше жылдан бері* осы аурумен ауырды. *Күні бойы* менің көңіл күйім болмады.



## Кеңес беру құрылымы

Сіз көз дәрігеріне барыңыз.

Түнге қарай кофе ішпеңіз.

*Себеңтерді түсіндіру*

Арықтау үшін жаттығулар жасаңыз.

Сарымсақ жеңіз, ол ауруға қарсы күреседі

Деніңіздің сау болуы үшін жеміс-жидекті көбірек жеңіз.

Ерте жатсаңыз, ұйқыңыз қанады.

## Денсаулыққа қатысты лексика

*емхана, тіс дәрігері, депрессия, ауру, дәрігер, денсаулық, сақтандыру, жүрек ауруы, жоғары қан қысымы, жарақат, ұйқысыздық, жергілікті дәрігер, медицина, медбике, жеке аурухана, мемлекеттік аурухана, хирург, хирургия, емдеу; тамақ өнімдері мен тамақтану; көміртегі, татымсыз тағам, дұрыс тамақтанбау, жаңғақ, балық, дәрумендер.*

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР

### 1. Жедел өткен шақ тұлғасымен мәтінді толықтырыңыз, берілген сөздерді пайдаланыңыз.

*(сабақ беру, оқыту, келу, пайдалану, жаттығу, бару, сақтау, бастау, болу)*

Біздің медициналық ұйымымыз Бангладешке үш жыл бұрын кел... Мен басынан бастап осында... Біз сексен адамдай ... . Олар адамдарға көмектесу үшін елдің барлық жағында ... . Біз бірқатар дәрігерлер мен менеджерлерді ... . Әрине, біз мұнда жұмысымыздың бәрін ... . Біз көптеген шағын қалалар мен ауылдарда ... . Көптеген адамдардың өмірін сақтап қалғанымызға сенімдіміз. Бұл осыған дейінгі тамаша тәжірибе ... . Бұл мен үшін жақсы сабақ ... .



### 2. Дұрыс тұлғасын таңдаңыз.

- 1) Көптеген Азия елдерінде \_\_\_\_\_ (болу).
- 2) Өткен жылы Қытайға \_\_\_\_\_ (бару).
- 3) Соңғы бес жылда мемлекет жаңа он аурухана \_\_\_\_\_ (салу).
- 4) Сіз АҚШ-та болып көрдіңіз бе?  
АҚШ-та өмірі \_\_\_\_\_ (болмау).
- 5) Мен Астанада жұмыс істегенімде, анам апта сайын хабарласып \_\_\_\_\_ (тұру).
- 6) Дастан кеше сабаққа \_\_\_\_\_ (келмеу).
- 7) Өткен түні эссемді аяқтай \_\_\_\_\_ (алмау).
- 8) Осыған дейін мыңдаған сөздерді пайдалана \_\_\_\_\_ (алу).

**3. Берілген сөйлемдерді жедел өткен шақ тұлғасында жазыңыз. Берілген сөз тіркестерін пайдаланыңыз.**

*Бес күн, төрт жыл, екі, он жыл, 1981, бұрыннан*

- 1) Илияс 2000 жылы дәрігер болды. Қазір 2010 жыл. Ол *он жылдан бері* дәрігер болып жұмыс істеді. Немесе Ол он жыл бойы дәрігер болды.
- 2) Мен жексенбі күні суық тиіп ауырып қалдым. Қазір бейсенбі. Мен \_\_\_\_\_ *ауырып* жатырмын.  
Менің ауырғанымға төрт күн болды. Жексенбіден бастап ауырдым.
- 3) Айнаш өзінің күйеуімен 1981 жылы танысты. Айнаш күйеуін \_\_\_\_\_ біледі.
- 4) Марат екі жыл бұрын үйленді.  
Марктің үйленгеніне \_\_\_\_\_ болды.
- 5) Біз осы үйді 2004 жылы сатып алдық. Қазір 2009 жыл.  
Біздің осы үйді бес жыл бұрын сатып алдық. Осы үйде \_\_\_\_\_ тұрамыз.
- 6) Тісім сағат 8.30- дан бері ауыра бастады.  
\_\_\_\_\_ тісім ауырды.

**4. Мына мәселелерге кеңес беріңіз. Себепін түсіндіру амалдарын пайдаланыңыз.**

Қыстай суық тиіп, жиі ауырдым. Жалығып кеттім.

- 1) Сіз денсаулығыңыздың иммунды жүйесін сақтау үшін С дәруменін ... .
- 2) Сіз терезенің бәрін жаппаңыз, сізге таза ауамен ... .

*Мен оқимын, сондай-ақ, ресторанда да жұмыс істеймін. Мен тым ерте тұрамын. Бірақ түнгі сағат бірге дейін ұйықтамаймын. Үнемі шаршап жүремін.*

- 3) Сіз тым кеш ... . Сізге жақсы ұйқы ... .
- 4) Сіз бастықтарыңызбен ... . Олар сіздің мәселеңізді түсінеді.

*Мен күнде жұмыс үстелімде бірнеше сағат бойы отырамын. Жотам үнемі ауырады.*

- 5) Сіз көп ... , денеңіз көп ... .
- 6) 20 минут сайын жаттығу ... .

**5. Өзіңіз бірнеше адамға кеңес беріп көріңіз.**

**6. Тапсырмада берілген сөздерге сәйкесін табыңыз.**

- 1) операция жасайтын адам
- 2) дұрыс тамақтанбау нәтижесі
- 3) сіздің тісіңізді емдейтін адам
- 4) сізге үнемі көңілсіз болса
- 5) ештеңе істегіңіз келмесе
- 6) еске сақтау қабілетіңіз төмендесе
- 7) емдеу мекемесі
- 8) ең жақсыны есіңізге түсіре алмасаңыз

## 2. Ас – адамның арқауы

### СӨЙЛЕСІМ

Лексика: медициналық лексика (2)

1. Мына сұрақтармен шағын топта әңгімелесіңіздер.

- 1) Өзіңіздің әдеттегі диетаңызды сипаттаңыз. Не жейсіз? Сіз үшін не жақсы / не жаман?
- 2) Мектепте болған кезіңізде қандай тағаммен түстендіңіз? Мектептегі тағам салауатты болды ма?
- 3) Мына сөздерді үш топқа бөліңіз: А – физикалық денсаулығы үшін, В – психикалық денсаулық пен ақыл үшін, С – тағамдар мен тамақтану. Әрбір топқа сөздер қосып көріңіз.

*Көміртегілер, депрессия, жүрек ауруы, жоғары қан қысымы, ұйқысыздық, зиянды тағамдар, мотивацияның болмауы, жаңғақтар, балық, нашар концентрация, еске сақтау төмендігі, дәрумендер*

А	В	С
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____

### ОҚЫЛЫМ



Миыңызға қуат беріңіз

Салауатты тағам жеңіз, деніңіз сау болады. Мұны біз көптен білеміз. Физикалық тұрғыдан да сау болу үшін жеміс жидекті де көп жеу керек.

Сондай-ақ біз ми үшін де нені жеу керектігін білеміз.

Салауатты тамақ жесеңіз, тәніңіз де сау болады. Бұл тосын сый емес, тіпті біз шоколадтың да көңіл-күйімізді көтеретінін білеміз. Жаңа зерттеулер диета мен психикалық денсаулық арасындағы байланысты нақты көрсетеді.



Мысалы, Ұлыбританиядағы мектеп тағамдарын жақсарту туралы бірнеше жылдар бойы бақыланып келеді. Мектеп оқу ісінің меңгерушісі Даниель Браун салауатты емес тағамдарға тыйым салды, осы мәселе бойынша 2006 жылдан бері қызмет етіп келеді. Олардың зерттеуінше, 2006 жылдан бастап, балалардың тәртібі жақсарған. Қазіргі кезде балалар бұрынғыдан байсалды, мақсатты бола бастаған. Нәтижесінде олар көбірек біле бастаған.

Психикалық денсаулық Ұлыбритания қоры өздерінің зерттеулерін жүргізе бастады. Джон Пауэл отыз жылдан бері психолог болып жұмыс істейді. Оның зерттеуінше, біздің диетамыз қатты өзгерген, сонымен бірге жүйке аурулары да көбейген. Мен өзімнің пациенттерімнің депрессия мен ұйқысыздыққа шалдыққаны туралы өтініштерінен олардың қандай тамақ жейтінін білемін.

Жерорта теңізі диетасы туралы айтатын болсақ, (*жемістер, көкөністер, балықтар, зәйтүн майы, қызыл шарап*) 1950 жылдан бастап, ғалымдар осы диетаның ұзақ өмір сүруге де көмектесетінін де анықтады. 2006 жылдан бастап, бұл диетаның Альцгеймер ауруын да тоқтататынын білді, бұл туралы да әлемге ақпарат беріп жатыр.

Сонымен бұл зерттеулердің бәрі нені көрсетеді? Сіз не жейсіз? Еске сақтау қабілетіңізді жақсарту үшін балық жеңіз (лосось). Концентрацияңызды жақсарту үшін көкөністер жеңіз. Ұйқысыздықпен күрескіңіз келсе, жаңғақ жеңіз. Егер депрессия мәселе болып жатса, қоңыр күріш жеңіз. Алдағы өмір туралы көбірек уайымдай бастасаңыз, тағамдарды зәйтүн майымен дайындаңыз. Осының бәрі сіздің физикалық денсаулығыңыз үшін, сіздің психикалық денсаулығыңыз үшін.

(<http://www.foodforthebrain.org/>)

## 2. а) Мына мақаланы оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1) Берілген сөз тіркестеріне сәйкес сөздерді мақаладан теріп (а-г) жазыңыздар.

- а) тамақ түрлері және сусындар
- б) физикалық денсаулық мәселелері
- в) психикалық денсаулық мәселелері
- г) ғылыми зерттеулер

2) Мақала туралы берілген резюмені берілген сөздермен толықтырыңыз немесе өзіңіз мақала туралы резюме жазыңыз.

денсаулық, аурулар, менталдық, ғылым, зерттеулер





Жақын арадағы ғылыми ... (жер орта теңізі диетасы .... ауруларға (мысалы концентрация деңгейі және Альцгеймер ауруы) және күрделі жүйке .... жақсы әсері бар екендігі туралы жазады.

**б) Мәтінді қайта оқыңыз, келесі сұрақтарға жауап беріңіз.**

- 1) Салауатты тамақтану – салауатты денсаулық, салауатты тамақтану – салауатты рух – қайсысын бұрын білдік?
- 2) Тағам мен ақыл-ой арасындағы байланыс нені көрсетеді?
- 3) Мектептегі салауатты тамақтану туралы қызмет қашан басталды?
- 4) Оқушыларға жаңа диета қандай тиімділік берді?
- 5) Қалай ойлайсыз, біздің диетамызда қатты өзгеріс болды ма?
- 6) Осы өзгерістердің нәтижесі не болды?
- 7) Қандай ауруларға жерорта теңізі диетасы әсер етеді?
- 8) Соңғы абзацта ұсынылған тағамдарды жейсіз бе?

**с) Қай сөздің анықтамасы мәтіндегімен сәйкес емес? Оларды түзете аласыз ба? Сөздікті пайдаланыңыз.**

- 1) көңіл күй: (6 жол) сезім мен эмоция
- 2) байланыс: (7 жол) екі нәрсенің арасындағы байланыс құралы
- 3) тыйым салу: (10) мұны істеуге рұқсат етілген
- 4) жарнама: (15 жол) өзгеше бір нәрсе туралы адамдарға газетте, теледидарда әңгімелеу
- 5) психолог және дәрігер: (25 жол) жүйке ауруларын емдеу маманы
- 6) алдын алу: (25 жол) болатын нәрсені тоқтатады
- 7) егде адамдар: (28 жол) жас адамдар

**ГРАММАТИКА:** шақтар (жедел өткен шақ, осы шақ, бойы, бері сөздерінің қолданысы)

**3. а) Мәтіннен берілген мына сөйлемдерді оқыңыз, төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз.**

Джон Пауел отыз жыл бойы дәрігер болды.

1950 жылдан бері ғалымдар осы диетаның өмірді ұзартуға көмектесетінін білді.

- 1) Джон Пауел қашаннан бері психолог?
- 2) Ол қазір де психолог па?
- 3) Жерорта теңізі диетасы мен физикалық денсаулық арасындағы байланысты ғалымдар қашан анықтады?
- 4) Олар осы байланысты білді ме?

**б) Жедел өткен шақты жағдаяттың өткен уақытта басталып, әлі жалғасып жатқанын**

білдіру үшін де қолданамыз. Мәтіннен осы грамматикаға көптеген мысал табыңыз.

с) Мезгілді білдіру үшін біз *бойы, бері* көмекші сөздерін жедел өткен шақта да қолданамыз. За жаттығудағы сөйлемдерге қараңыз. Мезгілді білдіру үшін қай кезде *бері* көмекші сөзді, қай кезде *бойы* көмекші сөзді қолданамыз.

2005 он жыл кеше осы жылы бір сағат екі сағат үш жыл бұрын ұзақ уақыт

**Анықтағышты және қосымша практиканы қайталаңыз.**

**4. Мына сөйлемдерді берілген етістіктерді пайдалана отырып, жедел өткен шақта, осы шақта жазыңыз.**

білу

ауыру

жұмыс істеу

білмеу

- 1) Мақсат апта (бойы, бері) \_\_\_\_\_. Оның дәрігерге баруы керек.
- 2) Біз темекі шегу мен рақтың арасындағы байланысты 1950 жылдан (бой, бері) \_\_\_\_\_.
- 3) Мен дүйсенбіден (бойы, бері) \_\_\_\_\_.
- 4) Ол екі жыл (бері, бойы) медбике \_\_\_\_\_. Ол өз жұмысын жақсы көреді.
- 5) Осы дәрігерлер көп жылдан (бері, бойы) біздің қаламызда \_\_\_\_\_.
- 6) Осы диетаның артықшылығын көптен (бойы, бері) \_\_\_\_\_?

## СӨЙЛЕСІМ

**5. Әріптесіңізден интервью алыңыз. Төменде берілген сұрақтарды қараңыз, курсивпен берілген нұсқаның біреуін таңдаңыз. Осыларға ұқсас сұрақтар жазыңыз.**

- 1) Сіздің компьютеріңіз немесе бейне камераңыз бар ма?
- 2) Сіздің қалта телефоныңыз немесе сағатыңыз бар ма?
- 3) Сіз спорт клубына немесе денсаулық клубына мүшесіз бе?
- 4) Сіздің жұмысыңыз немесе хоббиіңіз бар ма?
- 5) Сіздің үй жануарларыңыз немесе автомобиліңіз бар ма?
- 6) Сіз британдық, американдық, австралиялық халықты білесіз бе?
- 7) Сіздің .... бар ма?
- 8) Сізде ше?
- 9) Сіз ..... білесіз бе?

## ЖАЗЫЛЫМ

**6. а) Жеке қағазға өзіңіздің әріптесіңіз туралы резюме жазыңыз. Оның атын жазбаңыз.**

**б) Басқа резюмелерді оқыңыз. Қай студент туралы жазылғанын таба аласыз ба, тауып көріңіз.**



## 3. Жағдаяттар

1. Көптеген компаниялардың денсаулық бойынша кәсіби мамандары бар. Олар денсаулық мәселесі бойынша қызметкерлерге көмектеседі. Компания дәрігерінің жаңа қызметкермен интервьюін тыңдаңыз. Төмендегі сауалнама сұрақтарына жауап беріңіз. Ләззаттың денсаулығы жақсы ма?

### Маржан мен Ләззат

**М:** Ләззат менің сізге бірнеше сұрақтарым бар. Соңғы кезде дәрігерде болдыңыз ба?

**Л:** Жоқ болмадым.

**М:** Жақсы. Соңғы екі жыл бойы ауырмадыңыз ба, ауру парағыңыз жоқ па?

**Л:** Мм, иә, менің, бесеу ғой деймін, ауру парағын тапсырғаным бар.

**М:** Неге ауырғаныңызды айта аласыз ба?

**Л:** О - о, шынымды айтсам, қатты ауырмадым, жай ғана суық тиді, тұмау дегендей...

**М:** Әрине, бұл қазіргі кезде жақсы, мен осыған байланысты соңына қарай бірнеше кеңес беремін. Жақсы ма? Бел омыртқаңызбен мәселелер бар ма?

**Л:** Иә, бар. Бұл соншалықты күрделі емес.

**М:** Жақсы. Бұл сіздің пікіріңіз. Осы мәселе сізде көптен бері бар ма?

**Л:** Мм ... үш жылдай болды. Автомобиль апатына ұшырағанмын. Содан бері менің белім аздап ауырады.

**М:** Көріп тұрмын. Осында, жұмыста беліңіз қаттырақ ауыра бастаса, маған хабарласыңыз. Мойныңыз ауырмай ма?

**Л:** Жоқ, тек белім ауырады.

**М:** Жақсы. Көзіңіз жақсы көре ме?

**Л:** Жоқ. Шындығында мен линзамен жүремін. Ешқандай проблема жоқ.

**М:** Жақсы. Соңғы рет көз дәрігерінде қашан болдыңыз?

**Л:** Алты ай бұрын.

**М:** Жақсы. Соңғы бірнеше сұрағым бар. Басыңыз жиі ауырмай ма?

**Л:** Жоқ, басым ауырмайды.

**М:** Сіз тұмаумен жиі ауырасыз ба? Жиі суықтап қаласыз ба?

**Л:** Жоқ, жиі емес, мүмкін жылына бір-екі рет.

**М:** Бұл дегеніңіз, жұмыстан кейде сұранып кетесіз ғой. Солай ма?

**Л:** Мм, иә, бірақ өте сирек.

**М:** Жағдайды жақсарта аламыз. Осындай болмашы аурулармен ауырмас үшін мен сізге бірнеше кеңес бере аламын.

**Л:** Жақсы, жақсы. Тағы сұрақтарыңыз бар ма?

**М:** Иә, соңғы. Жұмыста кейде шаршайсыз ба, стресс бола ма?

**Л:** Иә, иә. Соңғы жұмысымда көп шаршайтынмын. Сондықтан жұмысымды ауыстырдым. Бұл мәселе осы жұмысымда болмайды деп ойлаймын.

## Жаңа қызметкердің денсаулығы туралы сауалнама

### Ләззат Жақсылықова:

- 1) \_\_\_\_\_ ең соңғы рет қашан болдыңыз?
- 2) Соңғы екі жылда \_\_\_\_\_ күндеріңіз болды ма?
- 3) \_\_\_\_\_ мәселелер жоқ па?
- 4) Иығыңыз, \_\_\_\_\_ ауырмай ма?
- 5) Көзіңіз \_\_\_\_\_ көре ме?
- 6) \_\_\_\_\_ жиі барасыз ба?
- 7) Сіз тұмаумен жиі ауырасыз ба, жиі \_\_\_\_\_ тие ме?
- 8) Жұмыста кейде стресс алып қаласыз ба?

**2. Тыңдалым мәтінін қайта тыңдап, Ләззаттың жауаптарын белгілеңіз. Жауабында қандай сұрақтарға қосымша ақпараттар берген жоқ.**

**3. а) Маржанның қызметкерлерге денсаулық туралы кеңес беретін уақыты бар. Дәуренге берген консультациясын тыңдаңыздар. Оның міндеті не?**

### Маржан, Дәурен

**М:** Сонымен Дәурен, не болды? Жағдайыңыз қалай?

**Д:** Жұмыс соңына қарай, шындығында, иығым аурады.

**М:** Жақсы, жақсы, қолыңызды жан-жаққа созып, жаттығу жасаңыз.

**Д:** Қалай дейсіз?

**М:** Мойынға салмақ түсірмес үшін, жарты сағат сайын қолыңызбен жаттығу жасауыңыз керек.

**Д:** Жарты сағат сайын жаттығулар жасай алмайтын шығармын деп ойлап тұрмын.

**М:** Жасаңыз, жаттығу жасауға дағдыланыңыз. Мына жазбалардан сіздің жиі ауырғаныңызды көріп тұрмын.

**Д:** Жиі емес, бірақ суық тиіп, көп ауырдым.

**М:** Мен сізге жалпы күнделікті өміріңізге қатысты сұрақ қояйын. Жақсы тамақтанасыз ба? Темекі шегесіз бе?

**Д:** Мм ... мен темекі шекпеймін, жақсы тамақтанамын деп ойлаймын.

**М:** Темекі шекпейтініңіз жақсы. Жеміс-жидектер мен көкөніс көп жейсіз бе?

**Д:** Көп жемеймін, әсіресе, жеміс жидекті.

**М:** Иә, жақсы. Сіздің жеміс-жидек жемегеніңіз жақсы емес. Сізге кейбір дәрумендерді қабылдау керек. Білесіз бе, дәрумендер суық тигенге қарсы күреседі. Солай емес пе?

**Д:** Әрине, әрине.

**М:** Егер білсеңіз, қазірден бастап, неге қабылдамайсыз?

**Д:** Білесіз бе, мен мүлдем бос емеспін.

**М:** Себептер айтпаңыз, Дәурен. Сіз сарымсақты да жиі жеуіңіз керек, суыққа қарсы жақсы күреседі. Шикі сарымсақ жеңіз.

**Д:** Шынымен бе? Мен сарымсақты онша жақсы көрмеймін. Жарайды, жақсы, көрейін. Мүмкін...

**М:** Компания суық тиіп ауырғанды қаламайды. Жалпы денсаулық жағдайын түзету үшін бірнеше жаттығулар жасауыңыз керек.

**Д:** Мен айналысамын, аптасына бір рет бассейнге барамын.

**М:** Бұл жақсы, бірақ сіз аптасына үш рет барғаныңыз жөн. Бұл деген сіздің денсаулығыңызға жақсы көмектеседі.

**Д:** Жақсы екенін білемін. Шындығында, уақытым аз. Жұмыста ұзақ уақыт отырамын.

**М:** Білемін. Бірақ денсаулық бәрінен де қымбат емес пе?

**Д:** Иә, иә, мен уақыт табайын, дұрыс айтасыз, денсаулық қымбат.

**М:** Жеміс-жидектер жеуді ұмытпаңыз, сарымсақты да ұмытпаңыз.

**б) Маржан Дәуренге қандай кеңес берді? Әрбір бос орынды бір сөзбен толықтырыңыз. Тыңдалымды қайта тыңдап, белгілеңіз.**

- 1) Сіз \_\_\_\_\_ жаттығу жасауыңыз керек.
- 2) Сіздің кейбір \_\_\_\_\_ қабылдауыңыз керек
- 3) Сондай-ақ, сіз \_\_\_\_\_ жеуіңіз керек.
- 4) Сіз кейбір \_\_\_\_\_ жасауыңыз керек.
- 5) Сіз аптасына \_\_\_\_\_ рет жүзуге баруыңыз керек.

**с) Дәуренге тағы қосымша қандай кеңес берер едіңіз?**

Кілт сөздер: кеңес беру және себептерін айту

**4. а) Кейде Маржан өзінің кеңестерінің себептерін айтады. Тыңдаңыз да сөйлемдерді берілген сөздермен толықтырыңыз.**

1) Иығыңызға, мойныңызға салмақ түспес үшін қолыңызды созып, жаттығулар жасауыңыз керек.

2) Себебі сіз көп жеміс-жидек жемейсіз, сіздің кейбір дәрумендерді қабылдауыңыз керек.

3) Сіздің сарымсақты жеуіңіз керек, ол суыққа қарсы өте жақсы күреседі.

4) Денсаулығыңыздың жалпы жақсы болуы үшін жаттығулар жасауыңыз керек.

5) Аптасына үш рет суда жүзсеңіз, шындығында денсаулығыңызға жақсы көмектеседі.

**б) Мына кеңестерді себептерімен (1-6) берілген кеңестерді (а-е) сәйкестендіріңіз.**

1) Сіз өзіңізге ыңғайлы орындыққа ауыстырғаныңыз дұрыс,  себебі /  сондықтан

2) Сіздің көз дәрігеріне баруыңыз керек  себебі /  сол себепті

3) Түнге қарай кофе ішпеуіңіз керек,  себебі /  сондықтан /  өйткені

4) Сіз түске қарай демалыс жасағаныңыз дұрыс,  себебі /  сондықтан

5) Жұмысыңызда тым кешке дейін отыра бермеңіз,  сондықтан /  себебі /  сол себепті

6) Ауыр жүк көтергенде, тізеңізді аздап бүгiңіз,  себебі /  сол себепті /  сондықтан.

а) демалу керек.

б) өзіңіздің көру деңгейіңізді тексеру керек.

в) беліңізге, арқаңызға жақсы болады.

г) стресіңіз азаяды.

д) ұйықтай алмайсыз.

е) салмақ белге түспейді.

## 4. Денсаулық және жұмыс

**1. Әріптесіңізбен жұмыс. Денсаулыққа байланысты мына проблемаларға қандай кеңес берер едіңіз? Кеңесіңіздің себептерін айтыңыз.**

- 1) Басым үнемі ауырады.
- 2) Белім жиі ауырады.
- 3) Тұмаумен ауырып қалдым.
- 4) Үнемі шаршап жүремін, түнде ұйықтай алмаймын.
- 5) Жұмыста стресс көп, жүйесіз жұмыс істеп жүрмін, адамдармен ұрсып қала беремін.
- 6) Таңертең шылым шексем, жақсы болып қаламын. Ал оған дейін көп жөтелемін.

**Тапсырма: денсаулыққа байланысты кеңес беру**


**2. а) Топта төрт студент болып, жұмыс істейсіздер (А және В, С және D).**

Студенттер А және В: Сіздер денсаулық саласының кәсіби мамансыздар. Екі қызметкерге кеңес берулеріңіз керек. Пайдалы, қажет фразаларды пайдаланыңыз. Сіздер әр қызметкерден интервью аласыздар.

Студенттер С және Д: Сіздер DEP Және Рахат компаниясының қызметкерісіздер. Дәрігерлерге өз проблемаларыңызды айтыңыздар. Екі дәрігерге кезек-кезек кіріңіздер.

**б) Қызметкер: Қай дәрігер жақсы кеңес берді? Дәрігер: Қай қызметкердің проблемасы жаман?**

**3. Рөлдермен алмасыңыздар, студенттер дәрігер болады, дәрігерлер студент болады.**



**Студент С**

**Мамандығы: бухгалтер**

Денсаулыққа байланысты мәселесі: қолым, саусақтарым ауырады; басым жиі ауырады; құлағым шуылдап тұрады.

**Жұмыс бағдарламасы:**

Күніне он сағаттап жұмыс істеймін; өз үстелімде түскі тамақ ішемін; компьютерде көп отырамын; бухгалтерлік кітаптарды көп оқимын; жақсы офистік креслом мен үстелім бар.

**Басты өмір сүру салты:**

Жақсы тамақтаныңыз. Жеміс жидектер мен көкөністі көбірек жеңіз. Спортзалға күнде барыңыз. Музыканы тыңдап, рахаттаныңыз (қатты қойылған музыка: поезда, автобуста, тренажер залында)



## Студент Д

### **Жұмысы: менеджер**

Денсаулыққа байланысты мәселесі: белім, бел омыртқам жиі ауырады. Жұмыс соңында қатты шаршаймын. Асқазаным жиі ауырады.

### **Жұмыс бағдарламасы:**

Персоналдарды басқарамын. Үстелдер мен ас үйді тазалауға көмектесемін. Азық-түлікті көтеруге, тасуға көмектесемін. Күні бойы осындамын. Отыруға уақытым жоқ. Тамақты тұрып жүріп жеймін.

### **Басты өмір сүру салты:**

Спортқа немесе физикалық жаттығуларға уақыты жоқ. Телевизор көремін, микротолқынды пештен тамақ іше беремін.

## 5. Оқу және жазылым дағдысы

### **ОҚУ БІЛІКТІЛІГІ: таныс емес сөздердің мағынасын табу**

#### **1. Әріптесіңізбен бірге мына сұрақтарды талқылаңыз.**

- 1) Таныс емес сөзді оқығаныңызда не істейсіз? Сөздіктен іздейсіз бе? Сөздің мағынасын табасыз ба?
- 2) Білмейтін сөзіңіздің мағынасын табу үшін не істейсіз?

#### **2. Қысқа әңгімені оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.**

- 1) Ол дәрігерге қандай проблемамен барды?
- 2) Дәрігер не айтты?
- 3) Осыдан кейін не болады деп ойлайсыз?

Таңертең мазам болмады. Құлағым ауырды, ішім де ауырды. Жергілікті дәрігерге бардым. Күту залы толы екен. Бір әйел үнемі жөтеліп отырды. Жас жігіттің аяғы гипс дәкесімен оралған, мүгедектер арбасында отыр. Егде кісілер көп. Олар тұмауға қарсы екпені күтіп отырса керек. Мен дәрігерді ұзақ күттім. Ақыры, дәрігер шақырды-ау. Бөлмесіне кіргенімде, ол компьютердің алдында отырды. Ол маған бұрылып, амандасты. Қандай проблемаңыз бар деп сұрады. Мен жағдайымды түсіндірдім. Ол менің құлағымды қарады. Стетоскобымен кеудемді тыңдады. Пульсімді тексеріп, қан қысымымды өлшеді. – Соңғы кезде салмақ жоғалттыңыз ба, – деп сұрады. Жоқ деп ойлаймын, үйдегі таразы бұзылып қалған. Мен сізге антибиотик жазып беремін, – деді. Асқазаныңыз, меніңше, дұрыс жағдайда сияқты.

Анализге қан тапсырайын ба? – деп сұрадым. – Жоқ, – деп жауап берді дәрігер. Маған антибиотиктердің рецептісін берді, мен қоштасып шығып кеттім. Кешке қарай досыма хабарласып, дәрігерге барғанымды айттым.



**3. Мәтінді қайта оқып, өзіңіз білмейтін сөзді белгілеңіз. Осы сөздің мағынасын әріптесіңізден де сұраңыз.**

Сөзді түсінбесеңіз, түсінуге көмектесетін стратегияларды оқыңыз.

Сөзді түсіну үшін контекст пайдаланыңыз.

Сөйлемнің қалған бөлігі сізге көмектесе ала ма?

а) осы сөздің мағынасын түсінуге;

б) сөз қай сөз табына жатады – мысалы, бұл сөз зат есім бе, етістік пе, сын есім бе?

**4. Мына сөздерді екіге бөліңіз. Содан кейін дұрыс мағынасын таңдаңыз.**

1) күнбағыс

а) күн

б) күнге қарап өседі, күнді жақсы көреді

2) тікұшақ:

а) тік – геометрияда вертикаль ұғымы; жерден тік көтеріледі;

б) ұшу; аспанда, әуеде ұшады

### **Өзіңіздің ана тіліңізді пайдаланыңыз**

Қазақ тіліндегі кейбір сөздер сіздің тіліңізде кездесе ме? Немесе ұқсас сөздер бар ма? Мысалы неміс тіліндегі тюрем деген сөз қазақ тілінде түрме дегенді білдіреді, яғни кірме сөздердің түп төркіні ағылшын неміс, араб сөздері болуы мүмкін.

#### **Сақ болыңыз.**

Кейде ана тіліңіздегі сөз басқа тілдегі сөздермен ұқсас болуы мүмкін. Бірақ олардың білдіретін мағынасы басқа. Екі тілде бірдей, бірақ білдіретін мағынасы басқа болса, мұндай сөздерді «жалған достар» деп атайды.

**5. Екінші тапсырмада берілген әңгімені қайта қараңыз. Өзіңіз астын сызған сөздің мағынасын талдап көріңіз.**

**6. Қай стратегияны ең жақсы деп ойлайсыз?**

### **ЖАЗЫЛЫМ БІЛІКТІЛІГІ: Электронды поштаға рахмет**

**7. Әріптесіңізбен мына сұрақтарды талқылаңыз.**


1) Достарыңызға электронды поштамен (email) хат жолдайсыз ба? Жиі жазасыз ба?

2) Не туралы жазасыз? Әдетте, қанша жазасыз?



**8. Төменде берілген email-ді оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз. Қиын, жаңа сөздерді түсіну үшін оқу біліктілігінде берілген идеяларды қолданыңыз.**

- 1) Ұлдана мен Алмастың арасында қандай қарым-қатынас бар?
- 2) Өткен аптада не болды?
- 3) Электронды поштада оқыған хат пен 2-тапсырмада берілген оқиға арасында қандай байланыс бар?



**9. Әрбір бөліктен ресми емес хаттарда қолданбайтын сөздерді табыңыз.**

**Сәлемдесу**

*Сәлем! Сәлемат па? Құрметті Кәмилә! Құрметті мырзылыр!*

**Сөйлемдер, фразалар**

*Халың қалай? Жағдайың қалай? Бәрі жақсы деп үміттенемін. Бәрі жақсы шығар деп ойлаймын. 15 наурыздағы хабарламаңызға рахмет. Бәрі ойдағыдай деп үміттенемін. Бәрі жақсы деп үміттенемін.*

**Аяқталуы**

*Өзіңе қара! Денсаулығыңа қарағайсың; Құрметпен; Көріскенше; Келесі кездескенше; Ізгі ниетпен.*









## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2007.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Павлодар, 2010.
3. Бондарко А.В. Теория функциональной грамматики: Локативность. Бытийность. Посессивность. Обусловленность. – СПб., 1996.
4. Бондарко А.В. Полевые структуры в системе функциональной грамматики. // Проблемы функциональной грамматики. – Санкт-Петербург: Наука, 2005.
5. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы / Құрастырушылар: З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева, – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.
6. ҚР СТ 1929-2015 Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзіреттіліктері. Базалық деңгей. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.
7. Қазақ тілін оқытуға арналған типтік бағдарлама. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012.
8. Күзекова З.С. Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы. – Астана, 2015.



**З. Күзекова, Г. Масақова**

## **Қазақ тілі**

Орта деңгей (B1): Оқу құралы.

**Редакторы:** Д. Жарылғасын

**Техникалық редакторы:** С. Тлемисов

**Көркемдеуші дизайнер:** С. Тлемисов

ISBN 978-601-7820-31-2



9

7 8 6 0 1 7 8 2 0 3 1 2

Басуға 16.08.2018 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x84<sub>1/8</sub>. Офсеттік басылым. Шартты б.т. 14

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 00959

«Сенім» Жамбыл баспа орталығы ЖШС-нде басылды.

080012, Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 22